



МӘДЕНИ МҰРА
ғылыми журнал

КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ
научный журнал

CULTURAL HERITAGE
science journal

ISSN: 2708-3365

№ 1 (92)

Нұр-Сұлтан
2021



Редакциялық алқа:

А. Мұхамедиұлы,	өнертану докторы, профессор (алқа төрағасы)
Асанканов А.А.,	тарих ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі (Қырғызстан).
Әбдуақап Қара,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Түркия).
Бороффка Н.,	археология докторы, профессор (Германия).
Бейсенов А.З.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан).
Ибадуллаева З.Ө.,	тарих ғылымдарының кандидаты, доцент (Қазақстан).
Ибраева А.Г.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ұлттық Жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі (Қазақстан).
Касеналин А.Е.,	PhD докторы (Қазақстан).
Купаева А.Қ.,	PhD докторы (Қазақстан).
Қартаева Т.Е.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан).
Малдыбаева Р.К.,	өнертану кандидаты (Қазақстан).
Мұқтар Ә.Қ.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан).
Нұразхан А.Ш.,	педагогика ғылымдарының кандидаты, ҚР Көркемөнер академиясының академигі (Қазақстан).
Оңғар А.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан).
Самашев З.С.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан).
Төлеубаев Ә.Т.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан).
Смағұлов О.С.,	ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы (Қазақстан).
Таймағамбетов Ж.Қ.,	ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан).
Үмітқалиев Ұ.Ұ.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан).
Шамильоглу Ю.,	Висконсин университетінің профессоры (АҚШ).



МӘДЕНИ МҰРА

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

Археология

Жауымбаев С.У. Қарқаралы өңірін археологиялық тұрғыдан зерттеу	4
Утубаев Ж.Р., Сүйіндікова М.Қ. Бәбіш мола көзешілер елді мекенінің керамикадағы таңба тәрізді белгілері	10
М. Хабдулина, М. Педрацки, Г. Букешева. Қола дәуірі мәдениеттерінің Қазақстанның археологиялық ескерткіштері негізіндегі байланыстары	21
Әбілмәліков Қ.Қ., Зайберт В.Ф. 2020 жылы Ботай елді мекенінде жүргізілген археологиялық зерттеулер	33

Этнография

С. Дж. Ардаев. Звездные ориентиры туркменских караванов	38
Артықбаев Ж.О. Қаңға баба – көне өркениет орталығы	44
Нұрдаулетова Б.И. Маңғыстау және маңғыттар ..	56
Тойшанұлы А. Нар идірген нақыстар	63
Мухамедина Э. Тайжан Қалмағамбетовтің өмірі мен шығармашылығы	75
Төлегенұлы Қ. Абақ Керей Сарбас руы туралы	85
Жәкішева З.С. Түркі халықтарының этномәдениетіндегі дәстүрлі музыкалық аспаптар	97

Антропология

О. Исмагулов, А. Исмагулова. В поддержку Президента независимого Казахстана	110
---	-----

Филология

Аймұхамбет Ж.Ә. Мифтік танымдағы анимизм және көркем әдебиеттегі кейіптеу	124
Сарекенова Қ.Қ. Абай Құнанбайұлы шығармаларындағы ғылым салалары	136

Алтаев Б.Е. Ставший легендой при жизни	146
--	-----

Современное искусство

Нугер Д. Методологии экспедиционных и не экспедиционных художников степи XVIII в.	157
--	-----

CONTENTS

Archeology

Zhauymbaev S.U. Archaeological research of the Karkarala region	4
Utubayev Zh.R., Suyundukova M.K. Tamga-like signs in ceramics in the Babish mola 7 settlement	10
M. Khabdulina, M. Pedracki, G. Bukesheva. Interaction of cultures of the era of bronze based on archaeological monuments of Kazakhstan	21

K. K. Abilmalikov, V. F. Zaibert. Archaeological research on Botai settlement in 2020	33
---	----

Ethnography

S.J. Ardaev. Star landmarks of turkmen caravans	38
Artykbayev Zh.O. Kanga baba – center of ancient civilisation	44
Nurdauletova B.I. Mangystau and mangits	56

Toishanuky A. Ritual songs for taming female pets to their young	63
Mukhamedina E. The life and work of Tijan Kalmagambetov	75
K.Tolegenuly. Sarbas tribe in Abak Keray	85

Zhakisheva Z.S. Traditional musical instruments in the ethnoculture of turkic people	97
--	----

Anthropology

O. Ismagulov, A. Ismagulova. In support of the President of independent Kazakhstan	110
--	-----

Philology

Aimukhambet Zh.A. Animism in the mythical mind and the artistic imagination	124
Sarekenova K.K. Branches of science in the works of Abay Kunanbayuly	136

Altaev B.E. The core was full of flames	146
---	-----

Modern Art

Nuger D. To the problem of researching the methodologies of expeditionary and non-expeditionary Steppe artists of the 18th century	157
--	-----

Жауымбаев С.У.

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
Қарағанды қ., Қазақстан
e-mail: nurapai@mail.ru

ҚАРҚАРАЛЫ ӨңІРІН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ТҰРҒЫДАН ЗЕРТТЕУ

Мақала Қарқаралы өңіріндегі тас дәуірінен бастап, ерте темір дәуірі кезеңдеріне жататын археологиялық ескерткіштердің зерттелу тарихына арналған. Көне дәуірлерден бастап, тарихи-мәдени үдерістер үздіксіз жүріп отырғандығын аймақтағы жүргізілген археологиялық зерттеу нәтижелері көрсетеді. Шығыс Сарыарқа аумағын жүйелі түрде зерттеу жұмыстары өткен ғасырдың орта кезеңінен бастап қолға алынған. Ол зерттеулерде Ө.Х. Марғұлан бастаған далалық зерттеу жұмыстарының алар орны ерекше.

Мақалаға 70 жылдан астам уақыт бұрын басталған Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының нәтижелерінен бастап, бүгінге дейінгі далалық зерттеу жұмыстарының нәтижелері енгізілген.

Түйін сөздер: Орталық Қазақстан, Қарқаралы, археологиялық зерттеулер, көне дәуір, палеолит, неолит, қола дәуірі.

Орталық Қазақстан, оның ішінде Қарқаралы өңірі табиғи байлығымен ғана емес, тарихи-мәдени ескерткіштерімен де бай өлке. Бұл өңірді адам баласы палеолит дәуірінен бастап мекендесе, қола, ежелгі темір дәуірлерде халықтың тығыз орналасқан орталықтарының бірі болды, оған дәлел – бізге дейін бұзылмай келіп жеткен жүздеген ескерткіштері.

Табиғатынан түсті және қара металлдарға бай өлке, қола дәуірінен бастап мыс, қалайы металлдарын балқытқан орталықтардың бірі болса, ежелгі темір дәуірінде қоланы балқыту, құю, әшекей бұйымдар жасау индустриясын әрі қарай жетілдірумен қатар, темірді балқыту, одан қару-жарақтар, еңбек құралдарын жасау жолын толық игеріп, металлдың қымбат түрлері – алтыннан, күмістен аң стиліндегі әшекей бұйымдарды игерудің шыңына жетті.

Қарқаралы өңірінде тас дәуірінің ескерткіштерін зерттеу, Орталық Қазақстанның басқа аудандарына қарағанда кештеу басталды.

Егер 1960 жылдан бастап Сарысу бойында палеолит, мезолит, неолит дәуірлерінің ескерткіштерін А.Г. Медоев, М.Н. Клапчук аша бастаса, кейіннен Нұра, Атасу өзендері бойынан, Балқаш көлінің оңтүстігінен Ж.Қ. Таймағамбетов, В.С. Волощин, Б.Ж. Аубекеров, т.б. көптеген тас дәуірінің тұрақтарын зерттеді, оларға: Батпак, Қарабас, Ангресор, Жошанайбай, Ақайдар, Обалысай, Мүзбел, Оғызтау, Мыранық, Ақмая, Шыңғыс, Семізбұғы жатады (Таймағамбетов, 1989).

Жоспарлы түрде Қарқаралы ауданындағы тас дәуірінің ескерткіштері 1980 жылдан бастап Қарағанды мемлекеттік университеті ғалымдарының басшылығымен зерттеле бастады, оның ішінде тас дәуірінің маманы А.Ю. Чиндин мезолит және энеолит дәуірлерінің ескерткіштері Домалақ тас, Әкімбек, Нарбас, Крещеновка, Гренада тұрақтарына қазба жұмысын жүргізді.

Неолит дәуірінің Жарлы тұрағы, Нұркен ауылынан солтүстікке қарай 6 км. Жарлы өзенінің

бойында жатыр. Бұл тұрақтан көптеген шақпақ тастардан жасалған еңбек құралдары, ішінде садақтың жебелері және қырғыштар шықты. Иманқұм тұрағы да осы Жарлы өзенінің бойында, бұл жерден 20-дан астам шақпақ тас құралдар табылды, оның ішінде диск тәріздес нуклеус, тас балта, қырғыштар, т.б. еңбек құралдары бар. Ақбай-Қызылбай тұрағы Аштас аулының солтүстік-шығысында жатыр, бұл тұрақтан 10 дана шақпақ тастан жасалған еңбек құралы табылды. Қасым Аманжолов аулының солтүстік-шығыс бөлігіндегі Ақжайлау (Қасым) тұрағы зерттелді, бұл тұрақтан да 10 данадан астам шақпақ тас еңбек құралдары шықты. Кент тұрағы Кент аулынан шығысқа қарай 1 км. жерде, Қызылкеніш өзенінің жағасында қола дәуірінің Әкімбек қонысымен арасында жатыр. Зерттеу нәтижесінде шақпақ тастан жасалған 7 дана еңбек құралдары табылды. Жалпы Қарқаралы өңірінің шақпақ тастан жасалған еңбек құралдары палеолит дәуірінің мустье кезеңінен бастау алып, неолит, энеолит дәуірлерінің ескерткіштерімен аяқталады.

Қарқаралының қола дәуірі ескерткіштері XX ғасырдың бірінші жартысынан бастап зерттеле бастады. Алғашқы қазба жұмысын Қарағанды облыстық өлкетану мұражайының басшысы Л.Ф. Семенов бастаған болатын, ол Кент аулының маңындағы қола дәуірінің Еңбексүйгіш зиратынан алты қорғанды қазды.

Осы қорғандардан табылған заттарды және Қарқаралы маңындағы ежелгі ескерткіштерден шыққан қоладан, тастан, сүйектен жасалған еңбек құралдарын жинақтаған Қарқаралы өлкетану музейінің қызметкері В.Е. Ясенецкая болатын.

XX ғасырдың 50-70 жылдары Қазақ ССР ғылым академиясының Ә. Марғұлан бастаған Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы қола дәуірінің Қарқаралы қаласы маңындағы Қарқаралы, Суықбұлақ қоныстарын қазып, б.ғ. дейінгі XII – X ғасырларға жататындығын анықтады (Марғұлан, 1979: 215-225).

Қарқаралы маңындағы қола дәуірінің Қарқаралы қонысын Ә. Марғұлан 1955 жылы көріп, жобасын қағаз бетіне түсірген болатын, ал қазба жұмысы 1962 жылы басталып, үш үйдің орны зерттелді. Суықбұлақ қонысы да 1962 жылы қазылды. Қоныс Қарқаралы қаласынан 2-2,5 км. жерде Суықбұлақ өзенінің бойында жатыр. Суықбұлақ қонысының үйлері өзеннің бойына ұзыннан орналасып, бір шеті тау беткейіне дейін созылып жатыр. Орман шаруашылығы тоғайдың шетін өрттен сақтау үшін жыртытындығынан қоныстың мәдени

қабаттары бүлінген, тек бүлінбеген екі үйдің орны ғана зерттелді. Үйлердің арасынан металл балқытқан пештің қалдығы табылды, көлемі 1,30 x 1,25 м., тереңдігі 18-20 см. Пештің қабырғалары тастан қаланған, іші ағаш көмірдің күліне толы. Пештің жан-жағында, қоныстың мәдени қабаттарында темір рудасының, оның балқыған шлактарының қалдықтары, тастан жасалған еңбек құралдары жиі кездеседі. Қоныстан шыққан қыш ыдыстарының өрнектеріне, үйлердің конструкциясына қарап Ә. Марғұлан Суықбұлақ қонысын қола дәуірінің Беғазы – Дәндібай кезеңіне жатқызады.

XX ғасырдың 80-жылдарынан бастап Е. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің В.В. Евдокимов бастаған ғалымдары қазба жұмысын жүргізді (Евдокимов, 2000). Солардың ішінде қола дәуірінің алғашқы кезеңіне жататын ескерткіштің бірі – Нұртай зираты, ол Қарқаралы ауданының Талды теміржол станциясынан солтүстік батысқа қарай 5 км. қашықтықта жатыр. Талды өзенінің сол жағындағы тегістікте 22 қорғанның қалдығы табылып, соның 16-сы қазылды.

Қорғандардың диаметрі 10-16 м, биіктігі 0,3-0,7 м., жан-жағын үлкен қалақ тастармен қоршаған. Адамдарды бүктетіліп тас жәшіктердің ішіне жерлеген, бас жағынан 1-3 қыш ыдыстар кездеседі, одан басқа қола пышақтар, садақтың ұштары, біз, қоладан жасалған әшекей бұйымдардан білезіктер, алқалар, моншақтар, сүйектен жасалған заттардан ұршықтың бастары, тістен жасалған моншақтар, асықтар кездеседі.

Екінші сол кезеңнің ескерткішіне Сайтан зираты жатады, ол Қарқаралы ауданындағы Қасым Аманжолов ауылынан солтүстік батысқа қарай 5 км. қашықтықта жатыр. Ескерткіш Талды өзенінің жағасында ұзынынан тізіле орналасқан, жалпы саны 16. Қазба жұмысы 6 қорғанға ғана жүргізілді, қорғандардың диаметрі 8 – 13 м., биіктіктері 0,6 – 1,15 м., жан-жағы қалақ тастармен қоршалған. Қазба жұмысы кезінде қорғанның астынан көлемі 3,8 x 3,9 x 2,0 м., тереңдігі 1 – 1,37 м. жерлеу алаңдары шықты.

Жерлеу алаңының ішіндегі адамның қасынан қыш ыдыстар, қола әшекей бұйымдармен қатар ағаштан жасалған арбаның қалдығы шықты. Арбаның тертесімен қосқандағы ұзындығы 270-300 см., қалқанының көлемі 120 x 90 см.; арбаның жерден биіктігі 50-55 см. Бұл Қазақстан территориясында сирек кездесетін заттай дерек, ғалымдардың болжауынша б.ғ. дейінгі XVII-XVI ғасырларға жатады.

Қарқаралы өңірінде қола дәуірінің орта кезеңіне дейін жататын ескерткіштеріне Нүркен, Қопа, Қопа-1, Алтыөзек, Еңбексүйгіш, Бозінген зираттары жатады. 1980 жылы Ащы өзен зиратын В. Евдокимов қазған болатын, ескерткіш Қарқаралы ауданының Қасым Аманжолов аулынан 11 км. солтүстік батысына қарай Талды өзенінің сол жағында жатыр. Жер бетінде көрініп жатқан 13 қорғанның орны қазылды. Қорғандардың диаметрлері 10-12 см., биіктігі 0,25 м. жан-жағын тігінен қойылған қалақ тастармен қоршаған.

Қорғандардың көбі ерте заманда тоналған, дегенмен қоладан жасалған аттың тағалары, қола моншақтар, сүйек садақтың оқтарының ұштары, көптеген қыш ыдыстар шықты.

Қарқаралы ауданының Н. Әбдіров аулынан солтүстікке қарай 4 км. жердегі Қопа зиратын В. Евдокимов 1980 – 1982 жылдары қазды. Қола дәуірінің зираты Қопа Жарлы өзеніне жақын орналасқандықтан бір шетінен су шая бастаған, дегенмен 5 жас қоршау, 25 зираттың орны қазылды. Адамдар тас жәшіктердің ішіне бүктетіле жерленген, жерлеу алаңында қыш ыдыстармен қатар қоладан жасалған әшекей бұйымдар: білезік, тоғалар, сақиналар, сүйектен жасалған моншақтар, садақ оғының ұштары, т.б. заттар кездеседі.

Қарқаралының Нүркен ауылы шетіндегі Нүркен зиратынан 21 қоршау зират қазылып, зерттелді. Қола дәуіріне тән Нүркен зиратының жерлеу камерасы тас жәшіктерден тұрғызылған, қалақ тастарды қырынан қойып төрт бұрышты құрылыс салған, көлемі 1,4-2,31 x 0,43-0,92 м. Тас жәшіктің ішіне басы батысқа қарай бүктетіліп жерленген адамның қасында қоладан жасалған моншақтар, сырғалар, сақиналар және қыш ыдыстар қойылған.

Еңбексүйгіш зираты Қарқаралы ауданының Кент ауылының шетінде, Байшұра өзенінің жағасында жатыр. Көлемі 5 га. жерде қола дәуірінің ежелгі темір ғасырының және орта ғасырдың қорғандары кездеседі. Осы зираттардан қола дәуірінің 8 қорғаны қазылды. Қорғанның сыртын тігінен қойылған тас плиталармен қоршаған, көлемі 2,25-4,75-1,5 x 3,8 м. Ортасында тас жәшік, ішінде бүктетіле жерленген адамның мүрдесі, бас жағында сыртына геометриялық өрнек салынған қыш ыдыстар, қоладан, сүйектен және тастан жасалған еңбек құралдары, әшекей бұйымдар.

Бозінген зираты Қарқаралы ауданының Талды станциясынан 7 км., Талды өзенінің бойында

жатыр. Өзен бойын жағалай орналасқан зират екі топқа бөлінеді, біріншісінде 13 қорған, екіншісінде 14 қорған, екеуінің бір-бірінен арақашықтығы 120 м., екі топтан 8 қорған қазылды.

Адамдар тас жәшікте бастарын солтүстікке қарата бүктетіліп жерленген. Тас жәшіктің сыртын тігінен қойылған қалақ тастармен қоршап, үстінен топырақ үйген, қоршау көлемі 3,4 – 5,7 м., әр қоршаудың ішінде 5-6 адамның қаңқасы жатыр, олардың ішінде ересектер де, балалар да кездеседі.

Қола дәуірінің орта кезеңінің ескерткішіне Қарқаралы өңіріндегі Әкімбек зираты мен қонысы және Тамырбай зираты жатады. Үш ескерткіш те Қарағанды мемлекеттік университеті ғалымдарының күшімен зерттелген. Әкімбек қонысы Кент аулынан бір шақырым жерде, өзеннің бойында жатыр. 1995-1996 жылдары осы қоныстың 585 кв.м. бөлігі қазылды. Қазба жұмысы кезінде екі үйдің орны шықты және қола дәуірінің мәдени қабатынан төмен мезолит кезеңінің шеберханасының орны, тас құралдары табылды, зерттеуші ғалымдар В. Евдокимов пен В. Чиндиннің айтуларына, мезолит дәуірінің мәдени қабаты б.ғ. дейінгі 12 – 7 мыңжылдықтарға жатады.

Тасырбай зираты Кент аулынан шығысқа қарай 10 км. жерде, Баймұра өзенінің бойында жатыр. Бұл зираттан қола дәуірінің 5 қоршауы қазылды. Адамдарды жерлеген тас жәшіктердің көлемі 1,75-1,85 x 0,7-1,1 м., тереңдігі 0,5 – 0,9 м., төбесін үлкен қалақ таспен жапқан. Қорған ерте заманда тоналған, адамдардың сүйектері шашылып жатыр, қыш ыдыстар да сынған түрінде кездеседі.

Қола дәуірінің Беғазы-Дәндібай кезеңінің ескерткіштері 1933 жылы М.П. Грязновтың басшылығымен зерттеле бастады. Алғашқы ескерткіш Дәндібай қорғаны, ол Қарағандыдан оңтүстік-батысқа қарай 60 км. қашықтықта, Шерубай-Нұра өзенінің жиегінде жатыр. М.П. Грязнов 11 қорғанды қазып, оның асқан шеберлікпен, үлкен қалақ тастардан салынғандығын, құрылыстың қола дәуірінің ескерткіштерінен өзгешелігін жазып кетті. Кейіннен 60-жылдардың басында Шерубай – Нұрадан Топар су қоймасын салуға байланысты Дәндібай ескерткіші судың астында қалды.

1947 жылы Әлкей Марғұланның басшылығымен Қарқаралы тауының жалғасы Беғазыда осы кезеңнің ескерткіштері зерттеліп, Беғазы-Дәндібай мәдениеті деген атаққа ие болды.

XX ғасырдың 60-жылдары Ә. Марғұлан өлкетанушы Л.Ф. Семеновпен бірге Суықбұлақ, Қарқаралы-1,2 қоныстарын, Еңбексүйгіш, Нарбас зираттарын зерттеді.

80-жылдары Қарағанды мемлекеттік университеті ғалымдарының басшылығымен Қараағаш, Еңбексүйгіш, Донғал, Дермен, Қоштан зираттары, Қопа, Әкімбек, Донғал, Домалақтас қоныстары қазылды (Варфоломеев, 2003).

Шағын ғана Қызылкент шатқалында Беғазы-Дәндібай кезеңінің 12 ескерткіші белгілі. Оның ішінде көп жылдардан бері зерттеліп келе жатқан Кент қонысы 30 га. жерді алып жатыр. Оның жартысынан астамы Қызылкент өзенінің оң жағына орналасқан, осы алаңда 100-ден астам үйдің орны жатыр. Ғалымдардың болжауынша Кент қонысының өзінде 1500 адам тұрған.

Негізгі кәсібі мал шаруашылығы мен егіншілік, сонымен қатар сүйектен, тастан еңбек құралдарын, әшекей бұйымдар жасайтын шеберханалардың орындары кездеседі.

Кент қонысының ішіндегі үйлердің арасында, өзенге жақын жерлерде үлкен тас қоршаулар кездеседі, осындай қоршаулар саны үшеу, біріншісінің көлемі 60 x 48 м., екіншісі – 58 x 20 м, үшіншісінің тастары әр жерлерінде ғана сақталған. Қазіргі сақталған биіктігі 0,5-0,9 м, ал кезінде қандай биіктікте болғандығы белгісіз, себебі бұл ескерткіштің тастарын жергілікті тұрғындар құрылысқа тасып алып кеткен.

Мал шаруашылығы ішінде табылған сүйектерді зерттеу нәтижесінде 48,8% қой-ешкінің үлесіне тиеді, 26,5% сүйек сиырдың, ал 21,2% жылқының сүйектеріне тиесілі. Егін шаруашылығының болғандығын дәлелдейтін еңбек құралдарынан қола орақтың, пышақтың және тастан жасалған түрендердің ұштары, диірмендер, келі-келсаптар, үккіштер, т.б. еңбек құралдары табылды.

Алат қонысы Қарағандыдан оңтүстік-шығысқа қарай 250 км. қашықта, Кент тауының ішіндегі Қызылкеніш шатқалында, Қызылкеніш өзенінің сол жақ жарқабағында орналасқан. Қоныс Кент тауы мен өзеннің арасындағы 20-70 м. алаңда орналасқандықтан, үйлері бір шақырым жерге дейін созылып жатты. Сырт қарағанда диаметрі 10 м. асатын қатар-қатар орналасқан үйлердің орындары үш топқа бөлінген, әрбір топтағы үйлердің арақашықтығы 150-200 м. Соңғы он жыл ішінде осы топтың Алат-2 және Алат-3 тобындағы үйлердің орындары қазылды. Алғашқы қазба жұмысы 1991 жылы болғанымен, 2004 жылға дейін жұмыс тоқтап тұрып, тек осы



Алат қонысы. Қоныс-шеберхана. От жағатын пеш және ауа кіретін жерлерді жабатын плиталар. Батыс жағындағы көрініс.

Alat settlement. Settlement – workshop. Fireplace and the air flow protecting plates. West side view.



Алат қонысы. Өндірістік алаң. Темір шлактар. Alat settlement. Production site. Iron slags.

жылы ғана В. Евдокимов және С. Жауымбаевтың басшылығымен басталып, қазба жұмысы он жылдан бері үзбестен жүргізілуде (Жауымбаев, Евдокимов, Бейсенов, 2007: 173-199).

Қазба жұмысының нәтижесінде Алат қонысы негізінен металлургиялық қонысы екендігі анықталды. Мәдени қабаттың қалыңдығы 1-1,2 м. және екі мәдени қабаттан тұрады, төменгі мәдени қабатында мысты қорытқан пештердің орындары, мыс рудалар, қоладан, сүйектен жасалған еңбек құралдары шығуда, ал жоғарғы мәдени қабаттан темірді балқытқан күрделі пештер, рудалар, қола заттар табылуда, бір айта кететін мәселе екі мәдени қабаттан да шығып жатқан қыш ыдыстардың сынықтары б.ғ.дейінгі XIII-IX ғасырларға жатады, яғни Беғазы-Дәндібай кезеңіне сәйкес келеді.

XX ғасыр 80-жылдарының аяғынан бастап Ә. Марғұлан атындағы археология институтының А. Бейсенов басқарған «Сарыарқа» археологиялық экспедициясы Қарқаралы өңіріндегі ежелгі темір дәуірінің ескерткіштерін зерттеуде. 2000-2002 жылдары темір дәуіріне жататын Нүркен-2 қорғаны қазылса, 2004 жылдан бастап ежелгі темір дәуірінің қоныстарына зерттеу жүргізілуде.

Нүркен-2 қорғаны Нүркен аулынан оңтүстікке қарай 10 км. жерде, Қарқаралы-Бейбітшілік автожолының бойында жатыр. Ең үлкен қорғанның диаметрі 41 м, биіктігі 4,3 м. Қорғанның тастан, балшықтан тұрғызылған үйіндісінің астында көлемі 2 x 2,2 м. жерлеу камерасы шықты. Жерлеу камерасына кіретін 15 м. дәліз-домыс бар, ені 0,7-1 м., көлемі 0,9-1 м., үлкен қалақ тастардың тігінен қойылған тізбегінен жасалған. Жерлеу алаңынан екі адамның сүйегі кездесті, шамамен 40-50 жастарда. Қорған бірнеше рет тоналған, қалған заттардан қоладан жасалған тоға, тас түрмен, ежелгі темір дәуіріне тән қыш ыдыстардың сынықтары шықты. Қоладан жасалған тоғаның бетінде аттың үстінде, басында шошақ бөркі бар сақ жауынгері бейнеленген.

2001 жылдан бастап А. Бейсеновтің басшылығымен ежелгі темір дәуірінің қоныстары зерттеле бастады. Қазіргі кезде Қарқаралы өңірінің өзінде 30-дан астам ежелгі темір дәуірінің қоныстары бар, солардың бірі Сарыбұйрат қонысы, көлемі 10 мың кв.м. алаңды алып жатыр. Қоныс шағын үйлерден және жан-жағындағы шаруашылық алаңдарынан тұрады. Үйлердің қабырғалары биіктігі 0,5-1 м., тастардан қаланған.

Керегетас және Едрей қоныстарына да шағын қазба жұмыстары жүргізілді. Мысалы, Едрей қонысының 170 кв.м. ауданы қазылса, Керегетас қонысының 256 кв.м. көлемдегі мәдени қабаты қазылды. Қоныстардан негізінен қыш ыдыстардың сынықтары, жер жыртатын тас соқаның ұштары, диірмен, дән үккіштер, тас балғалар табылды.

Қола дәуірінен бастап, ғұн ескерткіштері шоғырланған Талды-2 қорымының орта тұсын сақ заманының 7 үлкен қорғаны алып жатыр. Диаметрлері 30-35 м., биіктігі 2-3,5 м., 7 қорғанның алтауы жерлеу орындары, ал жетінші қорған сол ортаның ас беріп, діни-ғұрыптық рәсім өткізетін орын құрылысы.

Зерттеу жұмыстары барысында №5 қорғанда 30-35 жастағы ер адамның және жастары 50-55 шамасындағы бір еркек пен әйел адамның жерленгені анықталды.

Талды-2 қорымының қорғандарынан алтыннан құйылған 200-ге жуық бұйым мен 22000-нан астам ұсақ әшекей табылды. Аң стилімен құйып жасалған бұйымдар кісе белдіктерге, портупей қайыстарға, киімдерге тігіп жапсырылған, ал мыңдаған ұсақ түйіршік алтындар шалбардың балақтары мен камзолдың өңірлеріне тігінен жапсырылған.

Қорыта келгенде, Қарағанды облысындағы Қарқаралы ауданының көлемінде тас дәуірінен бастап, XX ғасырдың басында қазақтардың қыстауларына дейінгі аралықтағы ескерткіштер бірнеше жүзден саналады. Табиғаты көркем, суы, нуы мол өлкеде адам баласы ежелгі заманнан үңгірлерді паналап, көптеген бұлақтарға келген аңдармен, құстармен және тау етегіндегі жеміс ағаштарымен қоректеніп, тау жыныстары шақпақ тастарды, обсидиенды (вулкан кезінде пайда болған қара тас) пайдаланып, палеолит, мезолит, неолит дәуірлерін осы өңірде өткізген.

Қола дәуірінде Қарқаралының тауы ішінде, жан-жағында мыс кенінің тотыққан, яғни жер бетіне жауынтүрінің молдығына байланысты мыс, қалайы, т.б. металлдарды балқытатын арнайы қоныстар пайда болды. Оған дәлел – отыны, суы мол Алат, Сарыбұлақ, Қарқаралы қоныстары. Қарқаралы өңірі ежелгі темір дәуірінде де темір рудасын балқытқан орталықтардың бірі болды. Алат, Суықбұлақ қоныстарынан табылған күрделі темір рудасын балқытатын пештердің табылуы Кентөбе, Ойлысай сияқты тотыққан темір кендерінің жақын болуы б.ғ. дейінгі XIII-IX ғасырлардың өзінде темірді игергендікті білдіреді.



Әдебиеттер

1. Таймагамбетов Ж.К. Палеолитические памятники Центрального Казахстана. Алма-Ата, 1989 г.
2. Маргулан А.Х. Бегазы – Дандыбаевская культура Центрального Казахстана. Алма-Ата, 1979 г. с.215-225.
3. Евдокимов В.В. Историческая среда эпохи бронзы степей Центрального и Северного Казахстана. Алматы, 2000 г.
4. Варфоломеев В.В. Кент и его округа. // Степная цивилизация Восточной Евразии. Т. 1. Астана, 2003 г.
5. Жауымбаев С.У., Евдокимов В.В., Бейсенов А.З. Работа на могильнике Нуркен-2. // В сборнике: Историко-культурное наследие Сары-арки. Караганда, 2007 г. с.173-199

Жауымбаев С.У.

Карагандинский государственный университет
им. Е.А. Букетова
г. Караганда, Казахстан
e-mail: nurapai@mail.ru

АРХЕОЛОГИЧЕСКОЕ ИССЛЕДОВАНИЕ КАРКАРАЛИНСКОГО РЕГИОНА

Статья посвящена истории изучения археологических памятников Каркаралинского региона, относящихся к периоду от каменного века до раннего железного века. О том, что с древнейших времен историко-культурные процессы протекали непрерывно, свидетельствуют результаты археологических исследований, проведенных в регионе. Систематические исследования территории Восточной Сарыарки начаты с середины прошлого века. Особое место и значение имеют полевые исследования под руководством Маргулана. В статью включены результаты полевых исследований начиная с работ Центрально-Казахстанской археологической экспедиции, начавшейся более 70 лет назад, и по сей день.

Ключевые слова: Центральный Казахстан, Каркаралинск, археологические исследования, ранний период, палеолит, неолит, эпоха бронзы.

References

1. Taimagambetov J.K. Paleoliticheskie památniki Sentralnogo Kazahstana. Alma-Ata, 1989 g.
2. Margýlan A.H. Begazy – Dandybaevskaia kúltýra Sentralnogo Kazahstana. Alma-Ata, 1979 g. s.215-225.
3. Evdokimov V.V. Istoricheskaja sreda epohi bronzy stepei Sentralnogo i Severnogo Kazahstana. Almaty, 2000 g.
4. Varfolomeev V.V. Kent i ego okryga. // Stepnaia sivilizasia Vostochnoi Evrazii. T. 1. Astana, 2003 g.
5. Jaýymbaev S.Ý., Evdokimov V.V., Beisenov A.Z. Rabota na mogilnike Nýrken-2. // V sbornike: Istoriko-kúltýrnoe nasledie Sary-arki. Karaganda, 2007 g. s.173-199

Zhauymbaev S.U.

E.A. Buketov State University
Karaganda, Kazakhstan
e-mail: nurapai@mail.ru

ARCHAEOLOGICAL RESEARCH OF THE KARKARALA REGION

The article is devoted to the history of the study of the archaeological sites of the Karkarala region, dating from the Stone Age to the Early Iron Age. The fact that historical and cultural processes have been going on continuously since ancient times is evidenced by the results of archaeological research conducted in the region. Systematic studies of the territory of the Eastern Saryarka began in the middle of the last century. The field research conducted by Margulan has a special place and significance. The article includes the results of field research from the work of the Central Kazakhstan archaeological expedition, which began more than 70 years ago, to this day.

Keywords: Central Kazakhstan, Karkaralinsk, archaeological research, early period, Paleolithic, Neolithic, Bronze Age.

Утубаев Ж.Р., Сүйіндікова М.Қ.
Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты,
Алматы қ., Қазақстан
e-mail: utubaev_z@mail.ru

БӘБІШ МОЛА КӨЗЕШІЛЕР ЕЛДІ МЕКЕНІНІҢ КЕРАМИКАДАҒЫ ТАҢБА ТӘРІЗДІ БЕЛГІЛЕРІ

Мақалада Бәбіш мола-7 көзешілер елді мекеніне жүргізілген археологиялық қазба-зерттеу жұмыстары баяндалады. Зерттеу жұмыстарының нәтижесінде анықталған қыш ыдыстардағы таңба тәрізді белгі түрлеріне кеңінен тоқталамыз. Сонымен қатар таңба тәрізді белгілердің салыну жолдарымен, қандай ыдыс түрлеріне салынғандығы жөнінде толық мәлімет келтіріліп, диаграмма дайындалды. Археологиялық қазба барысында анықталған жәдігерлердегі таңба немесе белгілерді зерттеу әрбір елдің, мемлекеттің және халықтың саяси, этномәдени даму ерекшеліктері, халықаралық сауда, діни сенімдері жайында құнды әрі маңызды мәліметтер беретіні белгілі. Сондай-ақ жұмыста таңба, белгілерді адамзат өмірінде қандай мақсаттарда пайдаланғандығы жөнінде ашып көрсетеді. Мақала Бәбіш мола-7 көзешілер елді мекеніндегі таңба тәрізді белгілердің көлемін, таралу аймағын анықтаудағы алғашқы жасалған әрекет болып табылады.

Түйін сөздер: Бәбіш мола, көзешілер елді мекені, қыш ыдыстар, таңба, белгі түрлері, шеберлер қолтаңбасы.

Кіріспе

Бәбіш мола оазисіндегі ескерткіштерді 1946 жылы ХАЭЭ барлау тобы ашып, кейін 1958-1960 жылдар аралығында Бәбіш мола-1 қаласы мен Бәбіш мола-2 жерлеу ғимаратына қазба жұмыстарын жүргізді (отряд басшысы – М.Г. Воробьева) (Толстов, 1948: 57; Толстов, Воробьева., 1960: 40; Вайнберг, Левина, 1993: 23-30). Ал, 1957-1960 жылдары Б.В. Андрианов жеке тобымен қала маңайына жете барлау жүргізіп, 150-ге тарта жекелеген елді мекендер және суландыру құрылыстары сақталған егін шаруашылық алқаптарының орындарын тапқан (Андрианов, 1969: 192-199). Соның ішінде Б.В. Андриановтың пікірінше жүзге жуық ауыл бір кезеңде өмір сүрген (Андрианов, 1958: 164).

Кейін, 2006 жылы Ж. Құрманқұловтың жетекшілігімен Шірік Рабат археологиялық

экспедициясы қайта барлау жүргізіп, оларға сипаттама беріліп, координаттары алынды (Құрманқұлов және т.б., 2007: 216).

Бәбіш мола оазисі Сырдариядан бөлініп шыққан Жаңадария арнасының ортаңғы оң және сол жағалауын толық қамтып жатыр. Ол, Шірік Рабат қала-қорымынан солтүстік – солтүстік-шығысқа қарай 40 шақырым қашықтықта орналасқан. Қаланың суландыру жүйесі жақсы дамыған. Жаңадария арнасы Аққыр тауынан төмен қарай бірнеше тармаққа бөлінген. Кейін, жергілікті халық олардан каналдар мен арықтар тартып, егістік алқаптарын сумен қамтамасыз етіп отырған.

Бәбіш мола аңғарының үш ірі салаларының ішінде ауыл өмірі үшін ортаңғы саласы ерекше орын алған. Барлық елді мекендерге тартылған каналдар негізін осы саладан алған. Дәл осы арнада суландыру жүйелерінің бірнеше су

қоймалары болған және олардың көмегімен су деңгейін реттеп, суландыру көздерін қамтамасыз етіп отырған. Каналдар мен арықтар тақыр жолақ түрінде сақталған. Каналдың жанындағы арықтар Хорезмнің архаикалық жүйесі сияқты тек бір бағытқа ғана тартылған. Ең қызығы, арық ортасынан кесіп өтетін егіс атыздары орналасқан. Бірнеше шақырымға созылған егіс алқаптарында дәнді дақылдар өсірген. Оған дәлел – 2015-2017 жылдар аралығында Бәбіш мола елді мекенінде жүргізілген қазба нәтижесінде анықталған дәнді дақылдар. Қ.И. Сәтбаев атындағы Геология институтының лабораториялық талдауы бойынша тары дәні қалдығы деп тұжырымдады (Нигматова, Заключение по таксономической принадлежности фрагментов растений из археологического объекта Бабиш мола-7).

Каналдарды жағалай егін шаруашылығымен айналысқан ауылдар мекендеген. Арақашықтықтары 400-800 м болатын үйлердің қалдықтары сәл биік төбе немесе тақыр бетінде төртбұрышты болып келген бөлмелер түрінде, ал кей жерлерде қыш ыдыс сынықтарының пашыранды түрінде сақталған. Кейбір ауылдарда қыш күйдіретін пештердің қалдықтары қалған.

Сондай елді мекендердің біріне (Бәбіш мола-7) 2015 жылдан бері зерттеу жұмыстары жүргізіліп келеді (Утубаев, Болелов, 2016: 56-63; Курманкулов, 2019: 301-316; Болелов, Утубаев, 2020:69-88).

Бәбіш мола-7 деп атау берілген елді мекен Бәбіш мола қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 5 шақырым жерде, кеуіп қалған арнаның бойында орналасқан. Жалпы аумағы 1,6 га – 450х350 м жерді алып жатыр. Батыс бетінен ауылдың ішіне қарай ені 15 м болатын су қоймасы тартылған (Сур. 1).

Елді мекеннің орнын жіті зерттеу барысында 9 пештің орны мен 7 құрылыстың және тұрғын үйлер мен шеберханалардың орны анықталды. Бұлардың беткі қабаты үйіліп жатқан керамикалармен қатар шикі кірпіштен тұрғызылған қабырғалармен ерекшеленеді. Барлау кезінде үйлер мен шеберханалардың бетінен көптеген керамикалар, тастан және кварцтан істелген құралдар, шыныдан, тастан істелген моншақтар және қоладан жасалған үш қырлы, үш қанатты жебе ұштары табылды.

Сонымен қатар, ауылдың солтүстік-батыс бөлігінен, кеуіп қалған арнаның бойынан (арақашықтығы 50-60 м) үлкен үй-жайдың орны анықталды. Беткі қабатынан бөлмелерге бөлінген қабырғалардың контуры жақсы көрініп жатыр.

Қабырғалар шикі кірпіштерден тұрғызылған. Бір өкініштісі, үйдің солтүстік бөлігі биік құм астында қалған.

Қазба-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде көптеген құнды әрі қызықты жәдігерлер табылды. Олардың басым көпшілігі қыш ыдыстар.

Негізгі бөлім

Археологиялық қазба барысында анықталған жәдігерлердегі таңба және белгілерді зерттеу әрбір елдің, мемлекеттің және халықтың саяси, этномәдени даму ерекшеліктері, халықаралық сауда, діни сенімдері және геральдика жайында құнды әрі маңызды мәліметтер береді. Сондай-ақ олар күрделі де, қыр-сыры мол тарихи деректердің жиынтығы. Таңба, белгілердің мән-мағынасы мен атқарар қызметі жайлы зерттеушілер әлі күнге дейін алуан түрлі пікірлер айтады (Самашев және т.б. 2010: 15).

Зерттеушілер таңба және белгілер негізінен адамзат өмірінде төмендегідей мақсаттарда пайдаланылды деп тұжырымдайды:

1) Жеке отбасының, әулеттің, кей жағдайларда тұтас бір тайпаның қоғамдағы дәрежесіне қарай эмблемасы, яғни, «өзімдікі-өзгенікі» деп бөлу, тану мақсатында;

2) Қазіргі кезеңдегі жеке куәлік немесе қызметтік куәліктер секілді киім, қару-жарақ және жылқыдағы меншіктік таңба;

3) Әлеуметтік маңызды жағдайларда келісім-шарт жасауда, сауда жөнінде серіктестікте, ағайын, дос, туыс, әулетке сырттан бөтен адамды қабылдағанда олардың өзара міндеттері секілді ортақ белгі;

4) Мемлекет шекаралары, үй жануарлары, құнды заттардағы, көп жағдайда ыдыстардағы меншіктік таңбалар, белгілер;

5) Ақша, тиын, сарай билеушісінің тағында, дипломатиялық сыйлардағы, т.с.с. белгілі бір әулеттің, мемлекет басшыларының саяси белгілері;

6) Қолөнер шеберлерінің, көп жағдайда көзешілердің, шеберханалардың жеке таңбасы;

7) Кейде таңбалар, таңба тәрізді белгілер ислам кезеңіне дейін киелі, діни белгілер мақсатында пайдаланылған болуы мүмкін. Көп жағдайларда бұл белгілер немесе таңбалар бойтұмар, тұмар және қорғаныш, қорғау мақсаттарында пайдаланылған (Яценко және т.б., 2019: 8).

Рогожинский археологиялық ескерткіштерде кездесетін таңба немесе белгілерді негізгі екі топқа бөліп қарастырады: 1) жылжымайтын

нысандар; 2) тасымалды заттар. Жылжымайтын нысандар: 1) мемориалды ғұрыптық құрылыстар; 2) жартастағы бейнелер. Ал, тасымалды заттарды тиындар және ғұрыптық, күнделікті пайдаланылатын заттар деп екіге бөледі (Рогожинский, 2019: 99).

Мақаламызға негіз болған Бәбіш мола-7 көзешілер елді мекенінің қыш ыдыстарында кездесетін таңба тәрізді белгі түрлеріне кеңінен тоқталамыз. 2015 жылдан кешенді жүргізілген археологиялық қазба-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде 2000-ға жуық керамика бөліктері жиналса, оның 100-ге жуығында таңба тәрізді белгілері бар. Керамикалардың барлығы дерлік шарық көмегімен жасалған, тек екі ыдыс жапсырма әдісімен дайындалған. Біздің есептеуіміз бойынша таңба тәрізді белгілері бар керамикалардың 28% құмшалар, 22% тостағандар, 22% құмыралар, 5% көзелер және 23% ыдыстардың белгісіз бөліктері құрады.

Таңба тәрізді белгілердің салыну техникасы – ыдыстардың түбі мен мойын бөліктеріне күйдірілуге дейін өткір заттың көмегімен сызу арқылы түсірілген.

Таңба тәрізді белгілердің түрлері – «Құс ізі» (сурет 2.1), «Х» (сурет 2.2), «/», «//» қиғаш сызылған бір немесе екі сызықты (3-сурет), «Н» әріпі тәрізді және шеңбер ішіндегі крест қызыл ангобпен салынған және шиыршықталған спирал түріндегі таңба сызылып түсірілген (4-сурет).

«Құс ізі» немесе бір қарағанда бағыт белгісінің төмен қаратылған көрінісі және «/», «//» қиғаш сызыла түсірілген таңба тәрізді белгілері бар керамикалар Хорезмдегі Хумбузтепе қонысының б.з.д IV және III-I ғасырларымен мерзімделетін мәдени қабаттарынан жиі кездеседі (Баратов, 2019: 43).

«Х» тәрізді белгісі бар құмыра 2017 жылы Шірік-4 кешеніндегі 1-ші обаға жүргізілген қазба барысында анықталған болатын (Курманкулов, 2020: 274).


«Н» әріпі секілді белгісі бар құты 2008 жылы археологиялық қазба барысында Шірік Рабат қалашығындағы 1-ші нысаннан табылған еді. (Дарменов., Утубаев, 2017: 25). Ғалымдар ежелгі Хорезм керамикаларындағы кейбір таңба және белгілер б.з.д V-IV ғасырлардағы парсы империясы кезеңіндегі арамей алфавитіне өте ұқсас екендігін алға тартып, көзешілер оларды қыш ыдыстарға белгі салуда пайдаланғандығын айтады (Баратов, 2019: 52). Біздің «Н» әріпі секілді таңба тәрізді белгіміз осы алфавитте анық байқалады және 2004-2005 жылдары

археологиялық қазба барысында Шірік Рабат қалашығындағы жерлеу орнынан табылған парфян-арамей жазбасы бар ыдыстың табылуы бұл тұжырымға өте жақын екендігін көрсетеді.

Шарық көмегімен жасалған шаруашылық мақсатта пайдаланылатын құты сапалы күйдірілген. Ернеуі сыртқа бүрілген. Биіктігі 19 см, мойын ұзындығы 3 см, ернеу диаметрі 10 см, жалпақ бүйірінің диаметрі 23 см. Жарты шар тәрізді, бір бүйірі тегіс келген, қимасында дөңгелек, мойны қысқа. Түсі қызыл. Ыдыстың сыртқы беті қанық қоңыр түспен ангобталған. Ыдыстың дөңес бүйіріне қызыл түсті ангобпен салынған шеңбер, оған сызылған крест және шиыршықталып спираль түрінде түсірілген таңба тәрізді белгісі бар. Пішіні жағынан бұл ыдыстар Хорезм және Шірік Рабат қалашығынан табылған құтыларға өте ұқсас (Болелов., Утубаев, 2017: 20) және Қалалы қыр 2 археологиялық ескерткішінде жиі кездеседі. С.Б. Болелов бұл таңбаларды ежелгі Хорезмдегі архитектуралық құрылыс жоспарларында кеңінен пайдаланғандығын және күнге деген құрметтің белгісімен байланыстырады. Шеңбер ішіндегі крест таңбасын дүниенің төрт бұрышымен түсіндіреді. Ежелгі егіншілер әлемінде төрт бағыт ұғымы маңызды болған, адам осы төрт бағыттың ортасында болғанда ғана өзін төрт құбыласы тең немесе қауіпсіз сезінген деп тұжырымдайды. Ал, спираль белгісін әлемдік реттілік және тәртіппен байланыстырады (Болелов, 2009: 122).



А.М. Левина өзінің «Шірік Рабат мәдениеті» деп аталатын ғылыми еңбегінде жоғарыда көрсетілген таңба тәрізді белгілері бар ыдыс түрлері Шірік Рабат мәдениетіне тән ескерткіштерде сирек кездесетіндігін айтады (Вайнберг., Левина, 1993:77).

Келесі таңба тәрізді белгілеріміз математикалық амалдарға өте ұқсас (сурет 2.3). Қосу азайту «+», азайту «-», рим цифрындағы төрт «IV» секілді және дұрыс белгісі (птичка) тәрізді. Бұл белгілер Хумбузтепе қонысынан жиі анықталған (Баратов, 2019: 52). Ежелгі Хорезмнің қыш ыдыстарындағы белгілерді зерттеуші ғалымдар ыдыстардағы екі немесе одан да көп біріккен түрде түсірілген белгілерді сол ыдыстың көлемі және оның қандай мақсаттарда пайдаланатындығы жайында мағлұматтар келтірілген деген тұжырымдар жасайды. Ал, Хумбузтепе қонысынан табылған бір таңбалы керамикалардағы белгілерді В.А. Лившицтің оқуы бойынша ыдысқа салынған азық-түлік немесе құйылған сусынның көлемі және





Сур. 2.

Fig. 2.



Сур. 3.


Fig. 3.



Сyp. 4.

Fig. 4.

Таңба тәрізді белгілері бар ыдыс түрлері



атауы көрсетілген шаруашылық құжат деп қарастырады. Бұл тұжырымды негізге алған М. Мамбетуллаев қоныс аумағында қолөнершілерге тәуелді еңбек ететін топтар белгілі бір тапсырыстарды орындаған және орнына азық-түлік алып отырған деген өз болжамын ұсынады (Мамбетуллаев, 1984: 21).

Жапсырма әдісімен жасалған көзелердегі таңба тәрізді белгілер күйдірілуге дейін өткір заттың көмегімен сызылып түсірілген. Тік цилиндр тәрізді көзені төңкеріп қарағанда таңба тәрізді белгілер оң жағынан басталып, біртіндеп алыстап бара жатқан киіз үй немесе қырлар (тау) тәрізді. Сыртқа иілген ернеу бөлігі тік сызықтармен сызылған. Ал, түбінен аузына қарай тарыла түскен көзенің мойын бөлігіне ұзындық-қысқалы вертикаль сызықтар және жөндеуге арналған саңылау түсірілген (сурет 2.4).

Б.з.д IV-II ғасырлармен мерзімделетін керамикалардағы кең тараған таңба тәрізді белгілерді С.А. Яценко Орталық Азиядағы тайпалардың жаппай көшіп-қонуымен және Хорезм династиясының ауысуымен байланыстырады. Сонымен қатар әдебиеттердегі таңба, белгілерге қатысты ыдыстар жиынын санау

мақсатында және шебердің өзіндік қолтаңбасы немесе тапсырыс берушінің таңбасы болуы мүмкін деген тұжырымдар әлі де болса қосымша дәлелдемелерді қажет ететіндігін айтады (Яценко, 2001:24).

Я. Ильясов б.з.д IV-III ғғ. Қампыртепе қалашығындағы бір нысаннан табылған белгіленуі бірдей таңба тәрізді белгілерді арнайы тапсырыспен дайындалып, оған иесінің белгісін салғандығын айтады (Ильясов, 2019:116).

А.Н. Подушкин Оңтүстік Қазақстандағы Арыс мәдениетінің III ғ – б.з.д. IV ғасырлардағы катакомбаларынан табылған «Х», «Н» әріпі тәрізді, «//» тігінен екі сызықты және шеңбер ішіндегі крест секілді таңба тәрізді белгілері бар ыдыстар тапсырыс бойынша жасалып, ондағы таңба, белгілер тапсырыс берушінің қалауы бойынша түсірілетіндігін айтады. Сол таңба тәрізді белгілер арқылы қайтыс болған кісінің әлеуметтік деңгейін білуге болады деп тұжырымдайды (Подушкин, 2017:60).

Ал, кейбір әдебиеттерде бұл таңба тәрізді белгілер әлеуметтік-экономикалық деңгейіне, бағытына қарай меншік қызметтерін атқарған (Байпаков., Подушкин, 1989: 142).

Қорытынды

Бәбіш мола-7 көзешілер елді мекені Шірік Рабат мәдениетіне тән ескерткіштерді қыш ыдыстармен қамтамасыз еткен ірі өндіріс орталығы болған (Болелов., Утубаев, 2017:20). Ал, ыдыстарда кездесетін таңба тәрізді белгілерді біз зерттеушілер Я. Ильясов пен А.Н. Подушкиннің келтірген тұжырымдарына жақындата отырып, таңба тәрізді белгілер әулеттік меншік қызметін атқарған деп болжаймыз. Оған таңба тәрізді белгілері бар керамикалардың Шірік Рабат мәдениетіне тән ұжымдық жерлеу оындарынан табылуы дәлел бола алады. Дегенмен, бұл

тұжырым алдағы уақытта терең әрі жан-жақты зерттеледі.

Біз шолу келтірген таңба тәрізді белгілерде әрине, Шірік Рабат мәдениетіне тән ескерткіштерде кездесетін таңба, белгілердің барлығы қамтылмады. Алайда, атқарылған бұл жұмыс шектеулі бір шеңберде, яғни, Бәбіш мола 7 көзешілер елді мекеніндегі таңба тәрізді белгілердің көлемін, таралу аймағын анықтаудағы алғашқы жасалған әрекет болып табылады. Келешекте Шірік Рабат мәдениетінің таңба тәрізді белгілерін ғылыми айналымға енгізу барысында бұл жұмыс Бәбіш мола-7 көзешілер елді мекені жайында құнды әрі маңызды дерек көзі болады деген сенімдеміз.

Әдебиеттер

1. Андрианов Б.В. Отчет о работе археолого-топографического отряда в бассейне Жанадарьи в 1958 г. // Архив ИЭА, РАН, фонд 142, опись 2, ед. хр. 37. – М., 1958. – С. 164
2. Андрианов Б.В. Древние оросительные системы Приаралья. – Москва, : Наука, 1969. – 251с.
3. Байпаков К.М., Подушкин А.Н. Памятники земледельческо-скотоводческого культуры Южного Казахстана. – Алматы, 1989. – 160 с.
4. Баратов С.Р. Знаки на керамических изделиях в древнем Хорезме // Тамги доисламской Центральной Азии. – Самарканд, : МИЦАИ, 2019. – С.43-58.
5. Болелов С.Б., Утубаев Ж.Р. Поселение гончаров Бабиш-Мулла-7 в низовья Сырдарьи (раскопки 2015 года). // КСИА, вып. 248, – Москва, 2017. – С.20 - 35.
6. Болелов С.Б. Расписная хозяйственная посуда древнего Хорезма (по материалам Калалы-гыр 2). // ПИФК, вып. 1, –Москва, 2010. – С.122-142.
7. Болелов С. Б., Утубаев Ж.Р. Гончарное производство на территории древней дельты Сырдарьи в эпоху античности: новые данные // Археология Казахстана №1 (7) 2020. С. 69-88
8. Вайнберг Б.И., Левина Л.М. Чирикратская культура. – Низовья Сырдарьи в древности. Вып. I. – Москва, 1993. – 130 с.
9. Дарменов Д.Т., Утубаев Ж.Р. Подбойный тип погребальных сооружений на городище Чирик Рабат // Ұлттық Ғылым Академиясының хабарлары. Қоғамдық және Гуманитарлық ғылымдар сериясы. – Алматы, ҚР ҰҒА, 2017. – №1 (311). – С.25 - 33.
10. Ильясов Я. Тамги Бактрии /Тохаристана/ Тамги доисламской Центральной Азии. – Самарканд, :МИЦАИ, 2019. – С.116-117.
11. Курманкулов Ж., Тажекеев А., Кзылбаев Т., Абдихалыков Ш. Отчет о разведке на территории Кызылординской области по своду памятников за 2006 год // Отчет об археологических исследованиях по государственной программе «Культурное наследие» в 2006 году. Алматы, 2007. – С.216 - 217.
12. Курманкулов Ж., Болелов С.Б., Утубаев Ж.Р. Археологические исследования на городище Бабиш-мулла-1 в 2018 году // Марғұлан оқулары-2019 «Халықаралық ғылыми-тәжірбиелік конференция материалдары. Нұр-Сұлтан 2019 ж. 301-316 бб.
13. Курманкулов Ж., Утубаев Ж.Р., Касенова А.Д., Суюндиқова М.К., Шірік-4 кешеніне жүргізілген зерттеулердің кейбір нәтижелері (2017 жылғы қазба негізінде) // Марғұлан оқулары-2020 «Ұлы дала археологиялық және пәнаралық зерттеулер аясында» атты халықаралық ғылыми-тәжірбиелік конференция материалдары. Алматы қаласы, 17-18 қыркүйек, 2020 ж. 274-285 бб.
14. Мамбетұллаев М. Хумбузтепе – керамический центр Южного Хорезма // Археология Приаралья. Вып. II. Ташкент, 1984 – С.21 – 39.
15. Самашев З., Базылхан Н., Самашев С. Древнетюркские тамги. – Алматы, 2010. – С.15-20.



МӘДЕНИ МҮРА

16. Подушкин А.Н. Тамго-образные знаки из катакомб арысской культуры Южного Казахстана III в. до – IV в. н. э. // *Үлкен Алтай әлемі – Мир Большого Алтая – World of Great Altay* 3(4) 2017 ISSN 2410-2725. С.60-101.
17. Рогожинский А.Е. Знаки идентичности (тамга) и памятники тамгопользования в Казахстане: древность, средневековье и новое время // *Археология Казахстана* №3 (5) 2019. С. 99-121.
18. Толстов С.П., Воробьева М.Г., Рапопорт Ю.А. Работы Хорезмской археолого-этнографической экспедиции в 1957 г. // *МХЭ.* – М., 1960. – Вып. 4. – С. 203.
19. Толстов С.П. Последам древнехорезмийской цивилизации. – М., 1948. – С. 317.
20. Утубаев Ж.Р., Бололов С.Б. Новые археологические открытия в низовьях Сырдарьи // *Вестник Кемеровского государственного университета.* – 2016. – Вып. – № 1 (65). – Т. 4. – С. 56–63.
21. Яценко С.А., Рогожинский А.Е. Введение // *Тамги доисламской Центральной Азии.* – Самарканд, МИЦАИ, 2019. – С.8-42.
22. Яценко С.А. Тамги ираноязычных народов древности и раннего средневековья. – Москва: Восточная литература «РАН», 2001 – 190 с.

References

1. Andrianov B.V. Otchet o rabote arheologo-topograficheskogo otryada v bassejne Zhanadari v 1958 g. // *Arhiv IEA, RAN, fond 142, opis 2, ed. hr.* 37. – М., 1958. – С. 164
2. Andrianov B.V. Drevnieorositelnye sistemy Priaralya. – Moskva, Nauka, 1969. – P.251
3. Baipakov K.M., Podushkin A.N. Pamyatniki zemledelchesko-skotovodcheskogo kultury Yuzhnogo Kazahstana. – Almaty, 1989.–160 s.
4. Baratov S.R. Znakina Keramicheski khizdeliyakh v drevnem Khorezme // *Tamgi doislamskoy Tsentral'noy Azii.* – Samarkand, MITSAI, 2019. – 43-58 pp
5. Bolelov S.B., Utubaev Zh.R. Poselenie goncharov Babish-Mulla 7 v nizovya Syrdari (raskopki 2015 goda). // *KSIA, vyp. 248,* – Moskva, 2017. – 20–35 pp
6. Bolelov S.B. Raspisnaya khozyaystvennaya posuda drevnego Khorezma (po materialam Kalalygyr 2). // *PIFK, vyp. 1,* –Moskva, 2010. – 122-142
7. Bolelov S. B., Utubaev ZH. R. Goncharnoe proizvodstvo na territorii drevnej delty Syrdari v epohu antichnosti: novye dannye // *Arheologiya Kazahstana* №1 (7) 2020. S. 69-88
8. Darmanov D.T., Utubaev Zh.R. Podboynnyy tip pogrebalnykh sooruzheniy na gorodishche Chirikrabit // *Soobshcheniya Natsionalnoy Akademii i Nauk. Seriya obshchestvennykh i gumanitarnykh nauk.* – Almaty, NAN RK, 2017. – №1 (311). - 25-33 pp
9. Iatsenko S.A., Rogojinskii A.E. Vvedenie // *Tamgi doislamskoi Tsentralnoi Azii.* – Samarkand, MITSAI, 2019. – 8-42 pp
10. Iatsenko S.A. Tamgi iranoyazychnykh narodov drevnosti i раннего средневековья. – Moskva: Vostochnyy.literatura «РАН», 2001. – P.190
11. Ilyasov. Y. Tamgi Baktrii /Toharistana/ Tamgi doislamskoj Central'noj Azii. – Samarkand, MICAI, 2019. – S.116-117.
12. Kurmankulov Zh, Tazhekeev A, Kzyibaev T., Abdikhalykov Sh. Otchet o razvedke na territorii Kyzylordinskoy oblasti po svodu pamyatnikov za 2006 god // *Otchet ob arkheologicheskikh issledovaniyakh po gosudarstvennoy programme «Kulturnoe nasledie» v 2006 godu.* Almaty, 2007. 216-217 pp
13. Kurmankulov ZH., Bolelov S.B., Utubaev Zh.R. Arheologicheskie issledovaniya na gorodishche Babish-mulla 1 v 2018 godu // *Margulan okulary 2019 «Halykaralyk gylimi tazhirbielik konferenciya materialdary. Nur-Sultan 2019 zh.* 301-316 bb.
14. Kurmankulov ZH., Utubaev ZH.R., Kasanova A.D., Suyundikova M.K.
15. SHirik 4 keshenine zhurgizilgen zertteulerdin kejbir natizheleri (2017 zhylygy kazba negizinde) // *Margulan okulary 2020 «Uly dala arheologiyalyk zhane panaralyk zertteuler ayasynda» atty halykaralyk gylimi tazhirbielik konferenciya materialdary. Almaty kalasy 17-18 kyrkuek 2020 zh.* 274-285 bb.
16. Mambetýllaev M. Hýmbyztepa – keramicheskii tsentrýjnogo Horezma // *Arheologua Priaralya. Vyp. II.* Tashkent, 1984 – P.21-39
17. Podushkin A.N. Tamgo-obraznye znaki iz katakomb arysskoj kul'tury YUzhnogo Kazahstana III v. do – IV v. n. e. // *Ylken Altaj әлемі – Mir Bol'shogo Altaya – World of Great Altay* 3(4) 2017 ISSN 2410-2725. S.60-101
18. Rogozhinskij. A.E. Znaki identichnosti (tamga) i pamyatniki tamgopol'zovaniya v Kazahstane: drevnost', srednevekov'e i novoe vremya // *Arheologiya Kazahstana* №3 (5) 2019. S. 99-121.

19. Samashev Z., Bazyghan N., Samashev S. Drevnetýrskie tamgi. – Almaty, 2010. – 15-20 pp

20. Tolstov S.P., Vorobeva M.G., Rapoport Y.A. Raboty Horezmskoj arheologo-etnograficheskoy ekspedicii v 1957 g. // MHE. – M., 1960. – Vyp. 4. – S. 203

21. Tolstov S.P. Po sledam drevnekhorezmiyskoy tsivilizatsii. – Moskva.; Leningrad, 1948. – P.317

22. Vaynberg B. I. Levina L.M. Chirikrabatskaya kul'tura. – Nizovya Syrdari v drevnosti.Vyp. I. – Moskva, 1993. – P.130

Утубаев Ж.Р., Суюндикова М.К.

Институт археологии им. А.Х. Маргулана

г. Алматы, Казахстан

e-mail: utubaev_z@mail.ru

Utubayev Zh.R., Suyundukova M.K.

A.H. Margulan Institute of Archaeology

Almaty, Kazakhstan

e-mail: utubaev_z@mail.ru

ТАМГООБРАЗНЫЕ ЗНАКИ В КЕРАМИКЕ ГОНЧАРНЫХ ПОСЕЛЕНИЙ БАБИШ МОЛА-7

В статье рассматривается ход археологических раскопок поселения Бабиш мола-7 расположенного в 5 км к юго-востоку от городища Бабиш мола. Большая часть экспонатов, собранных в ходе археологических раскопок это керамика. Подробно остановились на типах тамгообразных знаков на сосудах. Также приведены подробные сведения о нанесении на сосудах тамгообразных знаков и подготовлена диаграмма. Известно, что изучение тамги или знаков на экспонатах, выявленных в ходе археологических раскопок, дает ценные и важные сведения об особенностях политического, этнокультурного развития каждой страны и народа, а также для изучения международной торговли и религиозных убеждений. В работе раскрывается использование тамги и знаков в жизни человека. Статья является первой предпринятой попыткой определить ареал распространения тамгообразных знаков в поселение Бабиш мола-7.

Ключевые слова: Бабиш мола, гончарное поселение, керамические сосуды, виды тамгообразных знаков, автографы мастеров.

TAMGA- LIKE SIGNS IN CERAMICS IN THE BABISH MOLA 7 SETTLEMENT

The article deals with the course of archaeological excavations of the settlement of Babishmola, located 5 km South-East of the settlement of Babishmola. Most of the exhibits collected in the course of archaeological excavations are ceramic. Detailed information about the types of tamga-like signs in vessels. They also provided detailed information about the methods of applying tamgo-like signs, on what types of vessels they were applied and prepared a diagram. It is known that the study of tamggs or signs on the exhibits revealed during archaeological excavations provide valuable and important information about the peculiarities of the political, ethnocultural development of each country, state and people, international trade, and religious beliefs. The work also reveals the purposes for which tamgas and signs were used in the life of humanity. The article is the first attempt to determine the distribution area of tamgo-like signs in the settlement of Bashish grave 7.

Keywords: Babish mola, pottery settlement, ceramic vessels, types of tamgo-like signs, autographs of masters.



М. Хабдулина¹, М. Педрацки², Г. Букешева³

¹Д.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан,

²Варшава университеті,
Варшава қ., Польша

³«Бозоқ» мемлекеттік тарихи-мәдени мұражай-қорығы,
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан
E-mail: mk_khabdulina@mail.ru

ҚОЛА ДӘУІРІ МӘДЕНИЕТТЕРІНІҢ ҚАЗАҚСТАННЫҢ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕРІ НЕГІЗІНДЕГІ БАЙЛАНЫСТАРЫ¹

Ежелгі Шығыс өркениетінің тарихында Қазақстанның қола дәуірінің археологиясына тікелей қатысты сюжет бар. Бұл біздің заманымызға дейінгі II мыңжылдықтың басында Ежелгі Шығыс елдеріне шабуылдап, өзімен бірге атқа табынушылықты, соғыс арбаларын, жетілдірілген қаруларды, жаңа идеологияны әкелген арбашы-жауынгерлердің мобильді топтарымен байланысты.

Бұл жаулап алу элитарлық көші-қон санатына жатады. Кейін олар жаңа мемлекеттердің элитасын қалыптастырды, әскери аристократияны құрды, Ежелгі Шығыс елдерінің сарай рельефтерінде кең таралған арбадағы жауынгер-патшаның бейнесін қалыптастырды.

Соңғы жарты ғасырда Қазақстанның қола дәуірінің археологиясында мәдени көрсеткіштері б.з.д. 2 мыңжылдықтың басында ерте егіншілік өркениеттердің аумағына басып кіріп, билеушілердің жаңа әулеттерін құрған тарихи тайпалардың сипаттамаларымен сәйкес келетін ескерткіштер ашылған.

Мақаланың мақсаты – арбашы-жауынгерлер құрылымдарының далалық шығу тегін дәлелдеу үшін Орал-Қазақстан даласының қола дәуірінің мәдени жетістіктеріне сипаттама беру және сол арқылы Қазақстан даласындағы ежелгі тұрғындардың әлемдік тарихи процеске қосқан үлесін көрсету.

Түйін сөздер: протоқалалар, өркениет, Қазақстан, синташта-петровка, Ежелгі Шығыс, қола дәуірі, үнді-арийлер, арбалар.

Кіріспе

Ежелгі әлем тарихының қызықты сюжеттерінің біріне б.з.д. II мыңжылдықтың басында Таяу Шығыс елдеріне ерте жер өркениеттерінің қалыпты өмірінде төңкеріс жасаған жылжымалы күйме жауынгерлер топтарының басып кіруі туралы оқиғаны жатқызуға болады. Олар жергілікті ортаға атқа табыну, жауынгерлік күйме, қару-жарақтың озық түрлері,

жаңа идеология сияқты дала мәдениетінің элементтерін әкелді. Олар жаңа мемлекеттердің элитасын, әскери ақсүйектер құрамын құрды, ежелгі Шығыстағы храмдар мен сарайлардың рельефтерінде кең таралған жауынгер-патшаның батырлық бейнесін қалыптастырды. Бұл күйме жауынгерлерінің кландары жергілікті халық үшін шет тілінде сөйлейтін топ болды.

Ең алғашқы жаулап алушылар тарихта 'Марьянни' (марьянну) есімімен белгілі болды.

Олар арийлік жылқыларды өсірумен және жаттықтырумен байланысты бақташылық мал шаруашылығы саласына жаңа кәсіби терминология әкелді, арийлік Индра, Варуну, Мазда құдайлардың аттарымен мемлекеттік келісімдерді бекітті.

Жүздеген жылдар бойы әртүрлі қарқындылықпен осы мобильді әскери құрылымдардың тарихи атақонысы зерттеліп, талқылануда. Бұл мәселеге лингвистер, тарихшылар, археологтар, антропологтар, соңғы жылдары палеогенетиктер назар аударуда. Лингвистиканың қызығушылығы үнді-ирандық (арийлік) тілдердің шығу тарихы мен таралу проблемаларын зерттеуге негізделеді.

'Maryu' - *'Maryannu'* - *марьянну* сөзі этимологиясының мағынасы нақты анық емес. Ол не мағына беруі мүмкін: халықтың өз атауы, жер атауы, елдің аты, қай жерден келгені, әлеуметтік статусы ма әлде әлеуметтік термин бе? Белгілісі, бұл оқиға қола дәуірінде болған, сондықтан да іздеу жұмыстары алдыңғы және Орта Азияның солтүстігіндегі синхронды мәдени аймақтарға бағытталған. Көптеген зерттеулер осы этностың Анадолы, Урмия, Бактрия және Маргиана елдерінен шыққанын негіздеуге арналған (Witzel M., 2018).

Ежелгі оқиғаның материалдық фактілерін археология ұсынады. Ол дала геномының ерте егіншілік ортаға жылқыларды жерлеу, жерлеу құрылыстарының конструкцияларындағы өзгерістер, мол құрбандықтар, дала керамикасының кейбір түрлерінің таралуы, екі дөңгелекті арба түрінде енуін соғыстың, аң аулаудың және аспандағы Құдайдың, ақсүйектердің және жердегі патшалардың негізгі құралы ретінде көрсетеді.

Б.з.д. II мыңжылдықтағы үнді-арийлік күйме жауынгерлерінің тарихи атақонысы, тарихи Отаны мәселесін зерттеу бойынша онжылдықтар бойы орыс және шет тілдеріндегі әдебиеттердің үлкен жиынтығы жиналды (Witzel, 2018; Кузьмина, 1994; Кузьмина, 2008; Генинг, Зданович, 1992). Соңғы онжылдықтарда бұл мәселені зерттеуге Еуразиялық даланың археологиялық көздері белсенді түрде тартылуда: ям мәдени қауымдастығы, катакомбна, ранесрубна, синташта, петров археологиялық мәдениеттерінің материалдары жұмылдырылуда. Андронов археологиялық мәдениеті, индоарийлер археологиясы, соғыс арбасының тарихы, этногенезі және мәдени

генезисі бойынша монументалды еңбектер шықты (Кузьмина, 1994; Кузьмина, 2008; Генинг, Зданович, 1992; Athony, 1998; Порко, 1992). Жыл сайын жаңа ашылымдар орын алып жатыр. Әсіресе маңызды ескерткіштер қазақ даласының аумағынан табылуда.

Біздің мақаламыз негізінен Қазақстан аумағындағы қола дәуірінің материалдарына арналған. Далалық қола дәуірі археологиясынан туындайтын мәселе бойынша негізгі тарихи тұжырымдар мамандарға жақсы белгілі. Біз Қазақстан аумағындағы қола дәуіріндегі дала халқының әлемдік тарихи үдеріске қосқан үлесін атап өту мақсатын қойып отырмыз. Біздің шетелдік бірлескен автор – профессор Михл Педрацки осы мәселенің тарихи-лингвистикалық әзірлемелерімен бөліседі.

Материалдар мен әдістер

Археология тапсырманы зерттеуде тарихи лингвистикадан бастап ақпараттық басқару әдістеріне дейінгі әртүрлі әдістер жиынтығына жүгінеді. Археология ғылымының ерекшелігі – материалдың едәуір мөлшерін жинақтаған кезде ғана оны теориялық түсіну мүмкіндігі қалыптасады. Сондықтан, далалық археология әдістерінен басқа – стратиграфиялық, типологиялық, ғылыми сипаттама, негізделген тұжырымдарға ұқсастық сияқты гуманитарлық және жаратылыстану әдістерінің жиынтығы қолданылады.

Үнді-арийлік тайпалардың шығу тегі мен тарихи Отанын іздеу мәселесін зерттеуде археология оны құрайтын элементтердің барлық қасиеттері мен байланыстарын ашатын жүйелік талдау әдісін кеңінен пайдаланады. Нақты-тарихи әдіс даталаудың жаратылыстану-ғылыми әдістерін пайдаланумен және жазбаша дереккөздердің мәліметтерімен диахронды салыстырумен негізделеді.

Археологиялық дереккөздерді тарихи түсіндіруде өркениеттік тәсіл қолданылады. Авторлар Еуразия дала белдеуінің ежелгіліктерін түсіндіруде дала өркениеті тұжырымдамасының шектен тыс әуестенуі турасындағы сыни ұстанымдармен таныс екенін атап өткен жөн (Епимахов, 2014). Алайда, ежелгі қоғамдар мен мәдени құрылымдардың тарихи даму деңгейін анықтау ретінде бұл тұжырымдаманы әлі ештеңемен алмастыруға болмайды деп санаймыз. Оның үстіне, тарихи ой теоретиктері (Ф. Энгельс, Г. Чайдл) бір

кездері атап өткен «өркениет» ұғымының көптеген көрсеткіштері бар (Childe, 1950).

Аталған мәселенің контекстінде Таяу Шығыс өңіріне келген күймеші жауынгерлер мәдениетінің дала бейнесін негіздеу үшін б.з.д. III мыңжылдықтың аяғы мен II мыңжылдықтың басындағы Оңтүстік Орал мен Солтүстік Қазақстан даласының қола дәуірінің археологиялық мәдениеттерін сипаттау және олардың субмәдениетінің элементтерін бөліп көрсету қажет. Оларға ірі елді мекендердің болуы, әскери іс пен мамандандырылған қолөнердің дамуының жоғары деңгейі кіретін протокала мәдениеті жатады. Бұған жауынгерлік арбалар мен күйме кешені айқын дәлел болып табылады. Бұл құбылыста біз бірде-бір егін шаруашылық мәдениетін зерттеуші ғалым далалықтарға оларды басқалар, яғни, «алдыңғы қатарлы дамыған», көрші (яғни егіншілікпен айналысатын) қауымдар дайындап берді деп айта алмайды деген өте сирек жағдайға тап боламыз. Ал мақаланың екінші бөлімінде Ежелгі Шығыс елдерінде дала мәдени стандартының енуінің, таралуының тарихи-лингвистикалық фактілері баяндалған.

Нәтижелер мен талқылау

Қазақстандағы қола дәуірі б.з.д. XXII-X ғасырлармен белгіленеді. Төменгі шегі петров (ертеандроновтық) көнеліктермен анықталған, көптеген ғалымдардың пікірінше ол Оңтүстік Орал мен Солтүстік Қазақстандағы синташта мәдениетімен үндеседі (Бестамақ, Халвай III обалары) (Логвин, 2017; Григорьев, 2018: 37). Жоғарғы шегі Сарыарқа даласы мен жалпы Орталық Азиядағы темір дәуіріне өтпелі кезеңмен шектелген (Бейсенов, 2018: 171).

Қола дәуіріндегі Қазақстанның материалдық мәдениеті андроновтық мәдени-тарихи тұтастық дамуының үш бағытының ескерткіштерінен тұрады, олар: (алакөлдікке дейінгі, алакөлдік, феодоров (нұра), беғазы-дәндібай мәдениеттері).

Қазақстандағы қола дәуірінің протокалалық өркениеті. Қазақстанның ежелгі дәуір тарихында бұл кезең – өркендеу дәуірі деп қарастырылады. Негізгі шаруашылық кәсібі бақташылық мал шаруашылығы, кетпенді егіншілік болды, қолөнердің жекелеген салалары (тоқыма, қыш, құрылыс) белсенді дамуда. Андронов дәуірінің басты жетістігі – металлургия мен металл өңдеу дамыды. Полиметалл кендерін өндіру, жасанды материал – қоланы балқытуға арналған күрделі

технологиялық пештерді ойлап табу әскери істің дамуына, қару-жарақтың жаңа түрлерінің пайда болуына, еңбек құралдарының құрамы мен сапасының жақсаруына алып келді. Демографиялық өсу байқалды, бұған Солтүстік және Орталық Қазақстанның қола дәуірі ескерткіштерінің көп болуы дәлел бола алады. Археологиялық ескерткіштердің ең көп саны осы қола дәуіріне тиесілі екені белгілі. Олардың шоғырлануына қарағанда, төрт мың жыл бұрын Ежелгі Қазақстанның даласы оның тұрғындары үшін «жерұйық», Арианам Вәйджу – «арий кеңістігі» іспеттес болды деп айтуға болады.

Өркениет деңгейінің көтерілуі б.з.д. III–II мыңжылдыққа келеді. Бұл синташта, петров археологиялық мәдениеттерінің уақыты. Басты критерий – әлеуметтік стратификация түріндегі қоғамның күрделі әлеуметтік құрылымы – тек әлеуметтік ғана емес, сонымен қатар технологиялық салада да кәсіби мамандарды бөлу болды. Археологиялық дереккөздерде бұл процесс протокалалардың пайда болуынан – белгілі бір аумақтық оазистердің орталықтары, металлургияның гүлденуі, металл өңдеу, арбаны барлық жиынтығымен ойлап табу сияқты элементтерден көрінеді.

Қазіргі Қазақстан мен Оңтүстік Орал далалары аумағының байырғы қалалық мәдениеті адамзат тарихы үшін ерекше маңызды болып табылады. Көптеген ғалымдардың пікірінше, мұнда ежелгі арийлердің атақонысы болған, Заратуштра пайғамбар осында тұрып, уағыздарын жүргізген (Бойсе, 1975: 1). Бұл туралы белгілі ирантанушы, Лондон университетінің профессоры Мэри Бойс келесідей жазады: «Зороастр пайғамбар көне заманда өмір сүргені соншалық, тіпті ізбасарлары оның қашан және қайда болғанын ұмытып кеткен, ал бұрындары әртүрлі Иран елдері өз Отанын оның тақуалық орны ретінде айқындауға ниетті болған.... Зороастр жасаған гимндердің мазмұны мен тіліне сүйене отырып, қазір ол Еділдің шығысындағы Азия далаларында өмір сүргені анықталды» (Бойс, 1988: 3).

Оның ілімі кейінірек авраамдық діндермен (иудаизм, христиан, ислам), сондай-ақ махаяна буддизмімен сіңісіп кетті. Бұл тұрғыда далалық Қазақстанның қола дәуіріндегі протокала мәдениеті адамзаттың рухани дамуының негізгі факторы болып табылады.

Қола дәуірінің протокала мәдениеті XX ғасырдың 70-80-ші жылдары Солтүстік Қазақстанда Есіл өзенінде және Оңтүстік Оралда ашылды. Қорғаныс қабырғалары бар алғашқы

қоныстар, күйме табынуының қалдықтары бар қорғандар 70-ші жылдардың басында Есіл өзенінде ашылған болатын. Алайда, олар 80-ші жылдардың II жартысында «Қалалар елі» ашылғанға дейін археологтардың назарын өзіне аударта қойған жоқ (Зданович, 2003).

Солтүстік Қазақстан мен Оңтүстік Орал территориясындағы б.з.д. XXIII-X ғғ. протоқалалық өркениет құбылысын ашу мен зерттеу, ең алдымен, кеңестік және ресейлік археолог, тарих ғылымдарының докторы Г.Б. Здановичтың ғылыми қызметімен, сондай-ақ 1960 жылдары мен 1990 жылдары аралығында жүргізілген Солтүстік Қазақстан және Орал-Қазақстандық археологиялық экспедиция жұмыстарымен байланысты (Зданович, Иванова, 2018: 9-21).

Солтүстік Қазақстан далаларында ерте алакөл мәдениетінің бекітілген қоныстарының жүйесі табылған, олардың ішінде протоқалалық типтегі Явленка I, Новоникольское I, Бишкуль IV, Боголюбово I, Петровка I, IV, Вишневка I, Аркаим, Камысты сияқты ерекше ескерткіштер бар. Олардың ішінде ең көбірек зерттелген ескерткіштер – Новоникольское I және Петровка II қоныстарының қорған бекіністерімен шектелген болжамды ауданы 5700 және 8400 ш.м. тең. Тұрғын үй формасы тікбұрышты. Ерте алакөл мәдениетінің протоқала типтес ескерткіштері «қалалар елдері» ескерткіштерінің қатарына кіреді. Терминді Синташт және Арқайым қоныстарын ашқаннан кейін Г.Б. Зданович енгізді. Осы үлгідегі ескерткіштерде керамиканың, металл бұйымдарының бай жинақтамалары, сондай-ақ дөңгелек белгілемелері табылған (Рорко, 1992: 7-9). Олар тұрақты орналасумен, тығыз құрылысымен, тікбұрышты тұрғын үйлер формаларымен сипатталады (Зданович, 1983: 50-53).

Қола дәуіріндегі протоқалалардың келесі үлкен ауданы XX ғасырдың 80-ші жылдары Оңтүстік Оралда ашылды. 21 ескерткіш көлеміндегі бекіністі орталықтардың ықшам аумағы «Қалалар елі» деген атауға ие болды. Оның аумағы Оңтүстік Оралдың шығыс беткейлері мен меридиан бойымен 350 км және ендік бойынша 150-200 км дейін созылады. Ескерткіштің негізгі түрі – ішкі орналасуы айқын және күшті қорғаныс қабырғалары бар елді мекен болып табылады. «Қалалар елі» б.з.д. XX-XVIII/XVII ғасырларға жататын синташта мәдениетіне жатады (Григорьев, 2018: 37).

«Қала елдері» ескерткіштері – бұл елді мекен тұрғысынан дөңгелек, сопақша немесе

тікбұрышты, ішкі ағаш қаңқасы бар саздан жасалған бекініс қабырғаларымен қоршалған. Қабырғалары терең арықтармен қоршалған. Ең ірі дөңгелек жоспарлы қоныстардың диаметрі 150-160 м., ішкі цитадельдердің өлшемдері 85-90 м. құрайды. Г.Б. Здановичтің пікірінше, бұл алаңдар тек ауылды аймақты қорғауға, адамдардың өмір сүруіне, демалуына және орын ауыстыруына жағдай жасауға арналған. Барлық шаруашылық және өндірістік қызмет қалашықтың сыртына шығарылған (Зданович, Батанина, 2003: 79).

Оңтүстік Орал мен Солтүстік Қазақстанның «Қала елдері» қоныстары көбінесе Ригведаның сипаттамаларына сәйкес келеді. Олардың кейбіреулері орталық алаңның айналасында екі дөңгелек қабырға сақиналары бар ведалық трипураларға ұқсас болды (Witzel, 2018: 2). Бұл елді мекендер әкімшілік және салтанатты орталықтар болған шығар. Олардың әрқайсысында 1000-2000 адам өмір сүрді. Олардан мыс балқытудың іздері табылды. Протоқалалардан табылған керамика мен қола бұйымдары сол кездегі Еуропаның мәдениеттерімен байланысын анықтайды (Witzel, 2018: 2).

Протоқала типтегі ескерткіштер оңтүстікке қарай – Қазақстанның батыс аймағында да танымал. Олар Тоқсанбай, Айтман, Манай-сор елді мекендерінде кездеседі. Аталған қамал тұрғызылған орталықтар тармақталған инфрақұрылымға, қорғаныс құрылыстарына ие болды. Металлургиялық, былғары, керамикалық қолөнер қалдықтары анықталды. Тас тұрғын үйлер жоспарлары бойынша сопақ болды. Тұрғын үйлердің сақиналы жоспары бар Тоқсанбай қонысында «кан» типті түтіндік каналдар арқылы тұрғын үй құрылысын жылумен жылытудың астыртын жүйесі болды (Самашев, 2020).

Үлкен орталықтар бүкіл Андрон дәуірі бойында өмір сүруді жалғастырды. Олар әлі де жеке оазистердің орталығы болып қала береді. Орталық Қазақстанда оларға Кент, Атасу, Шортанды-Бұлақ қоныстары, Ертіс бойында – Семияр қонысы жатады (Варфоломеев, 2003; Мерц, 2017). Бұл ескерткіштер тұрғын үйлердің тығыз орналасуымен, құрылыстардың (100 нысанға дейін) және халықтың көптігімен сипатталады. В.В. Варфоломееваның пікірінше, Кент елді мекенінде 5 мыңға жуық адам тұрған (Варфоломеев, 2003: 95).

Тұрақты болжамды жалпы ауданы – 672 000 шаршы метрден кем емес. Ескерткіштер

орналасуы бойынша екі шоғырланған сызықтармен қапталған әрі тығыз орналасқан төртбұрышты және тікбұрышты құрылымдардан тұрады және жағалау бойымен меридианмен салынған. Ескерткіште жүздеген тұрғын үй, шаруашылық, салт-дәстүрлік мақсаттағы ғимараттар бар. Керамикадан, қоладан, сүйектен зергерлік бұйымдар, тұрмыстық заттар, қару-жарақ түріндегі бай коллекциялар алынды, олардың арасында ат әбзелдері, коньки, инелер, діни маңызы бар заттар бар (Мерц, 2017). Бұл ежелгі жасаушылардың шеберлігінің жоғары деңгейін көрсетеді. Сонымен қатар, бекіністі орталықтармен бірге бекінбеген елді мекендер қатар өмір сүрді. Олардың бір мәдениет шеңберіндегі синхронды өмір сүруі адамдардың әлеуметтік-стратиграфиялық принцип бойынша қоныстануын көрсетеді.

Әскери күймелердің петров (ертеалакөлдік) мәдениеті. Қазіргі таңда синташта мен петров мәдениеттерінің 300-ден астам қорғандары қазылған. Өлгендер үлкен жерасты табыттарын жабатын қорғандарға жерленді. Едені, қабырғалары, төбесі күйдірілмеген кірпіштерден қаланды. Қабірлерде балшықтан жасалған төбешіктер болған, олар Ригведа жинағындағы «сазды үй» терминімен байланысты болуы мүмкін (RV 7.89.1). Жылқы құрбандықтары (ведальк: «ашвамедха») жерлеу камераларында да, оның қоймасында да жасалды.

Қабірлерде көбінесе диаметрі бір метрге дейін және саны онға дейін жететін тоқылған дөңгелектері бар жеңіл арбалар болады (ведальк: «ратха», «раса») (Gening, 1979: 3-4; Anthony, Vinogradov, 1995: 36-41). Жерлеу орындарының бірінде зерттеушілер марқұмның басы аттың басына ауыстырылғанын анықтады. Оның басы аяқтарына қойылды. Тізе жанында сиыр басы мен сүйек түтігі орналасқан болатын (Кузнецов, Кузнецова, 1994: 115). Мұның бәрі Ригведальк мифтің суреттемесіне ұқсайды, онда Индра құдайы кейіпкерлердің бірінің басын кесіп, содан кейін оны аттың басымен алмастырады. Ал сүйек түтігі сонымен қатар Ригведаның Йима әлемінде, Ата-бабалар патшалығында осы құралды қолданатындығы туралы ескертулерімен байланысты (Witzel, 2018).

Күймелердің жасанды түріне қабір үстіне жылқылар жұбын жерлеуді айтады. Жылқылар бүйірімен, бір-біріне арқасын тосып жатыр (Зданович, 1983: 54). Қазақстан территориясында дөңгелектік бейнелемелер Кеңес, Ұлыбай, Бірлік II, Бектеңіз, Ақсайман, Графтық құламалар,

Бестамақ (Солтүстік Қазақстан), Сатан, Нұртай, Ащысу, Бозінген, Аяпберген, Талды I (Орталық Қазақстан) сияқты алакөлдік мәдениеттің петрлік типтегі қорғандарында кездеседі.

Жерлеу орындарынан күйме кешенінің заттары табылды. Бұл жылқыларды басқаруға арналған сүйек сулықтар және қару-жарақ жиынтығы. Қазақстан аумағындағы сүйекті ауыздықты сулық ескерткіштері де келесі тұрақтарда кездеседі: Ақсайман, Бірлік II қоныстары, Новоникольское, Петровка II қоныстары, Ащысу, Сатан, Бірлік қоныстары (Буусе, 1975: 71). Қашықтықтан ұрыс қаруының арасында дөңгелек-ромбтық өзегі бар, құлақсыз, тұтас құйылған тығынға (Бектениз, к.4, Ащысу, к.3, Талдинский I, к.7) бекіту тесіктері бар найзалардың ұштықтары (Бойс, 1988: 226), сондай-ақ екі жақты, ретушь техникасында жасалған, қысқа сабы бар және тік жебе асты пішінді кремнийлі жебе ұштары анықталды. Қазақстан аумағында ашық тығыны бар металл ілгек қармақ табылды (Ащысу, к. 1). Бұл жерде ілгекті ағашқа байлап, осы қарумен қарсыластың атына тепе-теңдігін сақтауға мүмкіндік бермеу үшін қолданылған деген болжам айтуға болады (Кузьмина, 2008:101). Петровка мәдениетінің жерлеуінде Қазақстан аумағында жебенің ұштарын қысқа саппен (Ащысу, к.1) біріктіруге арналған сүйек муфтасы бар ұшы табылды. Петров ескерткіштерінде пышақ-қанжарлар мен шапқылар табылды. Сарыарқа даласында шапқылар Кеңес, Ақсайман, Талды I, Нұраталды-1 ескерткіштерінде кездеседі.

Осылайша, қола дәуірін Орал-Қазақстан даласы келесі көрсеткіштер кешенімен сипаттайды: протокалалар, дұрыс жоспарланған ірі қоныстар, жылқылар мен күймелерді көметін қорғандар, күйме дайындауға қажетті әртүрлі үлгідегі құрал-саймандар, қару-жарақпен жерлеу элементтерінің болуы. Дала мәдениетінің өркендеуінің бастапқы серпіні энеолит дәуірінде жылқының қолға үйретілуі болды (б.з.д. IV-III мыңжылдықтың соңы – Ботай археологиялық мәдениеті). Бұл серпіліс ұтқырлықты қалыптастырды, трансконтинентальды көші-қонға, жаңа кеңістікті игеруге жағдай жасады. Ежелгі үндіарий-андронов қозғалысының негізгі векторы оңтүстік ауылшаруашылық аймақтарына бағытталды.

Далалық аймақтардан Үндістан мен Иранға бағытталған арийлік бағыт бүтінде біз үшін түсініксіз. Мүмкін, арий тайпаларының бір бөлігі Бактрия-Маргиан археологиялық кешеніне

қарай жылжып, Яз мәдениетін қалыптастыруда маңызды рөл атқарған болар, алайда олардың бұдан кейінгі тағдыры бізге белгісіз (Hierbert, 1988; Hierbert T., 1995; Mallory, 1998; Athony, 1998; Witzel, 2018: 3).

Мәдениеттің жекелеген компоненттерінің одан әрі таралуы, атап айтқанда, әскери күйменің пайда болуы бізді Месопотамия, Сирия, Палестина, Анадолы және Египет аумағына апарды, себебі ол аймақтарда бөтен тайпалар сырттан келгенге дейін есектер мен жабайы есектер жегілген қатты ағаш дөңгелектері бар арбалар қолданылған. Б.з.д. XVI-XV ғғ. бұл аумақтарда жылқылар тартқан арбалық көлік пайда болады. Ғалымдардың пікірінше, мұнда жаңа әскери технологияның пайда болуы сына мәтіндерінде жазылған «ракибнаркабти» немесе «марьянну» сияқты жауынгерлердің келуімен байланысты (Зданович, 2011: 46).

Бұл контексте атап өту керек жәйт бар, ол бойынша б.з.д. XVI-XV ғасырлар тоғысында Месопотамия, Сирия, Палестина, Анадолы және Египет аймақтарында аяқ астынан жылқылар тартқан арбалық көлік пайда болады (ол аймақтарда бұрындары есектер мен жабайы есектер жегілген қатты ағаш дөңгелектері бар арбалар қолданылған). Жалпы қабылданған тезиске сәйкес, әскери техниканың бұл жаңа түрі сына жазу мәдениеті аймағынан тыс жерде пайда болды және оны сына жазуларында «ракибнаркабти» немесе «марьянну» деп аталатын элиталық жауынгерлер тобы алып келді (Drews, 1994; Fournet, 2010; Mayrhofer, 1986-2000; Witzel, 2001; Fournet, 2011; Popko, 1992: 58).

Ақкадтық «ракибнаркабти» термині «арбаларды басқарушылар» деп аударылады. «Марьянну» термині этимологиясының анықтамасы нақты анық емес. Көбінесе «марьянну» термині санскрит термині ретінде көптік жалғаумен қолданылады және «жас жауынгер» дегенді білдіреді, ал бұл осы топтың үнді-иран тамырлары туралы айтады (Mayrhofer, 1982; Paul, 1960; Popko, 1992).

«Марьянну» Орталық Азия далаларынан келген болар. Олар бас кезінен-ақ қазақ даласындағы протокалалық, протоарийлік мәдениетпен байланысты болуы мүмкін. Таяу Шығыста олар күшпен ең жоғарғы позициялар мен билікті жиі жаулап алып отырды. Сондай-ақ олар Митаннидегі хурриттер билеуші әулеті «марьянну» тайпасынан шыққан, сондықтан да «марьянну» жеке топқа – жауынгерлер элитасына

кірген деп саналады (Popko, 1992: 57-58). Бұл сонымен қатар билеушілер арасында үнді-иран есімдерін қолдану арқылы дәлелденеді, мысалы, Артатама есімі үндіирандық «Ритадхама», яғни «Шындықта өмір сүруші», Арташумара есімі «Ритасмара» – «Ақиқатты еске алушы», Штуттарна «Су-таран», яғни «Жақсы/тиімді көмек», Тушратта есімі «Туишератта/Твешаратха» – «Тоқтату мүмкін емес арба», Шаттиваза «Сати-ваджа», яғни «Олжаны әкетуші» деген мағыналардан шыққан. Бұл топтың көптеген басқа атауларында нақты этимология жоқ, бірақ олардың құрылымы үнді-ирандық екені белгілі. Мұндай есімдерді тек Митанни билеушілері ғана емес, сонымен қатар Оңтүстік Анадолы, Сирия және Палестинаның көптеген облыстары мен қалаларының патшалары мен ханзадалары иеленген (Popko, 1992: 57-61).

Сирия мен Палестина территориясынан аталған атауларды талдау фонетикалық өзгерістерге байланысты қиын, бірақ олардың көпшілігі үшін санскрит және ежелгі иран дереккөздерінен ұқсастықтарды табуға болады (Popko, 1992: 61).

Митанни патшаларының үнді-ирандық шығу тегінің тағы бір дәлелі – Хетт патшасы Суппилиум мен Митанни билеушісі Шаттиваза (б.з.д. 1380 ж.) арасындағы келісімді келтіруге болады, онда Митра, Варуну, Индра және Насатьев (Ашвин) сияқты классикалық үнді-иран құдайлары туралы айтылады (Fournet, 2011). Үндіирандық әсерлер көршілес Вавилонияда байқалады. Б.з.д. XVII мен XII ғасырлар арасында шығыстан келіп, билікті басып алған касситтер әулеті билік етті. Кассит тілі үнді-еуропалық тілдер семьясына жатпайды, бірақ үнді-иран және хуррит тілдерінің ерекшеліктеріне ие болды. Касситтердің үнділік құдай Сурьяға табынуы касситтер мен марьяннулар арасындағы қандай да бір өзара байланыстың болғанын меңзейді (Popko, 1992: 58).

Сірә, үнді-ирандық «марьянну» бұл Ежелгі Шығыс халықтарына жылқыларды өсіру және жаттықтырумен таныстырған және оларға жеңіл әскери күймелерді қолдануды үйреткен болар. Мұны Киккули атты хуррит жазған жылқыларды оқыту туралы хетт трактаты растайды (Nyland, 2009; Raulwing, 1996; Starke, 1995). Ол көптеген үнді-иран тіркестерін қамтиды, мысалы: «айка» – «бір»; «тер(а)» – «үш»; «панза» – «бес»; «сатта» – «жеті»; «на» – «тоғыз» дегенді білдіреді. Сонымен қатар, басқа тіркестер де бар, мысалы: «вартанна» – «қоршаған орта (жүгіру жолы)» және «вассана»

– «жүгіру жолы» ұғымын көрсетеді. Киккулидің өзі өзін «асусанни» деп анықтайды, бұл сөз үнді-ирандық «асва» – «жылқы» деген сөзден шыққан және, мүмкін, жылқы өсірушіні білдіреді. Осы типтегі басқа терминдер Нузи қаласынан шыққан құжаттарда пайда болады және жылқы жапқышының түсіне қатысты болуы мүмкін, ал олардың Үнді-ирандық шығу тегі оңай анықталады (Рорко, 1992: 61).

Б.з.д. XVII ғасырда Египетті басып алған Гиксостардың да (Stiebing, Wiliam, 1971; Bright; Hitti, 2004) үнді-ирандық «Марьяннумен» белгілі бір байланысы бар сияқты. Сол кезде мысырлықтарға белгілі болмаған соғыс күймелері мен композициялық (күрделі) садақтарды қолдану арқылы олар Ніл дельтасын тез жаулап алып, онда XV әулет деп аталатын әулетті құрды. Гиксостың этникалық шығу тегі белгісіз. Олар Египетке Палестина тарапынан енген. Бұл семиттер басым болған этникалық гетерогенді топ болған шығар, бірақ олардың ат арбалары мен композициялық садақтары, сондай-ақ атпен жерлеу тәжірибесі расталған фактілер олардың құрамында көптеген үнді-ирандықтар болғанын айтады (Stiebing, Wiliam, 1971; Bright; Hitti, 2004).

Ливияның терең шөлінде «марьяннудың» болуы туралы өте жұмбақ сілтемелер XVIII әулеттің (б.з.д. XIII/XII ғасыр) перғауыны Меренптахтың билік ету кезеңіндегі мысырлық мәтіндерде келтірілген (Mohamed Raafat Abbas, 2013). Олардың ішінде Ливиялық «марьянну» – сол жерде қызмет еткен жалдамалылар. Бұл мәтіндер Митанни патшалығы құлағаннан кейін бірнеше ондаған жылдар өткен соң жазылған болатын. Бұрынғы үнді-иран әскери ақсүйектерінің митаннидің бұрынғы билік позициясынан айырылған бұл фрагменттері Сиро-Палестина, Анадолы, Египет қалаларында және тіпті Ливия шөлінде жалдамалы болып, жоғары әскери біліктілігін пайдаланған болуы мүмкін.

Үнді-ирандықтардың шығу тегін зерттеуде және олардың қола дәуірінің ежелгі Шығыс аумағындағы әлемдік этномәдени өзара іс-қимылдағы рөлін анықтауда бұрынғы Митанни астаналары – Вашуганни мен Тайденің табылуы мен олардың архивтерін қарастыру маңызды рөл атқаратын еді. Қазіргі уақытта Митаннидің бізге белгілі жалғыз құжаттары – патша Тушраттаның Аменхотеп III, IV перғауындарға және Тейе патшайымға жазған хаттары мысырлық Амарнадан табылған болатын (Rainey, Schniedewind, 2014).

Митанни бұрынғы астаналарын іздестіру Хабурдың жоғарғы ағысында (Евфраттың сол саласы) шоғырланған болатын. 1950 жылдары Вашуганни Хабурдың бастауындағы Таль Фаххаридж деп ойлады, бірақ Тушраттаның Египет билеушілеріне жазған хаттары бар сына тәрізді тақтайшалар жасалған саз Таль Фаххариджде қол жетімді материалдың табиғи қасиеттерінен айтарлықтай ерекшеленетіні белгілі болды (Рорко, 1992: 18).

Хабурдың жоғарғы бассейні мен оның Джагжаг ағыны өзіне тән үшбұрышты құрайды, оның өрісі Тур-Абдин тауларында пайда болған көптеген вади (мезгіл-мезгіл құрғап жатқан өзендер) арқылы өтеді. Оңтүстік-батыстан үшбұрыш Абд әл-Азиз жоталарымен, ал оңтүстік-шығыстан – Синджар тауларымен шектелген. Қазіргі уақытта өте қызықты емес және халқы аз бұл аймақ ежелгі уақытта мүлдем басқаша болған. Климаты ылғалды болды, бүгінгі вади суға толы болды, бұл елді мекендер мен ауыл шаруашылығының дамуына ықпал етті. Археологтар мұнда мыңға жуық теллиді (бұрынғы қалалар мен елді мекендердің қирандыларын жабатын төбелер) анықтады (Рорко, 1992: 61).

Митаннидің екінші астанасы Тайдемен археологтар сириялық Телл Бракты немесе Телл Хамидияны байланыстыруға тырысты, бірақ екі әрекет те сәтсіз болды.

Қорытынды

Қазақстан даласынан әскери және саяси элитаның келуін растайтын факт ежелгі Митанни астаналарының сына жазба мұрағаттарының табылуы болар еді. Бұрынғы Митанни астаналарын іздеуді Түркияның оңтүстік-шығысында Тур-Абдин үстіртінде және Мардин провинциясының қалған бөлігінде жалғастыру керек. Бұл аймақ қола дәуірінде тығыз қоныстанған болды. Б.з.д. III мыңжылдықтан бастап оны хурриттер мекендеді, жаңа дәуірге дейінгі II мыңжылдықта ол Митаннидің орталығына айналды және, мүмкін, Орталық Азия даласынан шыққан осы хуррит елінің үнді-иран билеушілерінің астаналары болған шығар. Олардың сарай мұрағаттарының табылуы Таяу Шығыстың қола дәуіріндегі тарихын зерттеуге үлкен үлес қосар еді және сол кезеңдегі Ұлы Дала мәдениетін зерттеуге көмектесіп, үнді-еуропалықтардың ежелгі тарихын жақсы түсінуге ықпал етер еді.

Әдебиеттер

1. Anthony D, Vinogradov N. B. The birth of the chariot// *Archaeology*. – 1995. – Vol. 48. – №2. – P. 36 – 41.
2. Athony D. “The Opening of the Eurasian Steppe at 2000 BCE”, in: [ed.:] Mair V. *The Bronze Age and Early Iron Age Peoples of Eastern Central Asia*. *Journal of Indo-European Studies*. – 1998. – P. 94-113.
3. Boyce M. *A History of Zoroastrianism: Volume I: The Early Period*, Leiden/ New York, Koln. – 1975. p. 1
4. Bright J. *A History of Israel*. - Westminster, John Knox Press. – 60 p.
5. Childe G. *Urban Revolution// Town Planning Revue*. – 1950. – Vol.21. - №2.
6. Drews R. *The Coming of the Greeks: Indo-European Conquests in the Aegean and the Near East*. – Princeton, Princeton University Press, - 1994. – 59 p.
7. Fournet A. About the Mitanni Aryan gods, *Journal of Indo-European Studies*. – 2010. – Vol. 38 (1-2). – P. 26–40.
8. Fournet A. The Kassite Language in a Comparative Perspective with Hurrian and Urartean//*The Macro-Comparative Journal*. – 2011. 2. – P. 2-19.
9. Gening V.F. The Cemetery at Sintashta and the Early Indo-Iranian Peoples//*Journal of Indo-European Studies*. – 1979. – 7. – P. 4.
10. Hierbert F.T. «Central Asians on the Iranian Plateau: A Model for Indo-Iranian Expansionism»// in [ed.:] Mair V. “The Bronze Age And Early Iron Age Peoples of Eastern Central Asia” (*Journal of Indo-European Studies*; Monograph 26). - Washington/ Philadelphia: The Institute for the Study of Man / The University of Pennsylvania Museum Publications. - 1998. – P. 148-161
11. Hierbert T. South Asia from a Central Asian perspective//In: [ed.] G. Erdosy, *The IndoAryans of Ancient South Asia, Indian Philology and South Asian Studies 1*, Berlin/New York: de Gruyter. – 1995. – P. 192-212.
12. Hitti P.K. *History of Syria: Including Lebanon and Palestine*. - New York: Macmillan, 2004. – 146 p.
13. Mallory J. M. *A European Perspective on Indo-Europeans in Asia*//in: [ed.:] Mair V. *The Bronze Age and Early Iron Age Peoples of Eastern Central Asia*, *Journal of Indo-European Studies*. – 1998. – P. 175-201.
14. Mayrhofer M. *Etymologisches Wörterbuch des Altindoarischen*, Heidelberg. 1986 – 2000. II. 293p.
15. Mayrhofer M. *Etymologisches Wörterbuch des Altindoarischen*. 3 vol. - Heidelberg: Carl Winter, 1992-2001. Welches Material aus dem Indo-arischen von Mitanni verbleibt für eine selektive Darstellung?, [in] [ed]. E. Neu *Investigationes philologicae et comparativae: Gedenkschrift für Heinz Kronasser*. – Wiesbaden: O. Harrassowitz, 1982. – P. 72-90.
16. Mohamed Raafat Abbas *The Maryannu in the Western Desert during the Ramesside Period Abgadiyat, Calligraphy Center Bibliotheca Alexandrina*. – 2013. - № 8. – P. 127-132. –UPR: <https://www.academia.edu/8744410>.
17. Nyland A. *The Kikkuli Method of Horse Training*, Armidale, 1993; *The Kikkuli Method of Horse Training, Revised Edition*, Sydney, 2009.
18. Paul Thieme *The ‘Aryan Gods’ of the Mitanni Treaties*// *Journal of the American Oriental Society*. -1960. – Vol. 80. – P. 301-317.
19. Popko M. Huryci. Warszawa, Państwowy Instytut Wydawniczy. – 1992
20. Rainey A.F., Schniedewind W.M. *The El-Amarna Correspondence: A New Edition of the Cuneiform Letters From the Site of El-Amarna Based On Collations of All Extant Tablets*. – Boston: Brill, 2014.
21. Raulwing P. Zur etymologischen Beurteilung der Berufsbezeichnung assussanni des Pferdetrainers Kikkuli von Mittani//in: “Man and the Animal World, Studies in Archaeozoology, Archaeology, Anthropology and Paleolinguistics in memoriam S. Bökönyi”. Budapest, 1996. –P. 1-57.
22. Starke F. *Ausbildung und Training von Streitwagenpferden, eine hippologisch orientierte Interpretation des Kikkuli-Textes, Studien zu den Bogazkoy*. -1995. - 4.
23. Stiebing J., Wiliam H. *The Hysksos Burials in Palestine: A Review of the Evidence*// *Journal of Near Eastern Studies*. – 1971. Vol. 30(2). – P. 110-117.
24. Witzel M. *Autochthonous Aryans? The evidence from Old Indian and Iranian texts* // *Electronic Journal of Vedic Studies*. -2001. – Vol. 7 (3). -P. 1–115. [Electronic resource]. - URL: <https://crossasia-journals.ub.uni-heidelberg.de/index.php/ejvs>) (Accessed: 06.01.2020)
25. Witzel M. *The Home of the Aryans* [Electronic resource]. – URL: <http://www.people.fas.harvard.edu/witzel/AryanHome.pdf> (Accessed: 06.01.2020)
26. Бейсенов А.З., Варфоломеев В.В., Касеналин А. *Памятники бегазы-дандыбаевской культуры Центрального Казахстана*. – Алматы: Ин-т археологии им. А.Х. Маргулана, 2014. – 192 с.

27. Бойс М. Зороастрийцы. Верования и обычаи. 2-е изд, исправл. – Москва: Наука, 1988. – 302 с.
28. Варфоломеев В.В. Кент и его округа // Степная цивилизация Восточной Евразии. Древние эпохи. Т.1 – Астана: KULTEGIN, 2003. – С.101-107.
29. Генинг В.Ф., Зданович Г.Б., Генинг В.В. Синташта. – Челябинск: Южно-Уральское Издательство, 1992. – 408 с.
30. Григорьев С.А. Проблема хронологии синташтинской культуры // Степная Евразия в эпоху бронзы: культуры, идеи, технологии. Сб. научных тр. К 80-летию Г.Б. Здановича. – Челябинск, 2018. – С. 37-61.
31. Епимахов А.В. О степных «цивилизациях» бронзового века // Арии степей Евразии: эпоха бронзы и раннего железа в степях Евразии и на сопредельных территориях. – Барнаул: Алтайский Гос. ун-т, 2014.
32. Жауымбай С.У., Кукушкин И.А., Кукушкин А.И., Дмитриев Е.А., Шохатаев О.С. Новые сведения о ранней истории андроновских племен Центрального Казахстана (по материалам кургана 7 могильника Талдинский-1) // Археология Казахстана. – 2018 – № 1-2 – С. 224-234.
33. Зданович Г.Б. Основные характеристики петровских комплексов Урало-Казахстанских степей (к вопросу о выделении петровской культуры) // Бронзовый век степной полосы Урало-Иртышского междуречья. Челябинск, 1983. – С. 48-68.
34. Зданович Г.Б., Батанина И.М. Укрепленные центры эпохи средней бронзы в Южном Зауралье // Степная цивилизация Восточной Евразии. Т.1. Древние эпохи. -Астана: KULTEGIN, 2003. – С. 72-87.
35. Зданович С.Я., Иванова Н.О., Таирова А.А. 56 полевых сезонов археолога Г.Б. Здановича. Часть I (1962-1982) //Степная Евразия в эпоху бронзы: культуры, идеи, технологии. Сборник научных трудов к 80-летию Геннадия Борисовича Здановича. – Челябинск: Издво ЧелГУ, 2018. – С.9-32.
36. Кузнецов П. Ф., Кузнецова А. П., Семенова А. П., Васильев И. В. Потаповский курганный могильник индоиранских племен на Волге. – Самара: Издательство Самарский Университет, 1994.
37. Кузьмина Е.Е. Арии – путь на юг. – Москва: Летний сад, 2008. – 558 с.
38. Кузьмина Е.Е. Откуда пришли индоарии? – Москва: Восточная литература, 1994
39. Кукушкин И.А. Культурно-исторические истоки и наследие Синташтинской культуры // Степная Евразия в эпоху бронзы: культуры, идеи, технологии: сборник научных трудов к 80-летию Геннадия Борисовича Здановича / отв. ред. Д. Г. Зданович. – Челябинск: Изд-во Челяб. гос. ун-та, 2018. – С. 62-77.
40. Логвин А.В. Курган Халвай 5 – комплекс синташтинской культуры из Северного Казахстана / А. В. Логвин, И. В. Шевнина, А. В. Колбина // Самарский научный вестник. – 2017. – Т. 6. -№ 4(21). – С.131–138.
41. Мерц В.К. Семиярское поселение бронзового века в контексте проблемы формирования протогородской культуры в Верхнем Прииртышье //Мир Большого Алтая. – 2017. – №3 (4) – С. 495–509.
42. Самашев З. Палаты каменные и юрты бронзовые [Электронный источник]. –URL: baiterek.kz (Дата обращения: 06.01.2020)

References

1. Anthony D, Vinogradov N. B. The birth of the chariot// Archaeology. – 1995. –Vol. 48. - №2. – P. 36 – 41.
2. Athony D. “The Opening of the Eurasian Steppe at 2000 BCE”, in: [ed.:] Mair V. The Bronze Age and Early Iron Age Peoples of Eastern Central Asia. Journal of Indo-European Studies. – 1998. – P. 94-113.
3. Boyce M. A History of Zoroastrianism: Volume I: The Early Period, Leiden/ New York, Koln. – 1975. p. 1
4. Bright J. A History of Israel. - Westminster, John Knox Press. – 60 p.
5. Childe G. Urban Revolution// Town Planning Revue. – 1950. – Vol.21. - №2.
6. Drews R. The Coming of the Greeks: Indo-European Conquests in the Aegean and the Near East. – Princeton, Princeton University Press, - 1994. – 59 p.
7. Fournet A. About the Mitanni Aryan gods, Journal of Indo-European Studies. – 2010. – Vol. 38 (1–2). – P. 26–40.
8. Fournet A. The Kassite Language in a Comparative Perspective with Hurrian and Urartean//The Macro-Comparative Journal. – 2011. 2. – P. 2-19.

9. Gening V.F. The Cemetery at Sintashta and the Early Indo-Iranian Peoples//Journal of Indo-European Studies. – 1979. – 7. – P. 4.
10. Hierbert F.T. «Central Asians on the Iranian Plateau: A Model for Indo-Iranian Expansionism»// in [ed.:] Mair V. “The Bronze Age And Early Iron Age Peoples of Eastern Central Asia” (Journal of Indo-European Studies; Monograph 26). – Washington/Philadelphia: The Institute for the Study of Man / The University of Pennsylvania Museum Publications. – 1998. – P. 148-161
11. Hierbert T. South Asia from a Central Asian perspective//In: [ed.] G. Erdosy, The IndoAryans of Ancient South Asia, Indian Philology and South Asian Studies 1, Berlin/New York: de Gruyter. – 1995. – P. 192-212.
12. Hitti P.K. History of Syria: Including Lebanon and Palestine. – New York: Macmillan, 2004. – 146 p.
13. Mallory J. M. A European Perspective on Indo-Europeans in Asia//in: [ed.:] Mair V. The Bronze Age and Early Iron Age Peoples of Eastern Central Asia, Journal of Indo-European Studies. – 1998. – P. 175-201.
14. Mayrhofer M. Etymologisches Wörterbuch des Altindoarischen, Heidelberg. 1986 – 2000. II. 293p.
15. Mayrhofer M. Etymologisches Wörterbuch des Altindoarischen. 3 vol. - Heidelberg: Carl Winter, 1992-2001. Welches Material aus dem Indo-arischen von Mitanni verbleibt für eine selektive Darstellung?, [in] [ed]. E. Neu Investigationes philologicae et comparativae: Gedenkschrift für Heinz Kronasser. – Wiesbaden: O. Harrassowitz, 1982. – P. 72-90.
16. Mohamed Raafat Abbas The Maryannu in the Western Desert during the Ramesside Period Abgadiyat, Calligraphy Center Bibliotheca Alexandrina. – 2013. - № 8. – P. 127-132. –UPR: <https://www.academia.edu/8744410>.
17. Nyland A. The Kikkuli Method of Horse Training, Armidale, 1993; The Kikkuli Method of Horse Training, Revised Edition, Sydney, 2009.
18. Paul Thieme The ‘Aryan Gods’ of the Mitanni Treaties// Journal of the American Oriental Society. -1960. – Vol. 80. – P. 301-317.
19. Popko M. Huryci. Warszawa, Państwowy Instytut Wydawniczy. – 1992
20. Rainey A.F., Schniedewind W.M. The El-Amarna Correspondence: A New Edition of the Cuneiform Letters From the Site of El-Amarna Based On Collations of All Extant Tablets. – Boston: Brill, 2014.
21. Raulwing P. Zur etymologischen Beurteilung der Berufsbezeichnung assussanni des Pferdetrainers Kikkuli von Mittani//in: “Man and the Animal World, Studies in Archaeozoology, Archaeology, Anthropology and Paleolinguistics in memoriam S. Bökönyi”. Budapest, 1996. –P. 1-57.
22. Starke F. Ausbildung und Training von Streitwagenpferden, eine hippologisch orientierte Interpretation des Kikkuli-Textes, Studien zu den Bogazkoy. -1995. - 4.
23. Stiebing J., Wiliam H. The Hysksos Burials in Palestine: A Review of the Evidence// Journal of Near Eastern Studies. – 1971. Vol. 30(2). – P. 110-117.
24. Witzel M. Autochthonous Aryans? The evidence from Old Indian and Iranian texts // Electronic Journal of Vedic Studies. -2001. – Vol. 7 (3). -P. 1–115. [Electronic resource]. – URL: <https://crossasia-journals.ub.uni-heidelberg.de/index.php/ejvs> (Accessed: 06.01.2020)
25. Witzel M. The Home of the Aryans [Electronic resource]. – URL: http://www.people.fas.harvard.edu/~witzel/Aryan_Home.pdf (Accessed: 06.01.2020)
26. Beisenov A.Z., Varfolomeev V.V., Kasenalın A. Památník begazy-dandybaevskoi kúltúry Sentralnogo Kazahstana. – Almaty: In-t arheologu im. A.H. Margýlana, 2014. – 192 s.
27. Bois M. Zoroastrusy. Verovania i obychai. 2-e izd, ispravl. – Moskva: Náyka, 1988. – 302 s.
28. Varfolomeev V.V. Kent i ego okryga // Stepnaia sivilizatsia Vostochnoi Evrazii. Drevnie epohi. T.1 – Astana: KULTEGIN, 2003. – S.101-107.
29. Gening V.F., Zdanovich G.B., Gening V.V. Sintashta. – Chelábinsk: Iýjno-Ýralskoe Izdatelstvo, 1992. – 408 c.
30. Grigorev S.A. Problema hronologu sintashtinskoi kúltúry // Stepnaia Evrazia v epohý bronzы: kúltúry, idei, tehnologu. Sb. náychnyh tr. K 80-letý G.B. Zdanovicha. – Chelábinsk, 2018. – S. 37-61.
31. Epimahov A.V. O stepnyh «sivilizatsiah» bronzovogo veka // Aru stepei Evrazii: epoha bronzы i rannego jeleza v stepáh Evrazii i na sopredelnyh teritoriah. – Barnaýl: Altaiskı Gos. ýn-t, 2014.
32. Jaýymbai S.Ý., Kýkýshkin I.A., Kýkýshkin A.I., Dmitriev E.A., Shohataev O.S. Novye svedenia o rannei istorii andronovskih plemen Sentralnogo Kazahstana (po materialam kýrgana 7 mogılńıka Taldınskı-1) // Arheologia Kazahstana. – 2018 – № 1-2 – S. 224-234.
33. Zdanovich G.B. Osnovnye harakteristiki petrovskih kompleksov Ýralo-Kazahstanskih stepei (k voprosý o vydelenii petrovskoi kúltúry) // Bronzovyi vek stepnoi polosy Ýralo-Irtyskshskogo mejdyrechá. Chelábinsk, 1983. – S. 48-68.



34. Zdanovich G.B., Batanina I.M. *Ýkreplennye sentry epohi srednei bronzy v Iýjnom Zaýrale // Stepnaia sivilizatsia Vostochnoi Evrazii. T.1. Drevnie epohi.* - Astana: KULTEGIN, 2003. – S. 72-87.
35. Zdanovich S.Ia., Ivanova N.O., Tairova A.A. 56 polevyh sezonov arheologa G.B. Zdanovicha. Chast I (1962-1982) // *Stepnaia Evrazia v epohý bronzy: kúltýry, idei, tehnologii. Sbornik naýchnyh trýdov k 80-letý Gennadia Borisovicha Zdanovicha.* – Chelábinsk: Izdvo ChelGý, 2018. – S.9-32.
36. Kýznesov P. F., Kýznesova A. P., Semenova A. P., Vasilev I. V. *Potapovski kýrgannyi mogilnik indoiranskikh plemen na Volge.* – Samara: Izdatelstvo Samarski Ýniversitet, 1994.
37. Kýzmina E.E. *Arıı – pýt na iýg.* – Moskva: Letni sad, 2008. – 558 s.
38. Kýzmina E.E. *Otkýda prishli indoarıı?* – Moskva: Vostochnaia literatýra, 1994
39. Kýkýshkin I.A. *Kúltýrno-istoricheskie istoki i nasledie Sintashtinskoı kúltýry // Stepnaia Evrazia v epohý bronzy: kúltýry, idei, tehnologii: sbornik naýchnyh trýdov k 80-letý Gennadia Borisovicha Zdanovicha / otv. red. D. G. Zdanovich.* – Chelábinsk: Izd-vo Cheláb. gos. ýn-ta, 2018. – S. 62-77.
40. Logvin A.V. *Kýrgan Halvaı 5 – kompleks sintashtinskoı kúltýry iz Severnogo Kazahstana / A. V. Logvin, I. V. Shevnina, A. V. Kolbina // Samarski naýchnyi vestnik.* – 2017. – T. 6. - № 4(21). – S.131–138.
41. Mers V.K. *Semiarskoe poselenie bronzovogo veka v kontekste problemy formirovaniia protogorodskoı kúltýry v Verhnem Priırtyshe // Mir Bolshogo Altaia.* – 2017. – №3 (4) – S. 495–509.
42. Samashev Z. *Palaty kamennye i rty bronzovye [Elektronnyi istochnik].* –URL: baıterek.kz (Data obrasheniia: 06.01.2020)

М. Хабдулина¹, М. Педрачки², Г. Букешева³

¹Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева,

²Варшавский университет, г. Варшава, Польша

³РГКП «Государственный историко-культурный музей-заповедник «Бозок» МКС РК,
г. Нур-Султан, Казахстан

E-mail: ¹*mk_khabdulina@mail.ru*, ²*mpedracki@wp.pl*, ³*bgk897@mail.ru*

ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ КУЛЬТУР ЭПОХИ БРОНЗЫ НА ОСНОВЕ АРХЕОЛОГИЧЕСКИХ ПАМЯТНИКОВ КАЗАХСТАНА

В истории древневосточных цивилизаций есть сюжет, который имеет непосредственное отношение к археологии эпохи бронзы Казахстана. Он связан с вторжением в начале II тыс. до н.э. в страны Ближнего Востока мобильных групп воинов-колесничих, принесших с собой культ коня, боевую колесницу, передовые виды вооружения, новую идеологию. Это завоевание относится к категории элитарной миграции. В дальнейшем они основали элиту новых государств, создали военную аристократию, сформировали героизированный образ воина-царя на колеснице, получивший широкое распространение в дворцовых рельефах стран Древнего Востока.

В археологии эпохи бронзы Казахстана в последние полвека открыты памятники, культурные показатели которых совпадают с характеристиками племен, вторгшихся в начале II тыс. до н.э. на территорию раннеземледельческих цивилизаций и создавших новые династии правителей.

Цель статьи дать характеристику культурных достижений эпохи бронзы урало-казахстанских степей для обоснования степного происхождения формирований воинов-колесничих и таким образом показать вклад древнего населения казахстанских степей в мировой исторический процесс.

Ключевые слова: *протогорода, цивилизация, Казахстан, синташта, петровка, Древний Восток, эпоха бронзы, индоарии, колесница.*



M. Khabdulina¹, M. Pedracki², G. Bukesheva³

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

²University of Warsaw, Warsaw, Poland

³Republican State Treasury Enterprise «State Historical and Cultural Museum-Reserve» Bozok «of the Ministry of Culture and Sports of the Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan, Kazakhstan

E-mail: ¹*mk_khabdulina@mail.ru*, ²*mpedracki@wp.pl*, ³*bgk897@mail.ru*

INTERACTION OF CULTURES OF THE ERA OF BRONZE BASED ON ARCHAEOLOGICAL MONUMENTS OF KAZAKHSTAN

There are some events in the history of Ancient Near Eastern civilisations directly related to the Bronze Age of Kazakhstan. Those events have taken place in the first half of the second millennium BC and were associated with the invasion of mobile groups of chariot warriors who brought with them a cult of a horse, a war chariot, advanced weapons, and some new ideologies to the Ancient Near East. Those chariotry men became the military aristocracy in many new founded states in the Ancient Near East. They propagated a heroised image of a warrior- king ride in a chariot, which was widely used in the palace reliefs of the countries of the Ancient Near East.

қаларлық дерек емес» дейді (Нұрмағамбетов, 1994: 35). Сонымен, бір автор кітапшаның бір бетінде үш түрлі пікір білдірген. Осыған ұқсас пікірлер А. Әбдірахмановтың «Топонимика және Этимология» кітабында да қайталанады: «Маңғышлақ//Маңғыстау топонимі екі компоненттен тұрады дейміз: маңғыш//маңғыс (жыртқыш жануар аты) және лақ (көне жұрнақ). Бұның Маңғышлақ формасы – оғыз тілдерінде жасалған ең көне түрі де, қазақтар «қыстау» сөзімен жанастыру мақсатымен Маңғыстау (жазылуы Маңқыстау) деп кейін бұрмалап кеткен» (Әбдірахманов, 1975: 133).

Бұлардан басқа Ғ. Мұсабаевтың кейбір түркі тілдерінде маң сөзінің қой деген мағына беретіндігіне қарап, Маңғыстауды «қойдың қыстауы» деп түсіндіргені де, Қ. Өміралиевтің маң//маңғы//маңғыста сөздерінің өзара ұқсастығын салмақтап, одан «маңдай» ұғымын алып шығып, одан әрі Маңғыстау сөзі ілгері, сұғыныңқы, кіріңкі тау деп жорамалдағаны да, т.б. гипотезалар бар.

Біздің ойымызша, орта ғасырларда бүкіл жазба деректерде «Маңғышлақ» атауымен жүрген қала да, осы қала орналасқан жер де әуел баста Каспий теңізі жағалауына жақын жерлерге қарата айтылған. Бұл аймақтың көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан дала халқы үшін де, теңіз жағасына жақын мекен еткен балықшылар мен сауда жолынан нәпақа көріп отырған қауымдар үшін де қыстау ретінде маңызы ересен болған. Сол себептен оғыз дәуірінде бұл өлкенің «қышлақ» атануы тарихи тұрғыдан заңды, ал «маң» сөзіне келетін болсақ, бұл сөз қашанда кеңдіктің, шексіздіктің бір өлшемі ретінде қолданылады. Қазақ тілінде «маң дала», «ауылдың маңы», «мандытып», т.б. ұғымдар осыны көрсетеді. Бұл Еуразиялық тілдердің көпшілігіне ортақ көне сөздердің бірі, мысалы ағылшын тілінде *main* түрінде ашық теңіз, ал *mainland* түрінде құрлық дегенді білдіреді. Жалпы мағынасы басты, негізгі дегенге келеді, яғни осы түсініктемені қабылдасақ, «Маңғышлақ» – оғыздың үлкен қыстау, кең қыстау деген сөзі, ал Маңғыстау осы оғыздық атаудың қазақшаланған нұсқасы.

Сонымен жоғарыда жазғандарымызды қорыта келсек, ортағасырлық тарихи-географиялық еңбектердегі Маңғышлақ қаласы қазіргі Маңғыстау облысы Түпқараған ауданының Қарақабак биігіне жақын көне сакралды ескерткіш Қаңға бабаға сәйкеседі.

Қаңға баба кешені

Жоғарыда келтірілген Әл-Истахри және Йақұт әл-Хамауи жазбалары Хорезм мен Қажы Тархан арасындағы сауда жолына Маңғыстаудың Қаңға аймағының тікелей қатысы барын нақтылайды.

Көрнекті совет археологы С.П. Толстов Ежелгі Хорезм өркениетіне арналған кітабында VIII ғасырдың орта шеніндегі Хазар-Хорезм қарым-қатынасы туралы айта келіп, Еділ-Үргеніш керуен жолы Маңғыстаудағы Қараған түбек үстімен өткендігін көрсетеді (Толстов, 1948: 152; Толстов, 1947: 55-102). Мұның бәрі Маңғыстаудың құрлықтық сауда жолдарынан тысқары жатпағанын, қашанда маңызды сауда айлағы болғандығын айғақтайды. Бұл қарым-қатынастар тарихы біздің жыл санауымызға дейінгі мыңжылдықтарға, ежелгі Қаңға дәуіріне бастайды, яғни Қара теңізден бастап Тянь-Шаньға дейін созылып жатқан Қаңға саяси-мәдени қауымдастығы Каспий арқылы Еуропа елдеріне де елеулі ықпал еткені айқындалады.

Қаңға баба қорымы (жергілікті халық – қауымы деп те айтады) әкімшілік тұрғыдан Маңғыстау облысы Түпқараған ауданының аумағына кіреді. Бір жағы теңізге қараған, екі

жағынан тақыр таулар қоршаған Қаңға сайында орналасқан қауым, ерте кезеңге жататын бірнеше құрылыстың қираған орындары мен құландысы, XX ғасыр басындағы кезеңге қатысты мешіт, т.б. ескерткіштерді қамтыған киелі нысан. Қаңға баба Ақтау қаласынан солтүстік-батысқа қарай 165 шақырымда орналасқан. Негізгі ескерткіштердің бәрі де батыстан-шығысқа қарай 15 км-ге созылып жатқан осы аттас сайдың аңғарында кездеседі. Қорымның жоғарғы жағында «Қаракөз» аталатын суы тұщы және жергілікті ел қасиетті деп есептейтін бұлақ бар. Бұлақ басында бір түп тұт ағашы өскен және ескі құрылыс орны көрінеді. Негізгі қорым осы бұлақтан бір шақырымдай төменде, үш жағынан да таулар тізбегі қоршаған шатқалда орналасқан. Қорымға таяу, оның оңтүстігіне қарай 100 қадамдай жерде күмбез бөлігі құлаған мешіттің іргелері сақталған («Маңғыстаудың сакралды мәтіндерінің концептуалды кеңістігі». 2020 жылғы қараша-желтоқсан айлары).

Қорым ішінде әртүрлі тарихи кезеңнің құлпытастары (Сур. 4-5), қойтастары мен бесік тастар (Сур. 3) аралас. Негізгі таңбалар ортағасырлық оғыз тайпаларының айырма белгісі ретінде қолданылған таңбаларымен сәйкеседі



Сур. 1. Қаңға баба қорымы. XIII-XIV ғғ.

Fig.1. Kanga Baba burial ground. XIII-XIV cc.

(Бұл тақырыпта біздің мақаламыз дайындалып жатыр). Сонымен бірге қорымда Алтын Орда кезеңі, Қазақ хандығы дәуірінің белгілері мен аралас түркімен тайпаларына тән таңбалар мен эпитафиялық жазу үлгілері кездеседі. Қаңға баба қорымының қоршауына кіреберісте «Қаңға баба. XIII-XIV ғғ.» деген ақпараты бар тақтайша орнатылған (Сур. 1-2).

Қаңға баба – біздің пікірімізше оғыздарға дейін де Маңғыстаудың сакралды орталықтарының бірі болғанын Қаңға есіміне «ата» емес «баба» сөзінің жалғануына қарап та аңғаруымызға болады. Бұл жерде өлкетанушылардың айтатын көп заман Қаңға жеріне ие болған басты кейіпкер «Әулие бала» туралы аңызға талдау жасау керек деп есептейміз. Ол аңыз бойынша Қаңға ойындағы Ақтас мешітіне бағзы уақытта жаулар шабуыл жасап, шәкірт балалар қырылған-мыс. Бұл қырғыннан бір бала ғана тірі қалып, Үдектің басына дейін сағым болып жүгірген. Оғыз тайпасының көсемі бұл баланы «Әулиелі бала» деп атап, әскерлеріне тимеуге бұйрық берген. Осы балаға жер жаннаты Қаңғаны сыйға тартқан екен-мыс. Бұл аңыз ортағасырлық оғыздардың өздеріне дейінгі мәдениетпен байланысты екеніне нұсқау деп түсінеміз.

Маңғыстауда әулиелер мен киелі орындар көп. Солардың бірталайы Қаңға өңірінде орналасқан. Соның бірі Қарағашты әулие қорымы сақтар дәуірінен қалған ескерткіштерге толы болса, Арықша, Қорып басындағы үйіктер мен обалар, Мереттің Қара тамы деп аталатын үйіктер біздің жыл санауымызға дейінгі бір мың жылдықтың көсемдерінің үстіне көтерілген. Жоғарыда сипатталған сакралды кеңістік нысандары Қаңға аталатын ескерткіштер кешенінің әуел баста отырықшы мекен болғанының дәлелі. Қазіргі «Ауызды бас», «Терең орпа», «Сауысқан», «Тамды» және Қаратау етектерінен табылып отырған бидай, тары, арпа өсірген егіс алқаптарының құралдары мен атыздар мысал бола алады.

Сауда жүргенінің басты дәлелінің бірі Қаңға баба қорымы жанындағы Керуен сарай қирандылары. Хорезм – Қажы Тархан арасындағы сауда жолы бертінгі заманға дейін жұмыс істеді де, орта ғасырлардың соңына қарай Каспийді жағалаған құрлықтық жолдарға ауысты. Қажы Тарханнан келетін орыс тауарларын Маңғыстау арқылы Бұхара базарына жеткізу үшін саудагер татарлар қазақтармен келісім жасаған. Деректерде ондай керуендер жүздеген, кейде



Сур. 2. Қаңға баба қорымының жалпы көрінісі.

Fig. 2. Overall view of Kanga Baba burial ground.

мындаған түйеден жасақталып, әрбір 5-6 түйенің бас жібін бір адам ұстағаны айтылады. XIX ғасыр деректеріне қарағанда Маңғыстаудан Бұхараға дейін баратын сауда керуені 25 күндік жол жүрген. Маңғыстау Ресей, Орта Азия, Ауғанстан елдерінің аралығында тоғыз жолдың торабында жатқандықтан, бір жылдың ішінде мыңға тарта түйе керуені өткен. Сонымен бірге ішкі нарықты қамтамасыз ету үшін түбектердің тұрғындары жыл сайын Бесқала, Хиуа аймағындағы қалаларға керуендер жіберіп, астық және қолөнер бұйымдарын алғызып отырған. Сонымен бірге Маңғыстау тұрғындары Көкжар, Орал сияқты солтүстіктегі ресейлік қоныстарға да кіре тартқан. Ерте заманнан бері бертінге дейін жалғасқан кәсіптің бір түрі Маңғыстаудың көптеген тұзды көлдерінен тұз қазып алып, оны түйемен Иран жеріне дейін тасып пайда табу. Маңғыстау мен Үстірттегі тастан қаланған керуен сарайлар, бағаналар мен омақалар жолаушыларға жол көрсетіп, құдықтардың жақында екенін меңзеген белгі. Осындай дамыған сауда жолының белгі-нышандары Қаңға аймағында көптеп кездеседі.

Тарихи-этнологиялық тұрғыдан Қаңға баба өзінің атауы көрсетіп тұрғандай, ерте тарихи дәуірдің ескерткіші болып табылады. «Қаңға»

атауы қазақ жерін біздің жыл санауымызға дейінгі екінші мыңжылдықта мекендеген ариан (арий) тайпаларының «Авеста» аталатын жазбаларында кездеседі. Қола дәуірі халқының этникалық және саяси тарихы жайында біз екі түрлі жазба ескерткішті ерекше атаймыз. Оның бірі жоғарыда айтылған «Авеста» деген атауға ие болған зороастризмнің (зәрдүш) қасиетті гимндері арқылы сақталған ариан (авест. *airya*, көне. парсы *ariya*, санскрит *ārya*) мұрасы болса, екіншісі тұран (авест. *tūriiānəm*, пехл.парсы *tūrān*) халықтарының ең көне әфсаналарының жинағы «Оғыз наме» және «Оғыз қаған туралы жыр».

«Авестада» арийлердің арғы отаны деп кітапта «Арианам Вайджа», яғни Ариан кеңістігі, Еділден (Ранха) шығысқа қарай созылып жатқан азиялық ұлы дала аталады. Датъя мен Ардви (Сырдария мен Әмудария) терең өзендерімен суарылып жатқан Арианам-Вайджа жері тек ариан отаны ғана болмаған. Мұнда олармен бәсекелес және туыс турлар (тұран) да мекендеген. Ариандардың қас дұшпандары – хьона (қиян, авест. *x'iiiaona*; пехл. *xuōn/nuōn*) тайпаларының да Ариана Вайджаға қатысы бар. Қазақтың кең даласында бірдей құдайлар пантеонына табынатын, бір жерде



Сур. 3. Бесік тас.

Fig. 3. Cradle stone.

туған, сол жерді отан деп аңсаған ариан, тұран, қиян арасында тайпааралық соғыстарының қым-қиғаш тарихы өрледі. Бірақ бұл үзік-үзік мәліметтер күрделі этнотарихи үрдістердің бейнесін толық ашып бере алмайды. Ұлан-ғайыр дала кеңістігінде, этностардың нығаюымен және гомогенденуімен жалғас, малшы тайпалардың, аңшылар қауымдарын ассимиляциялау жүріп жатты. Әскери және шаруашылық қажеттілігі бойынша күрделі тайпалық одақтар қалыптасты.

Көптеген деректер ариан, тұран, қиян ұлыстарының бірде бейбіт, бірде жаугершілік қарым-қатынаста болғанын дәлелдейді. Ариан қауымдары бұл кезеңде қазақ даласының орталық белдігін жайлап және Түркістан аймағын қыстап отырды. «Авеста» гимндерінде ариан қауымдарының адам саны мол, малы көп еді деп суреттеледі: «Енді, міне, Жәмшид патшалығы үшін тоғыз жүзінші қыс та түсті. Сонда бұл жер ірілі-ұсақты малға, адамға, ит пен құсқа, қып-қызыл боп жанған отқа толып кетті. Ірілі-ұсақты мал мен адам өзіне орын таба алмады... Сонда Жәмшид қырға шықты, Күннің бағдарын байқады, өзінің алтын мүйізіне үрледі, қамшысын сермеді: «Айналайын Спэнта-Армайити,

менің малым мен адамым сыйсын, жазыл енді, қанатыңды жай», – деп жалынды. Осылайша жерді бұрынғы көлемінің үштен үшіне дейін ұлғайтты және осы жерде ірілі-ұсақты мал жайылым тапты, адам баласы өзінің тілегіне, еркіне сай өмір кешті. Жаратушы Ахура Мазда – Көк Тәңірімен бірге даңқты Арианам Вайджа белінде (Арқа белі – Ж.А.), Барукаша көлі (Ақсақал Барбы көлі – Ж.А.) жағасында мәжіліс құрды. Тумысы бөлек мол табындардың иесі, адамзат баласының ең жақсы өкілдерімен бірге даңқты Арианам Вайджаға Жәмшид те келді. Сол жерде Ахура-Мазда Құдай былай деді: «О, қасиетті Жәмшид, мына жалған дүниеге қыс та келер, алдымен қардың қара бұлты Қаратауға жауар. Осы сұмдық жұттан малыңның үштен бірі ғана қалар, оның өзінде өзен жағасындағы қалың қамыс пен таудың ағашына паналап. О, Жәмшид, мына жалған дүниеде қойдың тұяғының ізін кездестіру ғажап қалдырар» (Авеста, 1993: 176-180).

«Авеста» мәтіндеріне қарасақ, Ұлы далаға келген үлкен географиялық катастрофа туралы айтылып тұр, яғни Ариан еліне жұт келді, оның үстіне Тұранмен тіл табыса алмады. Екі арада дау туды, біріншісі – Орталық Қазақстанның кен



Сур. 4. Құлпытас.

Fig. 4. Tombstone.

орындарын бөлісе алмады, екіншісі – Алладан түскен төрт кітаптың бірі Зәбүрді Ариан қабылдап, Тұран қабылдамады. Осы ауыр жұт пен рухани кикілжің себебінен Ариан жұрты бір жағы Үндістан, бір жағы Иран қыратына, бір жағы Шығыс Түркістан аймақтарына көшті. Қола дәуірінің соңына қарай қазақ даласына Тұран елі иелік қылды. Осы өркениеттен сақ (саһа) қауымы өсіп шықты. Сақ мәселесін Қазақстан тарихына қатысы бар адам айналып өте алмайды. Мәселенің шешімі «Сақ» және «скиф» атауларында. Осы екі атауда да орыстық және советтік тарихнамадан келе жатқан қателік бар. Терминде қателік болған соң арғы жағы белгілі. Біз қазіргі жыл санауымызға, яғни Иса пайғамбар туғанға дейінгі бірінші мыңжылдықта Жетісу мен Түркістаннан Қаратеңіз бойына, Алтай тауларынан Хорезмге дейінгі территорияны «сақ» атауына ие болған көптеген тайпалар мекендеді деп жазамыз. Шын мәнінде ирандық жазбаларда «сақ» емес «саһа» (*saka, sakae*).

Б.э.б. VIII ғасырда Месопотамия өлкесіне Кап (Кавказ) таулары арқылы жаугершілікпен келген Ишпақай бастаған саһа (сақ)-скуздар шығыс деректерінде «ишгузай» және «ишкуз», ал

ассириялық жазбаларда *ašgūzai* немесе *Išgūzai* түрінде кездеседі. Көптеген зерттеушілер оларды ариан тілді деп есептейді, шын мәнінде бұл тақырып нақты зерттелді деуге болмайды. «Тарих атасы» Геродот (б.з.б. V ғ) оларды «скуз» (көне грек. Σκύθης, Σκύθαι, өздерінің атауы: Skolotoi) деп атайды. Біз орыс транскрипциясының жетегімен бұл сөзді әлі де «скиф» деп оқып жүрміз, мәселе көне грек әліпбиіндегі «ф» әрпінің қалай оқылатынына байланысты. Бұдан шығатын қорытынды біреу – біздің сақ немесе скиф (*scyth, скуз, ишгузай*) деп жүргендеріміз ішкі оғыздар. Егер біз «қаң» сөзі шөлейт дала деген мағына береді десек, онда дала тұрғындарының екінші атауы – қаңға/қаңлы, яғни дала адамы болып шығады (Артықбаев, 2015: 75).

Міне, біз осылайша Қаңға атауының түпкі нұсқасы қола дәуірінде қалыптасып, кейін сақ қауымдастығына тән болғанын, тек содан кейін ғана қаңлы, қаңғар, қаңғалас, т.б. атауларымен тарих бетіне жеке шыққанын аңғарамыз. Бір қарағанда Қаңға баба дәуіріндегі сақ мәдениеті иран ықпалында болғаны сөзсіз, бірақ бұл ол ықпал сырттан келді дегенді білдірмейді. Жоғарыдағы тарауларда баяндалғандай қазақ



Сур. 5. Құлпытас.

Fig. 5. Tombstone.

даласында ариандық негіз бірнеше мың жыл өмір сүріп, тек қола дәуірінің соңына қарай тұран тайпаларының ығыстыруымен азайды. Дегенмен екі халықтың арасындағы күрделі қарым-қатынастар барысында ортақ үлгілердің қалыптасқаны және саһа өнерінде көрініс тапқаны сөзсіз.

Қаңлылар, әуелден Сырдария мен Ертіс, Еділ арасындағы далалық өлкемен тығыз байланысты өмір сүрді. «Авестада» Сыр бойына қатысты Канға (Канка) атауы кездессе, солтүстік аймақтарда қаңлының әртүрлі топтарын (қанжығалы, қанғалас), ал Маңғыстаудан Қаңға баба қорымын көреміз.

Маңғыстау Қаңға баба кешені туралы айтқанда қазіргі Өзбекстан мемлекеті аумағындағы Қаңға (Канка) қаласы туралы айтпай кетуге болмайды. Бұл қалашық Ташкент облысы Аққорған ауданы Елтамгалы аулы тұсында, Ташкент қаласынан 70 шақырым оңтүстік-батысқа қарай Әнгрэн өзенінің Сырдария құятын сағасына жақын орналасқан, жалпы көлемі 500 гектар шамасындағы қала орны қазіргі күні биік төбені көзге елестетеді. Әнгрэнге жақын биіктігі 50 метрдей қаланың орда бөлігі (цитадель) орын тепкен. Қала үш қабат биік қорғанмен, терең ормен қоршалған. Бір қызығы, қорғанның ең ескі бөлігі тым үлкен, яғни қала бертінгі уақытта көлемін азайтқан. Орталық төбе басында ариандық дәуірден қалған төрт мұнара мен мәңгілік от жаққан ошақ орны сақталған. Қаңға қаласынан табылған әртүрлі артефактілердің арасында терракотадан жасалған қошқар бейнесі ерекше тұрады.

Жергілікті зерттеушілер Қаңға қаласын б.э.б III ғасырда Кандгиз мемлекетіне біріккен сақ тайпалары салды деген болжам айтады және оны қытай деректеріндегі қаңлының оңтүстік астанасы Битян деп есептейді. Қала археологтардың қазба жұмыстарына қарағанда б.з.б. III ғасырдан біздің заманымыздың XIII ғасырына дейін өмір сүрген. Шын мәнінде Қаңғадан табылған материалдық мәдениет үлгілері қаланың тарихы Қаңлы дәуірінен ертеректе басталатынын аңғартады. XX ғасырдың 30-ы жылдары осы өңірде зерттеу жұмыстарын атқарған М.Е. Массон Қаңға қаласының Авестада айтылатын Афрасиябтың «биік және қасиетті» астанасы болуы мүмкін екендігін айтқан болатын (Массон, 1934, №4: 115; Массон, 1953: 106-110).

М.Е. Массоннан кейінгі зерттеушілер Қаңғаны тарихи уақытқа жақындатып Қаңлы (Кангюй) мемлекетімен байланыстырады. Олардың пікірінше, Қаңлы мемлекетінің құрамындағы Шаш ұлысының астанасы осы қалада орналасқан (Филанович, 1983: 26; Шаниязов, 1983: 36-37).

Орта ғасырларда Ибн Хаукаддің жазуы бойынша Ташкент маңында бірнеше қалашықтар болған, солардың бірі Бинекет болса, екіншісі Қаңғаға жақын Харашкент қалашығы (Буряков, 1982:106).

Грек-бактриялық кезеңде Қаңға қаласына қатысты «Яқсарт сыртындағы Антиохия» атауы қолданылады. Себебі, Ескендір Зұлхарнайн империясы құлаған соң құрылған Грек-Бактрия патшасы Антиох өзінің қолбасшысы Демодемді Сырдың оң жағындағы сақтарға қарсы жұмсайды. Ол өз кезегінде Қаңға орнында Аполлон ғибадатханасы аталатын жаңа қаланы көтереді-мыс. Грек-Бактрия патшалығына дейін-ақ бұл жерде отырықшы қоныстар болғаны белгілі.

Сыр бойы сақтарын үрейлендіру үшін селевкид билігі кезінде б.э.б. 293 жылы Демодемнің қалың қолмен Сырдарияның оң жақ бетіне шыққаны анық. Қаңға қаласы орнына Аполлон құдайға белгі орнату сақтармен болған келісімді айғақтаса керек.

Қорыта келе, біз Маңғыстау түбегінің солтүстік-батыс жағындағы Қаңға баба қорымы қола дәуірінде ариан-тұран тайпаларының Еуразияның далалық аймағын игеру барысында қалыптастырған киелі мекендердің бірі деп санаймыз. «Авестада» аталатын Қаңға бір жағынан Ташкент маңындағы Қаңға қаласына қатысты болса, екіншіден Маңғыстау сияқты далалық аймақтағы берекелі қоныстарға да Қаңға баба аты берілген. Біз бұл жерде «Қаңға баба» белгілі бір тұлға емес, Қаңлы (Қаңға) қауымдарының персонификацияланған атауы деп білеміз. Екіншіден, бұл киелі нысан сақ және ғұн дәуірлерінде де толыққанды жұмыс істеді және трансконтиненталды сауда жолындағы маңызды бекет функциясын атқарды деген пікірдеміз.

Маңғыстау өлкесіндегі Қаңға бабаға деген құрмет те белгілі дәрежеде өз тарихына, киелі нысандарға деген құрметпен астасады. Бұл феноменнің астарында қазақ халқының ауызша дәстүр арқылы шыңдалған тарихи жады тұр деп есептейміз.

Әдебиеттер

References

1. «Маңғыстаудың сакралды мәтіндерінің концептуалды кеңістігі» жобасының аясында өткізілген экспедиция материалдары (2020 жыл, қараша-желтоқсан)
2. Авеста. М., 1993.-192 с.
3. Артықбаев Ж.О. Казахское историческое сказание о Толыбай сыншы, родоначальнике племени канжыгалы (канглы, хангаласов)// Сибирский сборник. Вып.3. Курган, 2015. с.4-15.
4. Әбдірахманов А. Топонимика және Этимология. Алматы, 1975.-207 б.
5. Ибн ал-Асир. Ал-Камил фи-т-тарих./ Полный свод истории. Избранные отрывки. Ташкент, 2006.-560 с.
6. Ибн Хавкал. Китоб сурат ал-ард. Тошкент, 2011.- 400 бет.
7. Көмеков Б.Е., Ильясова З.С. Йақуттың «Муджам әл-булдан» (XIII ғ.) жағрапиялық жинағы. Алматы, 2011.-245 б.
8. Массон М.Е. Ахангеран. Археолого-топографический очерк. Ташкент, 1953. С. 106-110
9. Массон М.Е. Загадочное городище Канка. Из результатов работ 29 отряда ТПЭ. // СОНАТ, Ташкент, 1934, №4, с.115 .
10. Материалы по истории кыргызов и киргизии. Вып.1 (Извлечения из арабских, персидских и тюркских исторических и географических сочинений X-XIX вв.). М., 1973. 289 с.
11. Нұрмағамбетов Ә. Жер-судың аты – тарихтың хаты. Алматы, 1994. -64 б.
12. Путешествие Ахмеда Ибн-Фадлана на реку Итиль и принятие в Булгарии ислама//На стыке континентов и цивилизаций (из опыта образования и распада империй X-XVI веков. М.,1996. -768 с.
13. Толстов С.П. Города гузов (Историко-этнографические этюды)//Советская этнография. 1947, №3, с.55-102.
14. Толстов С.П. Древний Хорезм. Опыт историко-археологического исследования. - М., 1948, с.245.
15. Филанович М.И. Ташкент. Зарождение и развитие города и городской культуры. Т., 1983, с.156.
16. Шаниязов Ш.К. Об исторической топонимике Ташкента. // ОНУ, №7, 1983. С. 36-37.

1. «Maңғыстаўdyń sakraldy mátinderiniń konseptýaldy keńistigi» jobasynyń aiasynda ótkizilgen ekspedisia materialdary (2020 jy1, qarasha-jeltoqsan)
2. Avesta. M., 1993.-192 s.
3. Artyqbaev J.O. Kazahskoe istoricheskoe skazanie o Tolybai synshy, rodonachalnikе plemeni kanjygaly (kangly, hangalasov)//Sibirski sbornik. Vyp.3. Kýrgan, 2015. s.4-15.
4. Ábdirahmanov A. Toponimika jáne Etimologia. Almaty, 1975.-207 b.
5. Ibn al-Asir. Al-Kamil fi-t-tarih./ Polnyi svod istorii. Izbrannye otryvki. Tashkent, 2006.-560 s.
6. Ibn Havkal. Kitob sýrat al-ard. Toshkent, 2011.- 400 bet.
7. Kómekov B.E., Ilásova Z.S. Iaquttyń «Mýdjam ál-býldan» (HIII ғ.) jaǵrapialyq jınaǵy. Almaty, 2011.- 245 b.
8. Masson M.E. Ahangeran. Arheologo-topograficheski ocherk. Tashkent, 1953. S. 106-110
9. Masson M.E. Zagadochnoe gorodishe Kanka. Iz rezýltatov rabot 29 otráda TPE. // SONAT, Tashkent, 1934, №4, s.115 .
10. Materialy po istorii kyrgyzov i kirgizii. Vyp.1 (Izvlechenia iz arabских, persidskih i túrkskih istoricheskikh i geograficheskikh sochinenii X-HIH vv.). M., 1973. 289 s.
11. Nurmagambetov Á. Jer-sýdyń aty – tarihtyń haty. Almaty, 1994. -64 b.
12. Pýteshestvie Ahmeda Ibn-Fadlana na reký Itil i prinátie v Býlgarii islama//Na styke kontinentov i sivilizasi (iz opyta obrazovania i raspada imperi H-HVI vekov. M.,1996. -768 s.
13. Tolstov S.P. Goroda gýzov (Istorko-etnograficheskie etúdy) //Sovetskaia etnografia. 1947, №3, s.55-102.
14. Tolstov S.P. Drevni Horezm. Opyt istoriko-arheologicheskogo issledovania. - M., 1948, s.245.
15. Filanovich M.I. Tashkent. Zarojdenie i razvitie goroda i gorodskoi kúltýry. T., 1983, s.156.
16. Shaniyazov Sh.K. Ob istoricheskoi toponimike Tashkenta. // ONÝ, №7, 1983. S. 36-37.



Артыкбаев Ж.О.

Евразийский национальный университет
им. Л.Н. Гумилева
г. Нур-Султан, Казахстан
e-mail: socantropology@mail.ru

КАНГА БАБА – ЦЕНТР ДРЕВНЕЙ ЦИВИЛИЗАЦИИ

Информация о Мангыстауском крае имеется в книгах средневековых географов и путешественников Ибн Хаукал, Ахмед ибн-Фадлан, Эл-Истахри, Йақұт әл-Хамауи, Ибн әл-Асир. Упомянутый в этих трудах «город Мангышлак» мы идентифицируем с комплексом Канга баба, находящийся на маршруте древней транскаспийской торговой магистрали между Хорезмом и Хаджи Тархан.

Автор полагает, что комплекс Канга баба появился, как одно из сакральных мест, в эпоху бронзы, в процессе освоения арийско-туранскими племенами Евразийского степного пространства. Встречающееся в «Авесте» название Канга напрямую связано с городами с такими же названиями в Ташкентском округе и на Мангыстауском полуострове. Мы исходим из того, что «Канга баба» не относится к определенному лицу, а является обобщенным самоназванием общин Қаңлы (Қаңға).

Ключевые слова: Канга баба, сакральные места, община, транскаспийская магистраль, Мангышлак, Хорезм, Хаджи Тархан.

Artykbayev Zh.O.

L.N. Gumilyov Eurasian National University
Nur-Sultan, Kazakhstan
e-mail: socantropology@mail.ru

KANGA BABA – CENTER OF ANCIENT CIVILISATION

Information about the Mangystau region is contained in the books of medieval geographers and travelers, such as Ibn Haukal, Ahmed ibn Fadlan, Al-Istahri, Yaqut al-Hamawi, Ibn al-Asir. The «city of Mangyshlak» mentioned in these works can be called the Kanga Baba community, which is closest to the famous trade route between Khorezm and Haji Tarkhan, which crosses the Caspian Sea.

The author considers the Kanga Baba complex to be one of the sacred places formed by the AryanTuran tribes during the development of the steppe zone of Eurasia in the Bronze Age. The name Kanga, mentioned in the Avesta, is a monument to the Kanga complexes near Tashkent and Mangistau. We know here that «Kanga Baba» is not a specific person, but a personalised name of the Karly (Kanga) community.

Keywords: Kanga baba, sacred places, community, trans-Caspian highway, Mangyshlak, Khorezm, Haji Tarkhan.

Нұрдәулетова Б.И.

III. Есенов атындағы Каспий технологиялар және
инжиниринг университеті,
Ақтау қ., Қазақстан
e-mail: nurdauletova@mail.ru

МАҢҒЫСТАУ ЖӘНЕ МАҢҒЫТТАР

Маңғыстау тарихында оғыздар мен қыпшақтардан кейінгі тарихи маңызы бар кезең – Алтын Орда, Ноғайлы дәуірі. 16 ғасырдың екінші жартысында Ноғай Ордасы ішкі-сыртқы жағдайларға байланысты 2-3 бөлікке ыдырағаны белгілі, олар: Үлкен Ноғай ұлысы, Кіші Ноғай ұлысы және Алты ауыл ұлысы, Жембойлық ұлысы. Кіші Ноғай ұлысы негізін қалаған Жем мен Жайықтың арасын, Маңғыстау мен Үстіртті мекендеген, жыр-дастандарда «он сан ноғай» деген атқа ие болған жұрт екені айтылады. Маңғыстау мен Үстірттің топоареалында Ноғай, Ноғайты, Ноғайлы, Орақ, Мамай, Қарасай, Қазы, Сары, Қалау, Қараүлек, Қарашаш, Манашы, Күйкен, Әділ, т.б. атаулар кездеседі. Ноғайлы батырлары туралы «Қырымның қырық батыры» жырлар циклінің де поэтикалық ареалы Маңғыстау аймағы болуы тегін емес. Ноғайлының бас биі Едіге маңғыт тайпасынан шыққандықтан, оның билеген елі «маңғыт жұрты» аталғаны тарихи деректерде көрсетілген. Біздің мақаламызда маңғыттардың Маңғыстауды мекендегені, олардың бір кездерде бір Орданың қанатының астында болған Кіші жүз, соның ішінде адайлармен этнографиялық сабақтастығы туралы сөз болады. Маңғыстау топонимі мен маңғыт этнонимінің негізі туралы болжамдар ұсынылады.

Түйін сөздер: Маңғыстау, маңғыттар, Едіге, Нұр-Ата, Алги-Нұр, этнографиялық, салт-дәстүр, ырым, қабіртастар, гимараттар.

Кіріспе

2018 жылдың мамыр-қараша айларында Маңғыстау облысы әкімдігінің қолдауымен Маңғыстау аймағының тарихи-мәдени мұраларын кешенді зерттеуге арналған экспедиция ұйымдастырылған болатын. Экспедиция жұмысының бір бағыты Маңғыстаудың ноғайлы кезеңіне арналды. Ноғайлы дәуірінің тарихи-архитектуралық ескерткіші ретінде Маңғыстау ауданының Оңды аулынан оңтүстік шығысқа қарай 19,5 км қашықтықта орналасқан Қарауылкүмбет қойылымындағы кесенеге археологиялық қазба жұмысы жүргізілді. Аталған кесененің қас бетінде «Шаһидолла Едіге», ал оң жақ бетіндегі

сыртқы қабырғаның төменгі плитасында «Едіге бұ баһадүр болдұ, би болдұ», «Әбубашар...» деген жазулар бар.





Кесене уақыттың, табиғаттың небір қысталаңына төтеп берген, бір кездерде жергілікті тақта тастармен қапталып, зәулім етіп салынған салтанатты ғимарат қазір жартылай қирап, ішкі жағы құланды тастармен көмілген. Қазба барысында кесененің ортасында және сәл шеткерілеу екі қабіртас табылды. Қабіртастардың астынан бірі ер адамның, екіншісі әйел адамның сүйегі қазып алынды. Қазба жұмысын жүргізген археологтардың және басқа да зерттеушілердің пайымдауынша, қабір басындағы тастардың қойылу уақыты мен ғимараттың салыну кезеңі бір емес, яғни ғимарат кейін салынған. Мәйіттердің жанында қосымша жерленген зат-бұйымдары жоқ. Ер адамның мәйіті барынша жақсы сақталған, басын құбылаға беріп, жастық тас төсеген, мойнын сәл оң жағына бұрып, маңдайын Темірқазық жұлдызына бағыттаған. Оң қолын ұзына бойына жіберіп, сол қолын кіндік тұсына қойған. Лақат-көр онша терең емес, тіке қазылған, бетіне жүзген ағашынан белағаштар салған. Көрдің бетін таспен емес, ағашпен жапқанына қарағанда, мәйіт асығыс және құпия жерленген, кесене кейіннен салынған. Жанындағы әйел адамның қабірі жартылай кесене іргетасының астында қалған, соған қарағанда, ер адамға салынған кесене – іргесіндегі қабірді де қоса қамтып кеткен болуы керек.

Қазақтың тарихында батырлығымен, билігімен даңқы шыққан 4 Едіге болған. Соның ішінде өзінің тарихи да, эпикалық та биографиясы жағынан Маңғыстауға жақын тұрған – Ноғайлының биі әрі батыры Ер Едіге.

«Қырымның қырық батыры» жырлар циклінің бас қаһарманы – Едіге батырдың прототипі,

тарихи тұлға, Алтын Орданың беклер бегі Ноғай Ордасының негізін қалаған Едігенің шыққан тегі туралы зерттеулерде бірде маңғыт (ақ маңғыт) (В.В. Бартольд, В.М. Жирмунский, В.В. Трепавлов, т.б.), бірде қоңырат (Ибн Арабшах), бірде қыпшақтың күшігер тайпасынан шыққан (Қ. Жалайыри), бірде өзбек (Деннеби) деген түрлі пікірлер бар. Әбілғазы Баһадүрдің «Түрік шежіресінде» Едігенің өздерін маңғыт атаған қауымның билеушісі екендігі, бірақ шыққан тегінің дүдәмалдығы меңзеледі.

Едігенің тегі

14 ғасырдың соңында саяси аренаға шығып, Алтын Ордадан бөлініп, жаңа Орда құрған, екі жүз мыңнан астам тұрақты әскері бар Едігенің қуатты мемлекеті «Маңғыт жұрты» деп аталғаны белгілі. Маңғыттар туралы Рашид ад-Диннің «Жамиғ ат-тауарих» атты еңбегінде және «Моңғолдардың құпия шежіресіндегі» деректерде келтіріледі. Басқа да тайпалармен бірге моңғол халқының негізгі бөлігін құраған маңғыттар кейін Дешті-Қыпшақ жерінде Жошы ұлысының батыс бөлігін иемденген деген пікірлер айтылады. В.В. Трепавлов маңғыттар Шыңғыс империясының «сол қанатында» болды десе (Трепавлов, 2002), Әнес Сарай Рашид ад-диннің еңбегіне сүйеніп, маңғыттардың Шыңғыс хан заманындағы мыңбасы Құйылдыр шешеннің ұрпақтары Мөңке-Қалжа, Мулукур-Қалжаның Иранға келіп Хулагу қағанның қызметінде болғандығын, олай болса, маңғыттардың XIII ғасырдың орта шенінде батысқа (Дешті-Қыпшақ жеріне) қоныс аударуы басы ашық

мәселе екендігін айтады (Сарай, 2009: 13). Ал маңғыттардың Алтын Орда тұсында хан тағының төңірегіне тартылуын Орыс ханның билігімен байланыстырады: «1358 жылы Орыс-оғлан Жыр-Құтуды өлтіріп қырғызға қашқанда Ноғай, Шығай ордасында жан бақты. Ақордаға хан болғанда оларды ілестіре келулі. Олардың арасында маңғыттар да бар еді...», – (Сарай, 2009: 14) дейді. Зерттеуші Алтын Орда аймағында маңғыттардың екі қонысы болған деп көрсетеді: бірі – Созақтағы Құмкентте, екіншісі Еділ-Жайық арасында. Екі мекеннің де Едігеге қатысы бар: бірі – оның туып, ержеткен, бабалары жерленген атамекені болса, екіншісі – Орыс ханнан қашып, маңғыт ағайындарын сағалап келіп, паналаған, кейін билік құрған ордасы.

Зерттеу еңбектерден: «XIV ғ. соңына қарай Жайық пен Еділдің арасындағы тайпаларды біріктірген қауым өзін маңғыттар, ал өз ұлысын "Маңғыт жұрты" атады. "Ноғайлар", "ноғайлықтар", "Ноғай Ордасы" деген атаулар деректерде XVI ғ. бас кезінде пайда болады» (XIII-XV ғ. Ноғай ордасы...), – деген пікірлерді кездестіреміз. Әнес Сарай Ноғай атауын Алтын Орданың әскербасы Ноғай есімімен байланыстырған пікірлерді дұрыс деп есептейді. Түрлі тарихи-жазба деректерге сүйеніп: «Белгісіз Ноғайдың биік баспалдақтарға өрмелеп шығуы Берке хан тұсында болды (1257-1266 жж.). Демек Ноғай Алтын Орда қолбасы дәрежесіне дейін көтеріліп, Днепр-Дунай тарапынан жаңа иеліктер алғанға шейін ортаңғы және жоғарғы Еділ-Жайықты қоныс еткен.

Ноғайдың өлімінен кейін бұл өңір маңғыттарға берілгенмен, Ноғай жұрты аты қалмаған, өшпес-өлмес ел жады ақыры маңғыт атауын ысырып шығарған» (Сарай, 2009: 15), – дейді. Сөйтіп, өздерін «маңғыт жұрты» деп атаған Едігенің елін өзгелер «ноғайлылар» деп атап, жазба деректерге Ноғай Ордасы атауымен еніп, тарихта солай айту қалыптасқан болуы керек. И.Х. Калмыков, Р.Х. Керейтов, А.И. Сикалиевтердің бірлескен еңбегінде Ноғай ұлысының орнына XIV ғасырда Едіге тұсында Еділ мен Жайық аралығында құрылған жаңа этникалық топ ноғай атауын қайта жаңғыртты деп көрсетіледі (Калмыков, 1988). Ал маңғыт тайпасы осы бірлестікті құраған көп тайпалардың бірі ретінде аталады. Едіге туралы жырлардың бұлғар татарлары арасында тараған нұсқасында ғана Едігенің тегі маңғыт екені Тоқтамыстың сөзінде айтылады. Қарақалпақ нұсқасында Едігенің тегі қоңырат деп сипатталады. Қазақ нұсқаларында

Едігенің тегі Баба Түкті Шашты Әзиз әулиемен байланыстырылады. Бұл – Едігедей ұлы бидің тегін қасиетті тұқымнан шығарып көрсету мақсатындағы халық қиялының жемісі болса керек.

Маңғыттар мен маңғыстаулықтар

Біз Едігедей ұлы бидің ұлысы болған маңғыт жұртының қазіргі ұрпақтарын іздеп жолға шықтық.

Біздің экспедиция Өзбекстанның Бұқара, Навои өңірлерін аралап, маңғыт рулары жиі қоныстанған Кенимех ауданы, Шоркөл аулына тоқталды. Қарақалпақ халқының құрамындағы алты арыстың үлкен бөлігі Маңғыттар 30 рудан тұрады. Соның ішінде маңғыттың Темірқожа руынан тарайтын Шәкір Арипов ақсақал бізге Маңғыттардың шежіре-тарихын әңгімелеп берді. Ноғай Ордасы ыдырап, оның құрамындағы тайпалар жан-жаққа бытырағанда, маңғыттар Бұхара жаққа барып, өздерінің хандықтарын құрған. Бұқар хандығының бірнеше әмірі маңғыт тайпасынан болды. Бұқараның соңғы әмірі маңғыт тайпасынан шыққан Сейіт Әлімхан 1920 жылы Қызыл Армия басып алғаннан кейін, Ауғанстанға барып паналайды.

Руы ақмаңғыт Әбдірахманов Мамырайым ағамыздың үйіне барғанымызда, оның жаздық баспанасын көріп таң қалдық. Баспананың архитектурасы ерте кезеңдегі **дыңдарға** қатты ұқсайды. Ғалымдар ерте дәуірдегі архитектуралық құрылыстың алғашқы нұсқасы **дыңның** үлгісі ретінде Қозы Көрпеш Баян сұлу мазарын атайды. Осындай мазарлар Маңғыстауда да бар. **Дыңның** ерекшелігі табиғи тастардан балшықпен қиюластырып, конус формасында биік етіп салынады. Есігі жерден әлдеқайда жоғарыда тұрады. Мамырайым ағамыздың жаздық баспанасы да дәл сондай формада, кірер есігі биікте, баспалдақпен өрмелеп шықтық. Ішкі киіз үй сияқты шеңбер формасында. Бұндай үйлер қарақалпақтарда *күлбе* деп аталады екен. Осы сияқты ерекше формадағы тағы бір үйдің түрі *қосай үй* деп аталады.

Шәкір ақсақалдың түсіндіруінше, Кенимех атауы бастапқыда «конмах», «конмух» деген арабтың «отты жалын» мағынасындағы сөзінен шыққан. Маңғыттардың ғұрпы бойынша жаңа түскен келін жанып жатқан отты үш рет айналып, үстінен аттауы керек. Бұл – жаңа өмірге қадам басқан жас жанның бойын отпен тазарту, аластау ырымынан шыққан. Қазақтың келін

түскенде бетін ашқаннан кейін, үйге кіргізіп, табалдырықтан аттатып, отқа май салып, жанып жатқан майдың жалынымен жас келінді аластау ырымы әлі күнге дейін Маңғыстауда қолданылады. Маңғыстау этнографиясын зерттеу тақырыбымызға дерек беретін тағы бір деталь – маңғыт келіндерінің сәлем ету салты. Келіндердің жасы үлкен қайын жұртына иіліп сәлем ету үрдісі, негізінен, Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде және Маңғыстауда сақталған. Қызылорда, Түркістан облыстарында келіндер қолын кеудесіне қойып, басын сәл иіп сәлем салса, Маңғыстаудың келіндері оң жақ алақанын тізесіне қойып және тізесін бүгіп сәлем етеді. Міне, осы маңғыстаулық үрдістің дәл көшірмесін біз Шоркөлдегі келіндерден көріп, еріксіз таңғалдық. Кенімех аудан орталығындағы респонденттерімізден жинаған этнографиялық деректердің қатарында бізді қызықтырған өлімнің артын күтуге қатысты ырымдар болды. Мысалы, күйеуі қайтыс болған жесір әйел жыл өткенге дейін басына ақ орамал, үстіне көк көйлек киюге тиісті. Күйеуінің жылдық садақасы тарағаннан кейін төркіндері ақ көйлек тігіп әкеліп кигізіп, «көгің ағарды» деп тілек білдірген.

Біз өзімізді «Қазақстаннан Маңғыстауданбыз» деп таныстырғанымызда, бірнеше маңғыт руының адамдары: «Маңғыттаудан дейсіз бе?» деп сұрап қалды. Біз қалжыңы ма, шыны ма, болмаса, Маңғыттау деген жер бар ма, деген оймен тосылып қалдық. Кейіннен білгеніміз, шыннан да маңғыттар өздерінің арғы тарихын Маңғыстаумен байланыстырады екен...

Қарақалпақстанның «Айдын жол» газетіне шыққан журналист Б. Меңдібаевтың қарақалпақ халқының тарихын Маңғыстау жарты аралымен байланыстыратын мақаласында: «Қарақалпақ ғұламалары жазып қалдырған тарихи мұраларға қарағанда Жайылқан ныспымен ат көтерген бесенелер (осы халықтың ескі атауы) Һижра есебімен 250-300 жылдардың өзінде-ақ осы жарты аралды мекен еткен екен. Тарихи жазбалар бесене (печенег) жұртының сол тұста Гурганж (Арал) теңізінен Атил (Еділ) өзеніне дейінгі алқапта ежелгі Бұлғар, Хазар қағанатымен қанаттас жасағанына анықтық енгізеді. Міне, осы кезеңде оғыздармен одақтас болған қарақалпақ қауымының қазаяқлы, қостамғалы, бөгежелі, қанжығалы, айтамғалы, жыланлы, ырғақлы, уақтамғалы тайпалары Маңғыстау түбегін жайлағаны баяндалыпты... Бірнеше ғасыр бойы осы өлкені мекен тұтып, дай (адайлардың ежелгі атауы), кәспий (бұл ру

Арал, Сағақты қарақалпақтарының арасында әлі бар) секілді қауымдармен қоян-қолтық араласып жасаған бесенелер, яғни қоңырат-қарақалпақтар біртіндеп батысқа қарай жылжи бастайды да, жарты аралда қалғандары жергілікті елдер құрамына енеді», – дей келіп: «Жайылқан о баста тек қоңырат елінің аты болса, кейін жалпы қарақалпаққа телініп айтылып кеткен. Өйткені Жайылқан ұрпақтары болмыш қоңыраттар қарақалпақтың негізін қалаған бас арыс саналады да, саны жағынан да осы халықтың жетпіс пайызын құрайды... Ноғайлы заманында бұл өңірге маңғыт елі орналасып, ірге кеңейткені тарихтан аян. Қарақалпақтың қабырғалы арысы саналған маңғыт елінен әйгілі Едіге би шыққан. Осы тұлға 1391 жылы Ноғай ордасын құрып, жаңа саяси одаққа негіз салған еді. Сол кезде адайлар да маңғыт бірлестігіне кірген-тін. Едіге би маңғыт болған соң, осы орда «Маңғыт үйі» деп те аталған. Тап сол тұстан бастап түбек атауы «Маңғытқыслау немесе Маңғытқашлақ» атала бастаған дейді тарих ғылымын тексергендер» (Меңдібаев, 2008), – деп жазады. Автор Маңғыстаудағы маңғыттардың тарихы туралы «тарихи жазба деректер бар» десе де, сол тарихи деректерден сілтеме көрсетпеген.

«Жеті жұрт келіп, жеті жұрт кеткен» Маңғыстауға сол келіп-кеткен жұрттың бірі оғыздар мен печенегтер екені Маңғыстау тарихына қатысты барлық зерттеу еңбектерде айтылады. Олардың тарихи іздері Маңғыстау топонимикасында, Маңғыстау мен Үстірттегі көне қорымдарда (ру-тайпа атаулары мен таңбалары) сайрап жатыр.

Біз жоғарыда атап өткен Қарауылкүмбеттегі жұмбақ кесененің алдыңғы бетінде маңғыт тайпасының шөміш таңбасы бәдізделген.



Сондай-ақ, Едігенің Ноғай Ордасының туын тіккен, кейінгі ұрпақтары билік құрып, жан-жаққа аттанған қара шаңырағы Қазақстанның батыс өлкесі, соның ішінде Маңғыстаудың қара ойы екені анық.

«Қырымныңқырықбатыры» жырлар тізбегінің осы өлкеде ғана толық жүйесімен сақталуы тегін болмаса керек. Маңғыстау топонимикасындағы *Ноғай, Ноғайты, Ноғайлы, Ноғайтөбе, Орақ, Мамай, Қарасай, Қазы, Сары, Қалау, Баба түкті, Шашты* азиз, *Хантөрткүл, Манашы, Күйкен*, т.б. атаулар бұл жердің эпикалық әлеуетін толықтыра түседі.

Қорытынды

Біздің осы мақаланы жазуымызға себеп болған Маңғыстау мен маңғыттардың байланысы деген мәселе еді. Ең алдымен, Маңғыстаудың адайлары сияқты маңғыттар да өздерінің ата-бабалары Түркістан айналып келген деп түсінеді. Маңғыттардың «Жиделібайсыны» немесе ата-бабасына қоныс болған құтты мекені – Нұр ата деген жер. Адайлар үшін Қаратаудың бойындағы қос бұлақ – Қара-Байыр, Алғи-Нұр – иісі алаштың жайлаған жері, құтты қонысы. Қаратаудағы Нұр бұлақ туралы Адайдың атақты тақтағы – Қашаған жыраудың бірнеше толғауы бар. «Адай тегі» дастанында:

*Сол Қаратаудың басында
Түбінде аққан бұлағы
«Дарау» деген ағаш бар,
Бұлақтың атын айтайын:
Түркістан маңы Алғи-Нұр,
Қарашаңдақ, Шадыра,
Жайлаған маңын алаш бар* (Қашаған, 2017. 84).

«Атамекен» дастанында:

*Өзіреттің кең ойы,
Алғи судың өн бойы
Атамыз қонған жер екен.
Көршілес елдер жау болып,
Іздегендері дау болып –
Кетіпті біраз берекем.*

*Өзіреттің ойында,
Қара-Байыр, Алғи-Нұр
Деген судың бойында
Алшын деген аз ауыл
Қытайменен жау болып
Көшіпті салып қарауыл,
Аттың мініп жарауын.
Жыйнады ноқта-сіргені,
Көтеріп көшкен іргені,
Ел көше аузын бірледі...* (Қашаған, 2017. 96-97)

Қытаймен қидаласып, Түркістаннан үдере көшкен адай елінің Маңғыстаудың ойына қалай құлағаны жыр тілімен:

*Жыйылып ерлер құралы,
Билерім кеңес құрады.
Шайқылар жатқан қара жұрт,
Баяғы атамыздың тұрағы –
Маңғыстаудың қара ойын
Ернектен қарап тұрады.
Шақырғандай болады
Шашбаудайын сылдырап
Ана Қаратаудың бұлағы.
Бұдан ары шыдамай
Қараойға жұртым құлады, –*

деп суреттеледі. Сөйтіп, Түркістанның Қаратауынан қозғалған адайлар өздерінің бұрын-соңды қалдырып кеткен, «шайқылар жатқан қара жұртына» – Маңғыстаудың Қаратауына келіп біржолата қоныс тебеді. Осы көрініс «Жұт жылы» дастанында:

*Қарабайыр, Нұр суы,
Айналып Сауран келгелі...* (Қашаған, 2017, 105)

деп еске алынады. Қарақалпақстанның белгілі фольклортанушысы Сейдін Әмірланның 2008 жылы жазып алған деректерінде Ізбасар Асылбекұлы деген ел ақсақалы мынадай дерек айтады: «Ол кезде Елібайды «Нұр» деп те атаған. Нұр өлкесін негізінен қарақалпақтың қоңырат арысы билеп тұрған. Нұрдан жоғарғы жағын маңғыттар жайлаған. Нұр өлкесінің орталығы Нұрата шәрі болған.

Қарақалпақтың белгілі бір кісісі қайтыс болса, Нұратадағы «Қарақалпақ қорымы» деп аталатын ескі мазаратқа апарып жерлеген. Осындағы шаруайы қарақалпақтардың малын сатып, базар-ошар ететін жері негізінен сол Нұрата базары болған. Сонан кейін:

*Қарақалпақтың базары да,
Қара мазары да Нұратада, –*

деген сөз қалған. Қарақалпақтар Нұрата қаласын әрі қорғаған, әрі сол жерге билігін жүргізген. Қазақтар қарақалпақтарды Сырдың бойынан ығыстырса, қарақалпақтар Нұр атаға қарай қазақтарды өткізбеген, содан ел арасында:

*Қазаққа Нұр жоқ,
Қарақалпаққа Сыр жоқ,*

деген де сөз қалған. Нұратаның түпкілікті қарақалпақтары өздерін «**жиырма төрт ата маңқышлау**» дейді. Бұлар о баста Маңғытқыстау деген жерден келген қоңыраттар екен. Олар көп заман түрікпендермен қоныстас болған. Сол үшін кейін келген қарақалпақтар оларды «түрікпен» немесе «жаман түрікпен» деген лақаппен атап

кеткен. Бұлар маңғыттар емес, **маңқышлау қоңыраттары**. Біздер бала кезімізде мынадай шақшақ (әзіл тақпақ) айтушы ек:

*Маңқышлауда бір қыз бар,
Маңлайында жұлдыз бар,
Алайын десем пұлым жоқ,*

Берейін десем гүлім жоқ..., – деп... Бұлар да кейін тәжік-сартпен араласып кетті. Нұрдың Қаратауын ен жайлаған «жаман түрікпен» тұқымдары біздің өз ағайындарымыз», – дейді.

Сонда адайлар Сауран айналып, Түркістаннан Маңғыстауға келсе, маңғыттар Маңғыстаудан ығысып, Сыр бойына, одан Түркістанға барған болып шығады. Қашағанның дастанында айтылатын, Әзіреттің ойында, Қара-Байыр, Алғи-Нұр деген судың бойында алшындармен бірде

тату, бірде араз болып жүрген қарақалпақтың бір тақтасы қытайлар емес пе екен деген ой туады (шежіре бойынша қарақалпақ – *мүйтен, қоңырат, қытай, қыпшақ, кенегес, маңғыт* деп алты атаға бөлінеді).

Осы уақытқа дейін Маңғыстау атауының этимологиясы түрлі ұғым-түсініктермен байланыстырылып келді. Ал, оның маңғыт этнониміне қатыстылығы туралы мәселе арнайы зерттеуді қажет етеді. Ноғайлының беглер бегі Едігенің «Маңғыт жұртының» бір кездердегі дәуірлеген заманының куәсіндей болып Маңғыстаудың қара ойында жатқан ноғайлы қорымдары мен Қарауылкүмбет кесенесінің сыры ашылса, талай жұмбақтың шешуі табылатыны сөзсіз.

Әдебиеттер

1. Калмыков И.Х., Керейтов Р.Х., Сикалиев А.И.-М. Ногайцы: Историко-этнографический очерк. Черкесск: Ставроп. кн. изд-во, 1988. – 230 с.
2. Қашаған Күржіманұлы // Тіл таңбалы ақындар. 5 томдық. Құрастырған Ж. Жылқышиев. 2-том. – Ақтау, 2016. 432 б.
3. Меңдібаев Б. Жарты аралды жайлаған Жайылқандар // Айдын жол газеті, 2008, сәуір
4. Сарай Ә. Ноғайлы. Алматы: Арыс, 2009. - 480 б.
5. Тrepавлов В.В. Ногайская Орда. М., 2002.
6. XIII-XV ғғ. Ноғай Ордасы. Солтүстік Қазақстан және Батыс... // <https://qazbrand.info/all/510/hiii-h-no-aj-ordasy-solt-stik-aza/>

References

1. Kalmykov I.H., Kereitov R.H., Sikaliev A.I.-M. Nogaisy: Istoriko-etnograficheski ocherk. Cherkessk: Stavrop. kn. izd-vo, 1988. – 230 s.
2. Qashağan Kúrjimanuly // Til tańbaly aqyndar. 5 tomдық. Qurastyrǵan J. Jylqyshiev. 2-tom. –Aqtaý, 2016. 432 b.
3. Meńdibaev B. Jarty araldy jailaǵan Jayylqandar// Aıdyn jol gazeti, 2008, sáýir
4. Sarai Á. Noǵaily. Almaty: Arys, 2009. - 480 b.
5. Trepavlov V.V. Nogaiskaja Orda. M., 2002.
6. XIII-XV ǵǵ. Noǵai Ordasy. Soltústik Qazaqstan jáne Batys... // <https://qazbrand.info/all/510/hiii-h-no-aj-ordasy-solt-stik-aza/>

Нурдаулетова Б.И.

Каспийский государственный университет
технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова
г. Актау, Казахстан
e-mail: nurdauletova@mail.ru

МАНГИСТАУ И МАНГИТЫ

Следующим важным историческим периодом в истории Мангистау после огузов и кипчаков является Золотая Орда, период Ногайлы. Во второй половине 16 века Ногайская Орда в связи с внутренними и внешними обстоятельствами разделилась на 2-3 части, среди которых были: Большой Ногайский Улус, Младший Ногайский Улус и Улус шести аулов, Жембойлинский Улус. Основателем Младшего Ногайского Улуса был народ, который обитал между реками Жем и Жайык, между Мангистау и Уstyurt, а в поэмах был прозван «он сан ногай» («десять ногайцев»). В топоареалах Мангистау и Уstyurta встречаются такие названия, как Ногай, Ногайты, Ногайлы, Орак, Мамай, Карасай, Казы, Сары, Калау, Караулек, Карашаш, Манашы, Куйкен, Адиль и др. Не случайно Мангистауский регион является поэтическим ареалом цикла поэмы «Қырымның қырық батыры» («Сорок батыров Крыма»). В исторических источниках говорится, что поскольку главный би (судья) ногайцев Едиге был родом из племени мангит, народ, который он возглавлял, тоже стал называться «мангитами». В статье говорится о том, как мангиты обитали в Мангистау, а также об их этнографическом содружестве с представителями Младшего жуза, а именно с адайцами, с которыми они были под крылом одной Орды. Предоставляются предположения об основе топонима Мангистау и этнонима мангит.

Ключевые слова: Мангистау, мангиты, Едиге, Нур-Ата, Алги-Нур, этнографический, традиции, поверья, надгробные камни, здания.

Nurdauletova B.I.

Sh. Yesenov Caspian State University of Technology
and Engineering
Aktau, Kazakhstan
e-mail: nurdauletova@mail.ru

MANGYSTAU AND MANGITS

The next important historical period in the history of Mangystau after the Oguz and Kipchaks is the Golden Horde, the Nogai period. In the second half of the 16th century, the Nogai Horde, due to internal and external circumstances, was divided into 2-3 parts, among which were: the Big Nogai Ulus, the Younger Nogai Ulus and the Ulus of six auls, Zhemboylynsky Ulus. The founder of the Younger Nogai Ulus was a people who lived between the Zhem and Zhaiyk rivers, between Mangistau and Ustyurt, and in the poems was called «on san Nogai» («ten Nogai people»). In the topoareas of Mangistau and Ustyurt, there are such names as Nogai, Nogayty, Nogaily, Orak, Mamai, Karasai, Kazy, Sary, Kalau, Karaulek, Karashash, Manashy, Kuiken, Adil, etc. It is no accident that the Mangystau region is the poetic area of the cycle of poems «Kyrymnyn kyryk batyrs» («Forty Bатыrs of the Crimea»). Historical sources say that since the chief bi (judge) of the Nogai Yedige was originally from the Mangit tribe, the people he led also became known as «Mangits». The article tells about how the Mangits lived in Mangistau, as well as about their ethnographic cooperation with the representatives of the Younger Zhuz, namely, with the Adais, with whom they were under the wing of the same Horde. Assumptions about the basis of the toponym Mangistau and the ethnonym mangit are provided.

Keywords: Mangistau, mangity, Yedige, Nur-Ata, Algi-Nur, ethnographic, traditions, beliefs, tombstones, buildings.



МӘДЕНИ МҰРА

<https://doi.org/10.47500/2021.v1.i1.08>

Тойшанұлы А.
Халықаралық Түркі академиясы,
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан
e-mail: akedil8@mail.ru

НАР ИДІРГЕН НАҚЫСТАР

*Лапылдап, мұз көңілді күйдірген күй,
Балқытып мұз жүректі сүйдірген күй.
Тасытып тас емшекті тандыр болған,
Бота боп нар інгенді идірген күй.*

Ілияс Жансүгіров

Төлді телу салты жыры – түркі-моңғол халықтарында ежелгі заманнан бері таралған мал шаруашылығына қатысты фольклорлық-музыкалық ескі мұра. Жетім қалған немесе анасы жеріген төлді магиялық сөз, музыкалық әуен, ғұрыптық әрекет жасап, ұрғашы малдың аналық түйсігін оятып, аштыққа ұшыратпау үшін жас төлді жағызып емізу малшы қауымның мал түлігінің өсіп-өнуіне, сүт өнімін мол алуға қажетті салты болды.

Бұл зерттеуде алғаш рет қазақ, өзбек, моңғол, бурят, қалмақ, қырғыз, телеңгіт, алтай, торғауыт, тыва халықтарынан жинақталған материалдар өзара салыстырылып, типологиялық тұрғыдан зерттелді. Нәтижесінде түркі-моңғол халықтары салттық музыка мен поэзияның құдыреті арқылы саналы адам баласы тұрмақ, тілсіз хайуан малдың да жүрегін елжірететін қасиетті өнерді меңгеріп, өз әмірін айналасына рухани тәсілдермен жүргізе білген деген қорытынды жасалды.

Түйін сөздер: *төйге, тээгэ-тээгэ, тойг-тойг, турей-турей, төл телу, магия, фольклор, музыка, ритуал, түркі-моңғол, қазақ, қырғыз, өзбек, тыва, моңғол, бурят, қалмақ.*

Адамзат баласы алғашқы қауымдық құрылыс кезеңінен қоршаған табиғатты, аң-құстарды, мал-хайуандарды өзіне бағындырып, күнкөріс көзі ету үшін түрлі амалдарды қолданғаны тарихтан мәлім. Мұндағы неше алуан салттардың өзегінде магиялық шара, мифтік жүйе аясында қоршаған ортаны тірі кейіпкер ретінде қатынас жасап, оған ырым-сырым мәндес музыка, би, өлең арнап еліктіру, адамға бағынышты ету амалы бар. Осындай мағынадағы халық шығармасының үлгілерінің бір парасы еңбек-кәсіп жырларының қатарына жатады. Түркі-моңғол халықтарында сақталған жетім немесе жеріген төлді енесіне телу салты жырын жанрлық тұрғыдан тексерген зерттеушілер еңбек жыры қатарына жатқызып

келеді (Содном, 1964: 24-26; Аксенов, 1964: 20; Гаадамба, Цэрэнсодном, 1967: 41; Дугаров, 1969: 277; Линховоин, 1972: 18-19; Шаракшинова, 1975: 186; Каралькин, 1978: 37-44; Сампилдэндэв, 1987: 27-28; Саримсоков, 1988: 223-224; Кондратьева, 1996: 1-20; Жураев, 2008: 54-55).

Ақынның өзінен өнеге алып, өнер үйренген, дәстүрін ілгерілеткен шәкірті Нартай Бекежанов Тайжанмен кездесуін былайша жеткізген екен: «15 жастамын. «Ақмешітке Арқадан Тайжан келіпті, біз естіп-көрген небір әннің керімі Арқада екен» деген хабарды естіп, мен Шиеліден осында келдім. Мен Тайжанға қалың базардың ортасында кездестім. Арғымақ аттың үстінде сұңқардай қомданып, құлашын сермей тартқан сырнайға әнін қосып отырған Тайжан маған ерекше әсер берді. Оның желкілдеген әсем мұрты көкке қарай зымыраған қыранның қанатын, саңқылдаған даусы ескен желді елестетті.

Мұндай ғажап әнді тыңдаған шақта мен өзімді Арқаның әсем табиғатына шомғандай сезіндім», – деп ұстазын ұлықтаған шәкірт сөзі болса, шәкіртіне тәнті болған ұстаз да ата дәстүрімен:

*«Нартайым, Сыр саңлағы, ағынды бол,
Алыстан жағаласар жауыңды көр,
Мен көрген Ақан сері, үкілі Ыбырай*

*Секілді ерен жүйрік, дарынды бол.
... Аралап Сыр бойында серуен еттім,
Ән шырқап, жырдан талай көш жөнелттім.
Арқадан Сыр еліне ескерткіш деп,*

Әнімді мен Нартайға тастап кеттім!» – деп ақ батасын береді. «Тайжанға деген халық сүйіспеншілігі көл-дария, оның елге деген махаббаты одан да зор. Менің табынатыным – оның әні, шебер сөздері, әсем дауысы. Мен Тайжанды ұстаз тұтамын, ғұмыр бойы мақтан етемін. Тайжан әні кең құлашты, кербез, нәзік лирикалық, терең сырлы шырайлы шығармалар. Дауысы құлаққа қонымды. Әуені – әсерлі де мөлдір, үні – асқақ, тыңдаушылары әрдайым сүйсініп, сүйіп тыңдайтын еді» (Қалмағамбетов, 1990).

Тайжан Қалмағамбетов қазақ мәдениетінің қайраткерлерінің бірі, аса дарынды ақын-сазгер. Оның сөз өнері, әншілігі өзгешелігімен, айрықша мәнерімен есте қалды. Ол бұрынғы ақын-жазушылар секілді орақ ауыз, от тілділігімен де жұртты тамсандырды. Өз заманына үн қосып, Нартай Бекежанов секілді дарынды шәкіртті тәрбиелеген Тайжан Қалмағамбетов қазақ әдебиетінде өшпес із, келешек ұрпаққа мол мұра қалдырды. Бұл сөзімізге жоғарыда баяндалған ғалым Қ.И. Сәтбаевтың, жазушы С. Мұқановтың, Ш.Құсайыновтың, М.Қаратаевтың, А.Жұбановтың, К. Әзірбаевтың, Н. Бекежановтың ақын Тайжан, оның өнері мен дарыны туралы айтқан ілтипатты пікірлері дәлел бола алады.

Ақынның өмірі мен шығармашылығы

Ән-жырдан көш жөнелткен Тайжан ақын туралы ел аузынан жиналған қызықты әңгімелері өте көп. Мәселен, Тайжанның туған келіні Күлжәмиланың айтуы бойынша: «Менің енем Өлмесек, мына әңгімені айтатын еді. Тайжекең Сыр өңірінде біраз жыл тұрған. Сыр елінде кезекті той-томалақта ән шырқап, жыр төгіп отырған кезінде, Сыр елінің қыз-келіншектері ақынға ғашық болып, Тайжекеңнің бәйбішесі Өлмесекке «біз Тайжаңды алып қаламыз, бізбен белдесіп күресесің, тек жықсаң ғана Тайжан сенікі», – деп қалжыңдап, шарт қойыпты. Сонда Өлмесек «Ойпырм-ай, мыналармен күресің, жыға алам ба?», – деп іштей үрейленіп отырады. Ас ішіліп, ән айтылып болған соң, далаға шыққан кезде барлығы қолқа салып, «ал, күреске шық, ақынның бәйбішесі» деп гулдеседі. Сонда көптің ішінен ірі денелі бір әйел маған беттеп, екеуміз алыса кеттік, аруақ қолдап, белдескен әйелді жығып кеткенім бар еді», – деп, енем жарықтық жымиятын...» (Бүкіров, 1979).

Тайжекеңнің бойынан ақыл-оймен қатар, ащы әжуа, уытты мысқыл да табылатын. 15 жасар Тайжанның өнеріне сүйсінген нағашылары жол-жоралғы жасап, шүберекке түйілген тарту ұсынса керек. Сол түйіншекті жиналған жұрт ішіндегі Шалғынбай деген кісі әлсін-әлсін қызықтап, сипалай беріпті. Әлгі адамның бұл қылығын оғаш көрген жиен Тайжанның сол сәтте айтып салғаны:

*«Ішінде Бағаналы тудым жеке,
Көріп ем Көкшетауда көп мереке.
Қолыңа түйіншекті ұстай бердің.
Алғың келіп отыр ма, нағашы-еке?
Түйіншек осал емес, тым бағалы,
Сол шығар ел жиенін құндағаны.
Нағашы, түйіншекті қозғай көрме,*

Жеңешем үйіндегі қыз табады», – деп келетін екі шумақ өлеңінен ақындық аңғарымпаздықты, тапқырлықты, жұрт ықыласына деген ырзашылықты, сонымен бірге адамның жанына батырмай-ақ, әсер ететін әзілдей сынаудың жақсы үлгісін көреміз.



Тайжан ақынның домбырасы

Taizhan akyn's dombyra

Ақын Тайжан қолындағы барын алдынан жүгіріп шыққан ауыл балаларына таратып беретін, қолы ашық, ақжарқын жан болатын. Осылайша ақынның бойындағы адами асыл қасиеттері ел жадында сақталып, замандастары, көз көргендердің ерекше ілтипатпен айтқан әңгімелері арқылы келешек ұрпаққа жеткен.

Мезгіл таразысынан өтіп, есімі ел есінде сақталып қалған Жамбыл, Нұрпейіс, Кеңес сынды ақиық жыр алыптарын кім білмейді? Міне, осындай алқалы топтың ішінен өзіндік орны бар, елінің сүйікті ұлдарының бірі атанған ақын Тайжан өз өлеңдерінде қоғам өмірінде болып жатқан келелі оқиғалар жөнінде қуана жырлады, шаттана әнге қосты:

«Қоғамын социализм құрған елдер,

Жолының коммунизм шегесін қақ», – деп, дүйім жұртқа азаматтық сөзін айтқан (Биғожаұлы, 1996).

Өнер сайысының жүлдегері атанып, халық әндерін Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Орынбай, Сегіз серінің әндерін асқақ даусымен нақышына келтіре, үздік орындай білуінің арқасында халықтың қалаулысы дәрежесіне жетті. Нағашысы Үкілі Ыбырайға еліктеп сырнай мен домбыраның арасында сұлу саз, ырғағын нақышына жеткізе балқытса, өзінің ерен әншілігі, ағыл-тегіл төкпелі ақындығы басына біткен бақыт құсын сан қияға ұшырды. Осы орайда ғалым Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың: «... Тайжан өзінің асқақ өнерімен қазақ мәдениетінің алтын күмбезін көтерісуге атсалысқан тұлға», – деуі әбден орынды (Салықов,

2004).

Тайжан Қалмағанбетұлы 1879 жылы, ал кейбір деректерде 1880 жылы дүниеге келген десе, ақын өзі «...Көсем-құрдас Сталинмен болдым дәмдес» деп өлеңінде келтірген екен. Ол Қарағанды облысы, Ұлытау ауданындағы Айыртау бөктерінің Қаратал деген елді мекенінде дүниеге келді. Ақынның әкесі Қалмағамбет елге сыйлы, молдалық құрған тақуа адам. Анасы Мейіз қазақтың ұлы сазгері Үкілі Ыбырай Сандыбайұлының туған әпкесі. Ақынның өз тілімен айтсақ:

*«Баласы Қалмағамбет,
атым – Тайжан,
Жігітке жарамайды адырайған.
Нәсілім наймандағы Бағаналы,
Ішінде Сарғалдақтың*

қанат жайған», –

деп келтіреді (Салықов, 1979). Ақын сегіз жасынан бай қолында жұмыс істейді. Табиғатынан зерек, бала ақын үлкендердің айтқан аңыз-әңгімелерін, өлеңдерін тыңдап, халық эпосын өзі зерттей бастайды. Жоғарыда айтқанымыздай, оның суырыпсалма ақын ретінде қалыптасуына нағашысы Үкілі Ыбырайдың ықпалы зор болған.

Осы жерде айта кететін бір мәселе, Тайжан ақын қазақтың кең байтақ жерінің солтүстігіне де, оңтүстігіне де үлгі болып, екі жақтың ән дәстүрінің өз жалғасын тауып, өркендеуіне себеп болған, екі жақтың ән дәстүрін байланыстырушы дәнекер, «алтын көпір» болған мәдени қайраткерлердің бірі. Оған мынандай деректерді келтіргім келеді, бала Тайжан 1894-1895 жылдары Сандыбай нағашысының мекені Жалғызтауда екі жылдай болады, Көкшеде Үкілі атанған Біржан сал, Ақан серінің айрықша ықыласына өнерінің арқасында бөленген, отыздан жаңа асқан Ыбырайдың қасында болып, тәлім-тәрбие, үлгі алады. Кезегінде Тайжан да, әлі жас та болса Арқаның әндерін айтып, суырып салып шығаратын ақындық өнерін көрсетіп отырады.

Екіншіден, ұлттық дәстүрдегі Тайжан поэзиясы ХХ ғасырдың 20-30 жылдарында нағыз биікке көтерілді. Осы кезеңде ақын ел ішіндегі жандайшап, пысық белсенділермен де бетпе-бет келіп, айтыс-тартыстарға түсіп қалып жүрді. Ақынның осы жағдайы, оның 1932 жылы Түркістанға көшіп кетуіне себеп болса керек. Қызылордада да тұрады. Ақынның өмірінің осы сәттерінде де оңтүстіктің жыр сүлейлерін, өнерпаздарын өзінің дарынымен, ешбір ақынға ұқсамайтын дара ерекшелігімен, шеберлігімен тәнті етіп, тамсандырғаны, мойындатқаны анық. Сыр бойының атақты ақыны, өнерпазы



Тайжан ақынның
қобызы

Taizhan akyn's kobyz

Нартай Бекежановтың Тайжан Қалмағамбетовті өзіне ұстаз тұтып, қадірлеп қастерлеуі біздің жоғарыда айтқан пікірімізге дәлел бола алады.

1934 жылы маусым айында Алматыда ұйымдастырылған халық өнерпаздарының I слетінде еліміздің барлық өңірінен жиналған хас дарындар арасында Тайжан ақын алмастай жарқылдады. Сол жерде ақын алғаш жыр алыбы Жамбылмен кездесіп, достықтарын соңғы күндеріне дейін жалғастырды. Тайжанның өнеріне тәнті болған өкімет басшылығы сол жылғы 21 маусымдағы қаулысымен Республика Жоғарғы кеңесінің грамотасымен марапаттап, дербес зейнетақы беруге шешім етті. Тайжан Қалмағамбетұлының есімі Жамбыл Жабаевпен жарыса аталып, өлеңдері баспасөзде жарыса жарияланды.

Екі жылдан кейін ақындардың II слетінде Тайжан өзінің ұлы Әшімхан Қалмағамбетовпен бірге қатысады. Тайжан өміріндегі ұмытылмас оқиға, оның Мәскеуде өтетін қазақ өнерінің алғашқы онкүндігіне баратын 350 адамның қатарында аталуы. Оның бұрыннан армандаған арманы, сол кездегі астана – Мәскеуді көру еді, бұл тілегі орындалды. Осы жерде жүріп Одақтың ең басты газеттері «Правда», «Известие», «Литературная газета» сынды баспасөз беттерінде жарыса жарияланған өлеңдері, өкімет тарапынан арнайы тағайындалған дербес зейнетақыдан да қымбат құрмет болатын (Наурызбай, 2004).

Қазақ музыкасын зерттеу ісіне үлкен үлес қосқан, Қазақ АКСР-ның халық артисі Александр Викторович Затаевичпен танысады. А.В. Затаевич Тайжанның үш өлеңін жазып алады.

Орыстың әйгілі ақындары Павел Кузнецов, Константин Алтайскийлер аударып, ақынның атағын бүкіл одаққа паш етті. Бұл сапардан Жамбыл орденмен оралса, Тайжан Жоғарғы Кеңестің Құрмет грамотасымен марапатталады. Сол сапарын жыр еткенде Тайжан ақын:

*«Әнім бар «Сақ-сақ» деген баға жетпес,
Әйгілі «Гэккуге» ол болар теңдес.*

*Мәскеуде онкүндікте сахна ашып,
Күрдас-көсем Сталинмен*

болдым дәмдес», –

деп серпіледі. Мәскеуде өткен онкүндіктен соң Тайжанның талантына тәнті болған Сәкен Сейфуллин мен Сәбит Мұқанов «Даусыңызды жазғызып алайық», деп қолқа салыпты. Сонда Тайжан: «Алатаудың баурайында бар жақсы қыз-келіншектерді жинап алып, менің әнімді тыңдап, рахатқа кенелмек ойларың бар-ау. Ондай қулықтарыңа көне қоятын ақымақ мен емеспін. Тайжан керек болса, Тайжанның тамаша әні керек болса тауып алыңдар», – деген екен. «Тайжан осындай еді» деген екен сонда Сәбит Мұқанов (Муканов, 1966). Міне, солай еткен ақынға «халық жауы» деген айып тағылып, 1937 жылдың зобалаңы Тайжан ақынды алпыс жастың асқарына іліктірмей қиып түсті.

Қазақстанның Ұлттық кітапханасының сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қорында Тайжан туралы мағлұматтар бар. Соның бірі – «1936 жылғы Мәскеудегі қазақ көркемөнерінің онкүндігі» атты жинақ. Бұл жинақта Тайжанның өлеңдері бар. Оның «Серго» атты өлеңін Павел Николаевич Кузнецов аударған екен. «Литературный критик» журналының 1937 жылғы №5 санында белгілі аудармашы, жазушы Константин Алтайский «Ақын Советского Казахстана» деген мақаласында Тайжан Қалмағамбетовтің ақындығын айта келіп, өлеңдері орыс, украин, белорус, тағы басқа да тілдерге аударылғанын әңгімелейді.

1970 жылдардан бастап қана ақынның асыл бейнесін айқын сипаттауға жол ашылды. 1972 жылы филолог Шамқан Рахметов Тайжан поэзиясы тақырыбына диплом жұмысын қорғады. Бұл Тайжан Қалмағамбетов жайлы ғылыми негізде жазылған еңбек болатын. Ақынның өмірі оның шығармашылық жолын кеңінен зерттеген өлкетанушы Сүтемген Бүкіров, Өмірбек Мұқанов, ақын Кәкімбек Салықов және басқа да жазушылар еңбегінде орын тапқан. Музыкалық өнеріне келсек, Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Ғалым Мұхамедин Тайжан әндерін жинақтап, оны халық арасына таратуда үлкен еңбек сіңіріп жүр. Ғалым Мұхамедин «Алтын кесе» деген әндер жинағында «Га-га-гай», «Жігіттер», «Жомарт Тайжан», «Қарсақбай», «Қызыл алма», «Нартайға», «Сақ-сақ», «Шалқыма», «Сыр еліне», «Тайжанның әні», «Ұлытау» әндерін көпшілік назарына ұсынған (Мұхамедин, 2013).

Халық ақыны Кенен Әзірбаев: «Әні де Тайжекеңнің ерекше, ағып айтатын, төгіп сөйлейтін. Тайжаңда талабына серік өзінің домбырасы, гармоны, қобызы да бар болатын», – деп ақын Тайжанның өнері жайлы ерекше сүйіспеншілікпен, тебірене еске алады. «Тайжекеңнің өзіне тән балгерлік, бақсылығы да бар, әртістік қабілеті де барлық. Топ ішінде отырып, көз алдында құлағы жоқ шұнақ болып шыға келеді. Мұрны жоқ пұшық, көзі жоқ соқыр да бола алады. Ат үстінде ойнағанда анау-мынау цирк әртістерінің қолынан келмейтін ойындарды көрсетеді. Ұлытау далаларында келе жатып сыбызғыларды көре сала, бала сияқты аттан қарғып түсіп, ерінбей оны кесіп алып, дыбыс шығаратын тесіктерін ойып, сыбызғыға жан бітіретін. Сырнайдың әр пернесіне жан бітіретін. Сырнаймен бірге бүкіл денесі жырға қосылатын, көзі ойнайтын, денесіндегі бұлшық еттерінің бәрі жырға қосылғандай билеп отыратын. Өлең айтқанда бір жерде отыра алмайтын, бүкіл денесі қимылдап билейтін еді», дейді Өмірбек Мұқанұлы. Тайжан ақын қолөнерге де жақын болған. Ол ағаштан да, темірден де ойға алған затын жасай алатын. Домбыра, ер-тоқым, етік, мәсі, кебісті адам қызығатындай етіп жасай алатын ісмерлігі де бар.

Тайжан ақынның қазасы

Тайжан Қалмағамбетовтің атылған уақыты белгілі болғанымен оның қаза болып, көмілген жері белгісіз. Осы жағдай туралы деректер де әртүрлі. Бір деректерде Тайжан 1938 жылы ақпан айында Магадан маңайында этаппен алып бара жатқанда кездейсоқ аурудан вагон ішінде қайтыс болды делінген. Екінші құжатта Теректі станциясының бойында атылды делінсе, ал келесі бірінде НКВД-ның №11193 ісі бойынша Қарсақбайда «үштіктің» шешімімен атылды делінген.

Өмірбек Мұқановтың «Талайды таң қалдырған Тайжан ақын» атты еңбегінде «Қарсақбайда атылды дегеннің жобасы бар сияқты. Біздің бала кезімізде мал соятын «бойня» дейтін болатын, сонда кейбір сотталып, үкімі шыққан адамдарды көзімізше теріс қойып атқанын өз көзімізбен көргенбіз. Мүмкін Тайжекең де сол жерде болуы» деп келтірген (Мұқанұлы, 2000).

«Әкемнен айрылғанда мен тоғыз жаста едім. Үміт емес, үрей билеген сол бір қиын кезеңнің тауқыметін еш уақытта ұмытпаспын. Бес

Тайжан ақынның
сырнайы

Taizhan akyn's flute



ағайынды едік. Шешеміз – Өлмесек. Бізге қатты батқаны ауыл адамдарының бізден ат-тонын ала қашқаны болды. «Халық жауының» семьясы атандық. Аға-апаларым, бауырларым қайтыс болғаннан соң семья салмағы маған түсті. 1941 жылы Қарсақбайда ашылған №22 ФЗО-ға түсіп, байытушы мамандығыналыпшықтым. 1943 жылы Красно-Уральск заводында жұмыс істедім. Бұдан кейін туған елге қайтып келіп, байытушының көмекшісі болып, одан соң аудандық «Қызыл кенші» газетінде, облыстық радиода, комсомол ұйымында, баспаханада қызмет еттім. Айтайын дегенім, өз өмірбаяным емес, осы жылдарда көрген, бастан кешірген әділетсіздік сойылының зардабы еді. «Әкем жазықсыз, әкем кінәсіз, әкем халық жауы емес» деп кімді нандыра алам. Мен істің анық-қанығына жетейін деген оймен заң орындарына хат жаздым, әкемді іздестірдім. Тек 1958 жылы жазған хатыма ғана нақты жауап алдым. Қарағанды облыстық соты әкемді кінәсіз деп тапты».

Он жылға сотталды деген Тайжанның 1937 жылы 22 шілдеде ұсталып, сол жылы 24 қыркүйекте атылғанын, ал ату жөніндегі «үштіктің» қаулысы 1 қазанда шыққанын көпшілік біле бермейді. Әкемнің ісін іздестіру кезінде осындай әділетсіздіктерді де кездестірдім», деп жазады ақынның ұлы Қасымхан Қалмағамбетов (Қалмағамбетов, 1990).

Қасымхан аға «Қарсақбайдың түрмесінде әкем араб тілінде қабырғаның бір шетіне:

«Қандай иттің баласы,
Салды екен өсек араға.

Арызды тегіс айтуға,

Келмей де жатыр шамаға», – деп, өз қолымен жазып қалдырғандығын естідім», дейді баспасөз беттерінде жазған мақаласында.

Тағы да, Өмірбек Мұқановтың «Талайды таңдандырған Тайжан ақын» еңбегінде «Іс былай басталады. Сыртында СССР НКВД Қазақ АССР басқармасы. Т. Қалмағамбетовтің контрреволюциялық қызметі үшін айыптау. Іс 31 наурыз 1937 ж. басталып, 11 қыркүйек 1937 жылы аяқталды. Бұл папкадағы істе Тайжаннан басқа тағы 4-5 адам бар екен.

Ақынды ұстау, қамау, тіпті, тәркілеу шаралары 22 шілдеде басталады. Көргендердің айтуынша Тайжанды моншаның ішінен жуынып жатқан жерінен ұстап, қамайды. Сол жылы Тайжекең Айыртаудан біздің ауылдан Қарсақбайға жүріп кеткен, біз барлық ауыл болып, біртүрлі қимастай болып, ақынды шығарып салғанбыз. Өмірі мұндай болмайтын, кейбіреуі көзіне жас та алды.

Сол кезде ауылға бірнеше күннен кейін бір суыт хабар келіп жетті, онда: «Тайжан қамалып түрмеде жатыр екен» деген, бірақ біз оған сенбедік. Қарсақбайға жүретін даңғыл бір-ақ жол бар, ол Аралтөбе, Қарабұлақ арқылы. Қарабұлақта менің әкемнің кіші інісі Қабдрахман Жамал жеңгеймен тұратын, оның басында да мал соятын «бойня» бар. Бізге жеткен деректерге қарағанда, Тайжан ондағы сойылып жатқан малдарды көріп, әңгіменің үстінде «Мынау адал бола ма?» деген сөз аузынан шығады. Оны айтатын себебі де бар еді, біріншіден, малды бауыздамай басынан

үлкен сом балғамен ұрып өлтіреді, екіншіден, шошқа мен қара малды араластырып сояды. Сол әңгіме сол қалпында естіп отырғандардың біреуімен НКВД-ға жеткізіледі. Тексеру қағаздарында: «Мен аудандық НКВД-ның өкілі, сержант, қауіпсіздендіру комитетінен, маған түскен Қалмағамбетов Тайжан туралы деректерді тексере отырып, мынадай жағдайларды анықтадым делінген: Қалмағамбетов Т., Қарсақбай қалашығында тұрып, соғыс болады, онда кеңес үкіметі жеңілетіні сөзсіз, деп үгіт-насихат жұмысын үзбей жүргізіп келген, шығарған өлеңдерінің ішінде көбі үкіметке, революцияға қарсы туындылар. Осы деректерге сүйене отырып, қаулы шығарамын.

Т. Қалмағамбетов УК РСФСР-ның 58-бабына сай жауапқа тарту керек деп табылсын, жауапкершіліктен қашып кетпеуі үшін оны жедел қамауға алып, КПЗ-ға орналастырылсын». Қаулының аяғында екі тергеушінің қолы қойылған. Аудандық прокуратураның келісімі оның қолымен бекітілген. Үйді тінту нәтижесінде Тайжанның төлқұжаты, мақтау қағазы, 18 анықтама мен куәлік, екі мандат, 69 бет өлең, екі Құран, бір мылтық алынған. Жауабында: Тайжан 1878 жылы Қарсақбай ауданының №7 ауылында дүниеге келгендігі, қалашықтағы 102 үйдің 4-пәтерінде тұратындығы, қазір кәсібі жоқ, әлеуметтік жағдайы малшы, кедей. Әйелі 44 жаста, ұлдары Әшімхан – 18, Қасымхан – 14, Советхан – 7-де, қызы Кәмелтай – 11-де екені көрсетілген. Ал Жамалтайы ол уақытта тұрмыста болатын.

Ертеңінде 23.07. күні «ол айыбын мойындады», – деп жазған, ал сыртынан жалған қол қойған. Тексерушінің сұрақтары: «Мал соятын жердегі жұмысшылар мен орыс сойған етті жеуге бола ма?» – дегенде жауап «Болмайды». Тексеруші жауапты үкіметке қарсы пікір деп тапқан, айыпты мойындады деп толықтайды. Куәларды шақырады, олардың орнына тексерушілер өздері қол қоя салады, олардың «қол біздікі емес» деген дәлелдемелері келтірілген. Осы қойылған сауалдарға байланысты НКВД-ның аудандық бастығы шешім қабылдайды да, Тайжекеңе үш кінә тағады:

1. Тайжан революцияға қарсы топтың мүшесі.
2. Ол революцияға қарсы өлеңдер шығарған.
3. Революцияға қарсы үгіт жүргізген.

Үштіктің аудандық шешімінің қаулысын Қарағанды облыстық басқарма бастығының орынбасары, мемлекеттік қауіпсіздіктің аға лейтенанты қол қойып бекітеді. 1 қазанда үштік Тайжан ісін қайтадан қарап, оған төртінші айып тағады, ол бойынша «орыстар мен қазақтар арасында алауыздық туғызды» депті. Соған

сәйкес үштіктің үкімі шығады. «Атуға бұйыру, мүлкін тәркілеу!».

Балаларының 1958 жылы 14 наурызда жазылған арызына сай Қарағанды облыстық соты желтоқсан айында өз отырысында қарап, шешімімен ақын толық ақталады» (Қалмағамбетов, 1990).

Енді келесі дерек, «Тайжан менің тағдырымда» атты естелігінде Өмірбек Мұқанов сол сәтті былай деп еске алады:

«...Тайжекеңді соңғы рет Айыртауда жолықтырып, сауық-сайран салуымыз 1937 жылы жаздың орта кезі болатын. Аз ғана ауылдың үйлерінің барлығына бірдей кіріп, дәм татып, қимастықпен қоштасты. Қара сырнайға жан бітіріп, соңғы жырын жырлады. Елін қимағандай сезіммен ақын Қарсақбайға қарай желе-жорта жүріп те кетті. Бұл Тайжекеңнің туған жеріне барған соңғы сапары еді. Ақын осы жолы бірдеңені ішкі сезімі байқағандай, бір қауіптің төніп тұрғанын сезген екен. Бірнеше күннен кейін ауылға суық та сұмдық хабар келді.

Тайжан «халық жауы» болып ұсталып түрмеге жабылды, ол «жапонның шпионы екен» деген хабар ақынның өлкесіне тез жайылды. Содан 20 жыл бойы Тайжан аты аталмайды», деп еске түсіреді Өмірбек Мұқанов (Мұқанұлы, 1970).

Ақын Тайжан ұсталған жылы өзімен қоса 69 бет өлеңін қоса алып кеткен екен, соттың іс-қағаздарынан ол өлеңдерінің бірі де табылмайды. Енді кезекте тағы да ойландыратын жағдай, ақынның қай жерде жерленгені әлі күнге дейін белгісіз. Біреулердің айтуынша, түйеге мінген НКВД адамдары бірнеше адамды арқанға байлап, жалаңаяқ сүйретіп, Қызылорда жаққа қарай бет алғандардың арасында ақынның болғандығын айтады. Ату жазасына кесілген болса, оның қай жерде жерленгені жобалап болса да белгілі болар еді ғой. Шын мәнінде ақынның ақырғы күндері қалай аяқталғаны жұмбақ болып отыр. Біздің қазіргі арманымыз осы жайттың анық-қанығына жетіп, Қыр мен Сырдың жыр саңлағы атанған ақтаңгер ақынның зиратын тауып, ескерткіш көтеру. Тайжанның жазықсыз жапа шеккендігін бүгінгі ұрпақ жақсы келеді (Бүкіров, 1970).

«Заманың түлкі болса, қыран боп шал» дегендей, өз заманының қыраны бола білген ақын Тайжан да 1937 жылғы қуғын-сүргінге ұшырап, түрмеге қамалып, нақақтан атылып кетеді.

*«Қапаста көңіл қайғылы,
Көкірек толы санаға.
Дұшпанның сөзі сор болып,
Өтірік күйдім жалаға», –*

деп өзі айтқандай, тоталитарлық жүйенің

Голощекин бастаған, НКВД қостаған апатына абзал ақын ұшырады.

Сол кездегі идеология Арқаның ақиық ақынын ел жадынан өшіруге қаншалықты күшті салғанымен, халықтың сәулелі санасы Ұлытаудан түлеп ұшқан ұланның ұлағатты есімін де, көркем сөз, сиқырлы әуенмен өрнектелген өрісті өнерін де ала дауыл кезеңнің алапатынан сақтап қалды. «Ащының дәмін білмеген, тұщыны қайдан сезінсін» деген халқымыздың аталы сөзі бар. Бабаларымыз бостандығын, жерін, тілі мен ділін, діні мен салт-дәстүрін сақтап қалу үшін арыстанша арпалысып, қисапсыз күрес жолынан өткен. Бұл жайлы тек тәуелсіздік алғаннан бері ғана шешіліп шер тарқатқандай еркін егіліп, төгіле тебіреніп, айқайлап айтып, жазушылар мен тарихшылар, зерттеушілер жазып келеді.

Тарихтың ашылмаған парақтары өктемдік пен озбырлық саясаты қара бұлттай қаптап қонған даламыздың талай құпиясын бүгіп жатыр. Аңди білген адамға тау да, тас та сөйлейді. Сталиндік зұлматқа ұшыраған Тайжан ақынның ұсталғаны, қалай жабылғаны жөніндегі әңгіменің бізге шет жағасы ғана белгілі.

Манаш Қозыбаев «Ғасыр қасіретін арқалаған арыстар» деген мақаласында айтқандай, «аласұрған XX ғасырда қан сел болып аққан, көз жасынан пайда болған дарияға мәлие қарап, мұңлы болып батқан күнмен бірге мәңгілікке тартқан арыстардың» (Тұғыры биік тұлға, 2002) арасында Тайжан ақын да халық тарихынан өз орнын ала алады.

«Тайжанның кіші ұлы Советханның қолында ақынның өзі көп тұтынған жан серігі 12 тілді

сырнайы сақталуда. Онда 1912 жылы Троицк қаласында жөнделгенін көрсеткен шебердің қолтаңбасы бар» (Бүкіров, қор-289) деп С. Бүкіров архив қорындағы қолжазбаларында мәлімет қалдырған. 2017 жылы «Тарихта өз атыңды қалдыр» акциясы барысында Тайжанның сырнайы (гармонь) музей қорына қабылданды. Өткізген немересі Қалмағамбетов Темірхан. Ақынның өзі көп тұтынған сырнайы. 2019 жылдың 6 желтоқсанында Жезқазған тарихи-археологиялық музейінде Жезқазған қаласының 65 жылдық мерейтойы аясында ақын Тайжан Қалмағамбетовтің туғанына 140 жыл толуына арнайы экспозиция ашылды және осы іс-шара барысында ақынның домбырасы, қобызы, ағаш табағы (тапсырған немересі Қалмағамбетов Күнтуған), ағаш шара, кілемше, тықыр кілем, кепсер (тапсырған ақынның келіні, денсаулық сақтау саласының ардагері Оспанова Гүлдәрі) сияқты асүй заттары қорға табысталды. Экспозицияның ашылу салтанатына арнайы Қызылорда облысы Шиелі ауданы Н. Бекежановтың мемориалдық өнер музейінің қор сақтаушысы Нақыпов Нұрдаулет Досболұлы шақырылды, осы іс-шарада ол ақынның шәкірті Нартай Бекежановтың сырнайын, фото-құжаттарды музей қорына тапсырды. Сырнайды кезінде Нартай өзінің шәкірті Арзулла Молжігітовке мұраға қалдырған. Бұл құнды жәдігерлер ақын мұрасын зерттеушілердің, өнерді қадірлейтін жандардың көзайымы болып ақынға арналған экспозицияда тұр.

Тайжан Қалмағамбетов ұлылар санатына ілігіп, халық жадында қаһарман болып қала бермек.

Әдебиеттер

1. Биғожаұлы Қ. Ақынға терең ой мен ақыл керек // Сарыарқа, 24.05.1996 ж., №125, 4 б.
2. Бүкіров С. Забытое наследие // Джезказганский рабочий, 8.12.1970 г., №28, 4 б.
3. Бүкіров С. Қор-289, тізім 1, іс 93.
4. Бүкіров С. Слово об акыне // Джезказганская правда, 21.06.1979 г., №120, стр. 3.
5. Қалмағамбетов Қ. Әкем елін сүйіп еді // Жезқазған туы, 9.02.1990 ж. №28, 4 б.
6. Муканов С. Школа жизни. – Алматы, 1966 г., стр 64.
7. Мұқанұлы Ө. Тайжан менің тағдырымда // Жезқазған туы, 2.02.1970 ж., №21, 3 б.
8. Мұқанұлы Ө. Талайды таңдаңдырған Тайжан ақын. – Жезқазған: Полиграфия, 2000 ж, 23 б.
9. Мұхамедін Ғ. Алтын кесе. – Қарағанды, 2013.
10. Наурызбай Ж. Ән жырдан көш жөнелткен Тайжан ақын // Ұлағат – наше время, 15.12.2004 ж., №48-51.
11. Салықов К. Ақын Тайжан // Жезқазған туы, 4.02.1979 ж., №25 4 б.
12. Салықов К. Ақын Тайжан. – Алматы: Үш Қиян, 2004, 22 б.
13. Салықов К. Сақ-сақ күлген сырнайым. – Алматы: Қазығұрт, 2004
14. Тұғыры биік тұлға. / С. Сейфуллин туралы зерттеулер, естеліктер, мақалалар / Алматы: Үш қиян, 2002 ж., 151 б.

References

1. Bıǵojauy Q. Aqynǵa tereń oi men aqyl kerek [A poet needs deep thoughts and intelligence] // Saryarqa, 24.05.1996 j., №125, 4 b.
2. Búkirov S. Zabytoe nasledie [Forgotten legacy] // Djezkazganskı rabochı, 8.12.1970 g., №28, 4 b.
3. Búkirov S. Qor-289, tizim 1, is 93.
4. Búkirov S. Slovo ob akyne [A word about the poet] // Djezkazganskaia pravda, 21.06.1979 g., №120, str. 3.
5. Qalmaǵambetov Q. Ákem elin súip edi [My father loved his country] // Jezqazǵan týy, 9.02.1990 j. №28, 4 b.
6. Mýkanov S. Shkola jızı [School of life]. – Almaty, 1966 g., str 64.
7. Muqanuly Ó. Tajan meniń taǵdyrymda [Tajian in my destiny] // Jezqazǵan týy, 2.02.1970 j., №21, 3 b.
8. Muqanuly Ó. Talaidy tańdandyrgan Tajan aqyn [Tajan poet who surprised many]. – Jezqazǵan: Poligrafia, 2000 j., 23 b.
9. Muhamedin Ğ. Altyn kese [Gold Cup]. – Qaraǵandy, 2013.
10. Naýryzbai J. Án jyrdan kósh jóneltken Tajan aqyn // Ulaǵat – nashe vremá, 15.12.2004 j., №48-51.
11. Salyqov K. Aqyn Tajan [Taizhan poet] // Jezqazǵan týy, 4.02.1979 j., №25 4 b.
12. Salyqov K. Aqyn Tajan [Taizhan poet]. – Almaty: Úsh Qıan, 2004, 22 b.
13. Salyqov K. Saq-saq kúlgen syrnaıym [Smiling sirnay]. – Almaty: Qazyǵurt, 2004
14. Tuǵyry bıik tulǵa. / S. Seıfýllın týraly zertteýler, estelikter, maqalalar / Almaty: Úsh qian, 2002 j., 151 b.

Мухамедина Э.

Жезказганский историко-археологический музей,
г. Жезказган, Казахстан
e-mail: evamuhamedina@mail.ru

ЖИЗНЬ И ТВОРЧЕСТВО ТАЙЖАНА КАЛМАГАМБЕТОВА

В статье анализируется жизнь и поэзия известного поэта Улытауского района Тайжана Калмагамбетова, раскрываются тайны его смерти. Сгруппированы и проанализированы мнения и воспоминания о творчестве поэта, данные о жизни и творчестве поэта, его смерти. Автор приходит к выводу, что поэт откликнулся на вызовы своего времени, продолжая традиции своих предшественников, и стал своеобразным «золотым мостом» между прошлым и настоящим.

Автор приводит три факта о смерти поэта, преследуемого сталинским режимом, и пытается добиться правды в вопросе трагической смерти Т. Калмагамбетова. Наконец, оценивается роль поэта в казахской литературе и культуре, и делается важный вывод об уникальности личности Тайжана Калмагамбетова, его поэтическом наследии и особенностях творчества поэта.

Ключевые слова: поэт, жизнь поэта, творчество, певческие традиции, литература, культура, сталинские репрессии, духовное наследие.

Mukhamedina E.

Zhezkazgan historical and Archaeological Museum,
Zhezkazgan, Kazakhstan
e-mail: evamuhamedina@mail.ru

THE LIFE AND WORK OF TIJAN KALMAGAMBETOV

The article is devoted to the analysis of the life and poetry of the famous poet of the Ulytau region Tayzhan Kalmagambetov, revealing the mystery of the poet's death. The opinions and memories about the poet Tayzhan's art, the facts about his life, work and death are collected and analyzed. The author concludes that the poet made a great contribution to his epoch, continuing the traditions of his predecessors – poets-singers. Three facts about the death of the poet, who was subjected to the Stalinist repression, are given, trying to reveal the truth. At the end, the poet's place in the Kazakh literature and culture are esteemed and a unique personality, heritage and identity of the poet are described.

Keywords: poet, poet's life, creativity, singing traditions, literature, culture, Stalinist repressions, spiritual heritage.



МӘДЕНИ МҰРА

<https://doi.org/10.47500/2021.v1.i1.10>

FTAMP 03.81.25

Төлегенұлы Қ.
«Бозоқ» тарихи-мәдени музей-қорығы
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан
e-mail: tkazhytmurat@mail.ru

АБАҚ КЕРЕЙ САРБАС РУЫ ТУРАЛЫ

Қазақ халқының болмысын, шығу тегін зерттеу өте маңызды мәселелердің бірі. Осы орайда, қазақ ру-тайпалық құрылымын зерттеу басты рөл атқарады деуге болады. Әсіресе олардың шығу тегі, орналасқан жері мен көші-қон аумағы Ресей мұрағаттарында, экспедиция құжаттарында жақсы сақталған. Кейінгі кезде отандық ғалымдар зерттеулерінде біршама кең мәліметтер беріп, зерттеу аясын кеңейте түсті. Тақырыбымызға арқау болып отырған Абақ Керей ішіндегі Сарбас руының қалыптасу тарихын, тарихи-ғылыми тұрғыдан зерттеу әлі нақты қолға алынбады. Шағын мақалада Сарбас руына байланысты қолда бар деректерге шағын шолу жасап өтуді жөн көрдік. Руға байланысты Ресей мұрағаттарында сақталған құжаттарды толық зерттеу өте маңызды. Ондағы құжаттар арқылы рудың шығу тегі, руаралық байланыстары қазақ халқының түп негізіне апарып тірейді, әрі біртұтас ұлт болғанын көрсетеді.

Түйін сөздер: Абақ Керей, Сарбас.

«Абақ» пен «Сарбастың» байланысы және «Абақ» сөзінің мағынасы туралы

Сарбас руының тарихын қарастырғанда «Абақ» сөзі ұғымының мағынасы аса маңызды. Ғылыми әдебиеттерде «Абақ» атауы туралы әртүрлі көзқарастар бар. Абақ әйел (ана) ретінде, жауға шапқан батыр ретінде де кездеседі. Біздің ойымызша Абақ ер адам. Тарихта Абақ, Абақ есімдерінің көбі ер адаммен байланысты. Мысалы: XVII ғ. қалмақтардан жеңілген Телеуіт (орыс жылнамаларында «ақ қалмақтар» деп кездеседі – ред.) князі (тайшы) Абак (Миллер, 1937: 91) туралы орыс жылнамаларында бар. Бір қызығы, осы телеуіттер өздерін «абактықтар» деп санайды және «Аба-тура» деген қалада мекендейді. И.Э. Фишер Абак княздің Итемген (Абақ-Керей жәдік тармағында Итемген ата бар) және Қоймас деген балаларын Томск қаласына жіберетіні туралы айтылады (Фишер, 1774: 462). Осыған ұқсас, Моғолстан ханы Сұлтан Ахмедті «Ит-Эмген бахадур» деп атаған деректерде кездеседі (Юдин, 2001: 83). Орыс географиялық қоғамының Семейдегі Батыс-Сібір бөлімінде жинақта шыққан А.Н. Белослюдовтың «О происхождении Кереев» атты дерегінде «Алғашқы

керей, Найманның ағасы – Абақ болған» деп атап өтеді (Белослюдов, 1915: 8). «Алғашқы Керей Абақ ол – Найманның ағасы» екенін А.П. Чулошников та растаған. Ал, Абақов (ова) фамилияларының шығуын Телғожа Жанұзақов Абақ руы атауынан шыққан (Жанұзақ, 2010: 160) дей келе, ғалым Грумм-Гружемайло зерттеулеріндегі Сарбастар туралы жазғанын ұсынады: «Керейлердің рубасының Сарбас аталуы да оның ақ я сары кісі болуымен байланысты болған» деген пікіріне, «Ерте кезде қара кереймен қатар сары керей деп те аталғанын анық байқаймыз. Ал Абақ керей дегендегі абақ рудың әлдебір ерекшелігіне, қайсыбір қасиетіне, жас мөлшеріне байланысты қойылған лақап болуы мүмкін. Егер олай болса, ол керейдің ішіндегі жасы жағынан «үлкені», «ағасы», «ақсақалы» болуы ықтимал. Өйткені түркі тіліндегі абақа//abaga «аға», «жасы үлкен ағай», «немере аға», «атай», «қария», «қадірлі» сөзінің төркіні мен мәні соған саяды. Бұған оның антонимі уақ керейдің (яғни кіші керей) болуы толық дәлел бола алатын сияқты» деп атап өтеді. (Жанұзақ, 2010: 160). Лингвист ғалым С.Аманжолов: «Абақ» сөзі лингвистикалық жағынан «әппақ (светло-белый)» дегенді білдіреді. Орта жүзде Керей руы қара керей,

абак керей (апшақ керей), уақ керей (ұсақ керей) деп бөлінетінін айтады (Аманжолов, 1959: 60). Г.Н. Потанин: «Абак керей туралы, Ашамайлы керейден басқа олар қандай себептерге байланысты екені белгісіз, бір атадан тарайтын 12 бөлікке бөлінген. Барлық Керей халқының ежелгі атасы Сары Үйсін болған, оның баласы Қара-би, Қара-бидің баласы – Абак, Абақтың баласы Керей. Соңғысының 12 баласы болып, Керейлердің тармағы тарайды» – деп атап өтеді (Потанин, 1881-1883: 5-6). «Абак» ер адам есімі екенін анықтай түсу үшін Капитан Андреевтің «Абак Ұлы жүздегі Үйсіннің баласы» дегенін айтуға болады (Андреев 1998: 29).

Г.Н. Потанин атап өткен Қара би, Сары Үйсін, жоғарыда келтірген Әппақ (Абақ), Сарбас, Ақсары керей, т.б. атауларға қарап адам түсіне, бет-бедеріне ерекше мән берілгенін, кейін олардың тайпа немесе ру атауына айналғанын және нәсілдік ерекшелігінде байқауға болады. Мысалы: Сарбас руынан туылған балалардың көбіне жуығының шашы сары немесе жирен, түстері ақшыл сары болып келеді. Көздері көкшіл адамдар да жиі кездеседі. Сарбастың өз ішінен бөлінетін 4 атаның екеуінің аты «Жалтыр», «Шегір» деп аталады. Қазақ тілінде Шегір деп ашық немесе сарғыш алтын түсті айтады. Жалтырдың жанама мағынасы «жылтырау», «шағылысу», «сағым» ұғымына сәйкес келіп, бұл да ашық түсті немесе алтын түсті заттың жалтырауын білдіреді.

«Сарбас» ұғымы және осыған ұқсас жер-су атаулары

«Сарбас» сөзі этимологиялық жағынан ерекше мәнге ие. Мысалы: ғалымдар «Sar» сөзі көнеден жалғасын тапқанын айтады. «Sar» эффиксі санскрит тілінде жоғарғы күш ұғымын білдіретін «sarku» (ашық) деп оқылады. «Sar» сөзінің түбірі топонимикада, жер-су аттарында да кездеседі. Неміс тілінде: «zar caiser» – «царь» (патша), француз тілінде: «cesarisme» – «царизм» (патшалық жүйе), латын: Caesar – «царь» (патша), орысша: «царь» – патша, ағылшынша: «czarevitch» – царевич (ханзада), венгерше: «carno» – «царица» (ханшайым), түрікше: «hisar» – қамал деген ұғымды білдіреді (www.organizmica.org). Көріп отырғандарыңыздай, бұл сөзден шығатын негізгі ұғымдар: «патша», «ханзада», «ханшайым» – жоғарғы басшылық лауазым, қамал – басшылар тұратын қамал, осыған қарағанда «сары» (алтын түс) байлықты, молшылықты, жоғарғы күш, билік ұғымын білдіретінін байқауға болады. Ал сакралды (киелі) мағынада құдай, табиғи

құбылыс, табиғи тылсым күші ретінде қаралады. Санскр. «saras» – «көл»; авест. zrayah – «теңіз» деген мағына білдіреді (Мурзаев, 1984: 342).

Ал, «сарбас» сөзі Якут тілінде «сарбас» [сарбаи+с] сөзі іс-әрекетті білдіретін етістік түрінде кездессе «сарбасын» [сарбаи+асын] табыс, бақыт немесе ер адамның атын білдіреді (Пекарский, 1959: 2101 столб. (403)).

Ресейдегі Рубцов ауданында «Сарбас» деп аталатын көл және елді мекен атауы кездеседі (Список населенных..., 1928: 34). Сонымен қатар, Қажы Юсуфтың «Шамил жерінің картасында» Курмучхай мен кавказ жотасының арасында «Сарыбаш» деген жер атауы кездеседі (Мусаев, 2013: 42–56). Қарақалпақстанда Мойнақтың маңында «Сарыбас» деп аталатын көл бар. Украина Қырым автономиялық республикасы Первомайский ауданында Сарыбаш атымен аталатын ауыл 18 ғ. бастап қазірге дейін белгілі. Бұл ауыл 18 ғ. аяғында Жалайыр болысына кірген (Лашков, 1897: 147). Қырымдағы Сарбас атауы Сібір хандығынан бері келе жатқан атау екенін ескі құжаттар да дәлелдейді (www.vostlit.info/).

Қазақстандағы Сарбас атауына байланысты жер-су атауларына тоқталатын болсақ: Маңырақ жоталары Үйдене өзеннің жоғарғы ағысына жақын жерде Сауырға жақын жағында 1750 м., биік Сартақпай, 2050 м., биіктікке дейін Чарбас (Сарбас) деп аталатын биік жерлер кездеседі (Растительность Зайсанского., 1918: 18), Ақжал өзені созылып Сартологой жоталарына тіреледі (Растительность Зайсанского., 1918: 83), Торғай жазығындағы Сарыторғай өзенінің оң жағалауында «Сарбас» деп аталатын сай кездеседі (Никифоров, 1960: 109). Сібір әскери-топографиялық бөлімінің штаб-капитаны С.Т. Мирошниченко 1868 жылдан бастап, 1907-1922 жж. жасаған Семей облысының картасындағы жер-су аттарында Шілікті болысына жақын жерде Сар-тоқай (<http://geoportal.rgo.ru/>), Сарытоогой, Қаптағай, Қарақас сайы, Итемген, Кирей, Түкібай (<http://geoportal.rgo.ru/>), Шотқара өзені, Құлатай, Айтқа шапқан сай, Белдемше, Кенжебай (<http://geoportal.rgo.ru/>) деген жер атаулары кездеседі.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында жарияланған «Қазақ жер пайдалану материалдары» жинағында Шығыс Қазақстан (Зайсан, Семей уездері), Ақмола (Ақмола уезі) облыстарына арналған Абақ Керей рулары (Жәнтекей, Ителі, Жәдік, Меркіт, Қарақас, т.б.), олардың жан-саны, адам аттары, қоныстанған жерлері, көшу бағыты туралы нақты ақпараттар кездеседі. Онда «Сарбас» деп аталатын ру, жер-су атаулары, т.б. бар. Бұл туралы №1 кестеден толық көруге болады.

Облыс, уез	Болыс	Шаруа шылық ауыл №	Қыстау басшысы ақсақалының аты	Орналасқан жерінің атауы	Руы	Су көзінің түрі және атауы	Жылы
Семипалатинск (Семей) облысы, Семипалатинск (Семей) уезі	Шыңғыс болысы	№VIII	Уусабай Бойлауык	Сарбастуғанъ (қаз. Сарбастуған)	Тоголак	Құдық [154 б]	1900
	Қызылмола болысы	№XI	Салымбай Кабыл	Сарбассай	Сарбас	Құдық [338]	1900
			Чулембай Тыштыбай	Молалысу	Сарбас	Бұлақ	1900
			Джелдыбай Джепен	Донгелекчи	Сарбас	Құдық	1900
	Бесқарағай болысы			Сарбас			
(Материалы по киргизскому землепользованию, 1909: 109, 455, 125, 25, 97, 17, 207)							
Семипалатинск (Семей) облысы, Зайсан уезі	Кендірлік болысы	№ VII		Сартолоғай	Жантеке й Түкібай	Қар [94 б]	
	Хабарасу болысы	№ IV		Сары-Толоғай	Саметей	Қар [202 б]	
(Материалы по киргизскому землепользованию, 1909: 202, 458, 25, 45, 167 б.)							
Ақмола облысы Ақмола уезі	Ақтау болысы	№ V		Сарбас	Барқы	Құдық [282 б]	
	Ақтау болысы	№ V		Сарбас	Барқы	Құдық [282 б]	
	Шерубай-Нура			Сарбас бейіті, тасты көлдің маңы	Мейрам руы		
(Материалы по киргизскому землепользованию, 1909: 153, 66-93)							

Кесте №1. Шығыс Қазақстан және Ақмола облыстарындағы «Сарбас» атауымен аталатын жер-су атаулары.

Table №1. Place names with the word "Sarbas" in Eastern Kazakhstan and Akmola Region.

Қазақстан территориясында «Сарыбас» немесе «Сарбас» атауларымен кездесетін топонимикалық ұғымдар:

1. Сарыбас – өзен. Ақтөбе облысы, Әйтекеби ауданы, Өлкекейек өзені алабында, ұзындығы – 15 км. Руға байланысты шыққан.

2. Сарыбас – қыстау. Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы, Зайсан көлінің оңтүстігінде орналасқан. Топоним адам атына байланысты немесе «Сарғыш түсті» тау шыңы болуы мүмкін.

3. Сарыбас – қыстау. Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы, Қаншыңғыс таулы

үстіртінің солтүстік шығысындағы Ащысу өзенді жазығында орналасқан.

4. Сарыбас – жайлау. Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық ауданы, Базартөбе аулынан шығысқа қарай 24 км. Атауы руға байланысты.

5. Сарыбас – жерлеу орны. Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Маңғыстау түбегінде орналасқан. Руға байланысты. (Жеріңнің аты., 2010: 335, 380).

Интернет ресурстарынан Қарағанды облысында орналасқан «Сарбас» тауына байланысты жер-су атаулары ұсынылып отыр (Кесте №2).

Географиялық нысанның атауы	Географиялық нысанның жанама атауы	Географиялық нысанға қосымша мәліметтер	1:1 000 000 карта беті бойынша нысанның географ. орналасу бағыты	Орналасқан аудан территориясы
		Қоныс		Абай ауданы
Сарбас	Сарбаз	Қоныс	Көктас жотасының солт.-шығ, Қоңыртөбенің оңт.-батысы	Абай ауданы
1-ші Сартбас		Қыстау		Жаңаарқа ауданы
2-ші Сартбас		Қыстау		Жаңаарқа ауданы
Сарыбас		Тау	Жыланды тауының солт.-шығысы, Қонысбай тауының солт.-батысы	Шет ауданы
Сарыбас		Таулар	Ортау тауының ортасы мен Пірназар тауының оңт.-батысы	Шет ауданы
Сарыбас		Қыстау		Қарқаралы ауданы
Сарыбас		Бейіт		Сәтбаев қаласы аумағы
Сарыбас		Қоныс	Алтынсу өзенінің сол жағалауы – Байтөле тауының оңт.-шығысы	Бұхар жырау ауданы
Сарыбас		Қоныс	Қызылтас тауының оңт.-шығысы – Ақтас тауының оңт.-батысы	Шет ауданы

Кесте №2. Қарағанды облысы бойынша «Сарбас», «Сарыбас» атауларымен аталатын жер-су атаулары.

Table №2. Place names with the words “Sarbas”, “Sarybas”.

«Жарылғап тауы» (Карта Омский., 1920: 15). Қытай Алтайында кездесетін бұл таудың аталуы Сарбас руынан шыққан Жарылғап бимен байланысы бар болуы мүмкін. Жоңғар шапқыншылығынан бұрын Қытайдағы Алтай аймағында қазақ рулары тұрғаны туралы деректер кездеспейді. Соған қарағанда қазақ тіліндегі жер-су атаулары жоңғар шапқыншылығы аяқталып, Абақ Керей руларының Алтайға қоныс аударғанынан кейін пайда болған деп айта аламыз. Ботақара руы туралы жазылған бір зерттеуде: «Керейде төрт биден бұрынғы Керейдің биі Ботақара, Шау жырау мен Сарбастың Жарылқап биі болды. «Шау жырауға ел тоқтайды, ықтырмаға жел тоқтайды». «Сарыбастың биі Жарылқап, сөз сөйлейді зарылдап», – деген халық аузында қалғаны туралы айтады (<http://botakhara.com/>). Жарылғап би Сармырзаұлы туралы «Абақ Керей Сарбас руының» шежіресінде: «Жарылғап әділ би, сөз ұстаған шешен кісі болып, «Керейдің сары жорғасы» атаныпты.

Сарбастың биі Жарылқап,

Сөз сөйлейді зарылдап.

Алар жерге келгенде,

Түз құсындай арындап», – деген өлең жолдары халық аузында әлі күнге дейін айтылып жүргені туралы айтылады. Жарылғап Жеменейдегі бір кішкене таудың аты болып, Сарбастың Көтібоқ атасынан шыққан атақты би Жарылғап деген адам мекен еткен екен (Әштарұлы. 1997: 46).

Сарбас атауының басқа руларда кездесуі:

Қазақ руларының ішінде «Сарбас» – Ұлы жүз Дулатта, Орта Жүз Арғынның Мейрам Темеш атасында, Найманда, Кіші жүз Әлімнің үшінші ұлы Айнықтан жалғыз бала Сарбас тарайды (Мыңжасар, 2015: 87).

Сарытоқай туралы Г.Н. Потанин: «...Сарбас, Сарбастардың рубасшысы, Жастабанмен бір анадан туған кіші інісі; басының сары болуына байланысты солай аталған», – деп атап кетеді (Потанин, 1881-1883: 5-6). Осы деректің негізінде Сарбас пен Жастабанның ағайынды рулар екенін және арғы аталары Сартоқай болғанын байқауға болады. Сонымен қатар мұны төмендегі:

«Сарбас пенен Жастабан бір туысқан,

Ұранын «Сартоқай» деп жұртқа шашқан» – деген жыр жолдары нақтылай түседі (Қазақ өнерінің антологиясы., 2014: 232).

Алтайлық ғалым Сейпіл Әштарұлының «Сарбас төр шежіресі» мақаласында Жастабан мен Сарбас руларының аталық тізбектеріне салыстырмалы талдау жасайды. Нәтижесінде, 1997 жылғы жиылған мәлімет бойынша Сарбас шежіресінде аталық байланыс 17 ата, Жастабанда 14 атаға дейін барғанын дәлелдейді. Сонымен қатар, Жастабан және Сарбас руларының Құттыберді және Аллаберді аталардан ғана байланысатынын, одан кейінгі аталарында ұқсастық жоқ екенін көрсеткен. Бұл туралы шежірелік деректер жақсы дәлел бола алады.

Шежірелік деректер

«Абақ Керей» шежіре – жырды ауызша айтып елге таратушылар – Алтай аймағы, Қаба ауданының тұрғындары Сламбол Окманұлы (1928-1982) мен Қаппас Ашубайұлы. Жырдың бұл нұсқасын жазып алып салыстырып, жүйелеп 1983 жылы баспаға ұсынған белгілі ақын, аудандық мәдениет үйінің бастығы – Шәмен Исаұлы. Бұл шежіренің ерекшелігі Сарбасты Құттыбердіден таратып, Байлау және Қойлау аталармен қатар екенін көрсетеді. Жырда:

«Онан соңғы атамыз Аллаберді,

Жақсы мен жаманның бәрін көрді.

Ағайынды және де бір туысқан,

Біреуінің аты екен Құттыберді.

Ағайынды екеуі парлас екен,

Ғалидың зұлпықары алмас екен.

Естуіміз осылай үлкендерден,

Құттыберді баласы Сарбас екен», – дейді (Бабалар сөзі, 2006: 332).

Қазақтың жалпы шежіресі:

«Шеруші, енді бірі – Құлтайболат,

Жәдік бар мол ұрпағы өрген тарап.

Кенжесі он екі ұлдың Сарбас екен,

Болыпты он біріне құйрық-қанат», – (Бабалар сөзі, 2006: 134).

«Сарбастан туған екен Жалтыр, Жанай,

Айтпасам кенжесі Айтты болар қалай.

Жалтырдан Жошора мен Шұғыл дейді,

Жанайдан Қосым туған дейді санай.

Бұларды «төрт сарбастың бірі» дейді,

Туған дейді айтушылар Айттан – Қосай.

Мырзағұл, Түкті, Өтеміс, Жәдік төртін,

Туылған сол Қосайдан дейді осылай.

Сарбасты көп жазсам деп ойлансам да,

Қасымда тұрды әкем ол қосылмай», – (Бабалар сөзі, 2006: 52).

Ежелгі қазақ шежіресі:

«Жантекей, жәдік, молқы мен қарақас,
Көнсадақ, Шеруші бірі сарбас.
Ителі, шыбарайғыр, жастабанмен,
Меркіті, құлтайболат және аралас», – 72 бет.

Үш жүздің шежіресі:

«Жәдік пен Жантекей, Қарақасты,
Молқы, Сарбас, Шұбарайғыр бір туысты.
Ителі, Меркіт, Бағаналы, Шеруші боп,
Жастабан, Күнсадақпен түгел өсті», – (Бабалар
сөзі, 2006: 134).

«Сарбастан Елқас, Ралқас екеу туған,
Жақсы болар атаның жолын құған.
Елқасан Радыл мен Жани туып,
Жанидан Жошора жалғыз туған.
Радылден Айт пенен Жанай екен,
Жанайдан Шаугір мен Жолан туған.
Айттан Қосай бір өзі жалғыз туып,
Атағын шығаруға белін бұған.
Ралқасан Ырыс пен Шегір екен,
Ырыстан Көтібоқ туған Құлантаймен.
Шегірден Көкей, Назар екеу болып,
Назардан Байкелді екен Кенжебаймен», –
(Бабалар сөзі, 2006: 137).

«Абақ Керей» шежіресі Алтай аймағындағы қазақ арасына кең тараған абақ-керейлер туралы шағын шежіре-нұсқа. Жырдың мазмұны бойынша Абақ – әйелдің аты, ұлы жүз Үйсіннің қызы, Керейдің бәйбішесі дейді. Керей жастай өліп, Абақ Нәзір деген қожаға тиеді, одан Қарақожа туып, он екі абақ-керей содан тараған дейді. Іле «Халық» баспасынан 1992 жылы жарық көрген «Қаба ауданы қисса-дастандары» жинағының 2 кітабында жарияланған.

Бұл томға аталған нұсқа бойынша әзірленді.
«Жәдік пен Жантекей немере екен,
Құдайым тілегенін берген екен.
Бәйбішесі Мәулім қыпшақ қызы,
Жәдік алып айттырып берген екен.
«Асылды асыл сақтайды» деген сөз бар,
Бірінің қадырін бірі көрген екен.
Қыстық үйдің жарығы пиала екен,
Бір шарапат жақсыдан тиеді екен.
Жастабанның баласы келіп сіңген,
Сары Ноғай Сарбастың жиені екен» (Бабалар
сөзі, 2006: 333).

«Сары» түске байланысты және рудың шығу тегі туралы

Алтайдың солтүстігінде және батысында ұлы, орта, кіші жүздерде, остяктарда ашық

түсті элементтер кездесетіні Грумм-Гржемайло еңбектерінде айтылады. Сонымен қатар, ғалым: «Орта Азия мен Қытай қорғанына дейін шашы ашық түстілердің (қызыл қоңыр) қатарына: үйсіндер, хагястар, динлиндер, бомалар» екенін атап кетеді (Грум-Гржимайло, 1909: 165). Ресей жерінде тұтқында болған швед саяхатшысы Ф.И. Страленберг шаштары қызыл сары, ашық қоңыр түсті адамдар: «Қазақ ордасы, Башқұрттарда, Остяктарда кездесетіні» (Страленберг, 1985: 9) туралы айтқанына қарағанда қазақ құрамында шашының түсі ашық адамдар ертеден болған болуы мүмкін.

Т. Жанұзақовтың айтуынша: «Сары» ауыспалы мағынада – кең-байтақ, көп нәрсені білетін, қоғам өмірінен хабардар, білгір» – десе, «Сарыбас» – бала өңі сары немесе шашы сары болған соң қойылған; бала алғыр, білімді болсын деген тілекпен қойылған есім», – деп атап өтеді (Жанұзақ, 2010: 307).

Үйсіндермен байланыстылығы

А.К. Харузин Абақ Керейлердің шығуын Үйсіндерге апарады. А.Н. Аристов керейлер мен қырғыздардың байланысы бар екенін және таңбасының ұқсас екенін атап өтіп, түркітер мен динлиндердің араласуынан шығуы мүмкін деген болжам жасайды (Аристов, 2003: 34). Сарыүйсіндердің «сары» жұрнағының жалғануы үйсіндердің ежелгі динлиндерден берілген шаштарының түсі олардың физикалық типінің ерекшелігін білдіреді (Харузин, 1895: 70-71).

И. Андреев Абақтың таралуы туралы мынандай дерек ұсынады: «Үйсін – Ұлы жүздегі үйсін тармағынан тарайды; Оның ұлы Абахты мүйізді ірі қарамен байып көп сиыры болады, бірақ бұқа жетіспей, тұқым көбейту үшін әкесінен бұқа сұрайды: бірақ әкесінде аз (бұқа) болғандықтан бермейді, Абахты ренжіп үйсіндерден кетіп керейлерге барып, әртүрлі әйелдерінен: Сарбас, Жәдік, Шеруші және Жастабан атты балалар туып екінші бөлігін құрап (абақ керейдің немесе керейдің), кейін олар көбейіп, әр ру өздерінің аталарының атын сақтап қалады» (Андреев 1998: 29). Осыған ұқсас аңыз «Сибирский вестникте» 1820 жылғы 9 бөлімінде жарияланған («Сибирский вестник», 1820: 112-113).

Абақ керейдің Үйсін және қырғыздардың территорияларында қоныстануы және олардың байланыстылығын шығыстанушы В.П. Юдин анықтай түседі.

Моғолстан құрамындағы керей(т)лер туралы В.П. Юдин тұжырымдары

Белгілі шығыстанушы, Моғолстан тарихын зерттеуші ғалым В.П. Юдин керейлер туралы біршама тиянақты тұжырымдама береді. Ғалым: «Кераит. Осылай аталатын аймақтан және басқа да жерлерден Тоғылық Темір кезінде Мауреннахрды жаулап алу үшін жіберілген. Алматы ауданы маңында керейттерге Әмір Темір әскер жібереді. Ұлықбектің Моғолстанға жорығы кезінде Йанги-Тараз ауданынан кераиттердің басшыларының бірі Тук Темірдің баласы Ибрагимның аты кездеседі. Махмуд Шорастың айтуынша моғолдардың солтүстіктегі немесе батыстағы оң қанатының әмірлері чорос, дохтуй және кераит тайпаларынан болған (Юдин, 2001: 73). Қазақстанның орта ғасырлық тарихында Шыңғысханның балалары құрған Алтын Орда (Ұлық ұлыс немесе Жошы Ұлысы), Моғолстан мемлекеті, Құлағулар мемлекетінде керей және керейт атауымен аталатын топтар кездеседі. Жоғарыда В.П. Юдин Махмуд Шоростан келтіріп отырған деректегі Моғолстан мемлекетінің керей(т) әмірлері қоныстанған батыс бөлігі қазіргі Тараз, Жетісу, Бішкек аумақтарын алып жатыр. Ал, керейт мемлекеттің оң қанатында болуы беделді, мемлекеттің негізгі тайпасы болғанын білдіртеді.

Ғалымның айтуына қарағанда: «Моғолдар қай тілде сөйлегеніне келетін болсақ, біздіңше олар қазақ және қырғыз тілдеріне жақын түрік тілінің қыпшақ тармағына жатады», – дейді (Юдин, 2001: 84). Сөз соңында В.П. Юдин: «Моңғол керейлері – қазақ керейлері екендігі даусыз. Соңғылары бір кездері Моғол Кераиті орналасқан Жетісу аумағын алып жатыр. Сонымен, моғол тайпаларының қазақ ұлтын құруға қатысуы туралы бұрын айтылған ой толығымен дұрыс, бірақ Ұлы жүздің негізінен моғол руларының арқасында қалыптасқандығын, яғни, Ұлы жүз қазақтары, сондай-ақ керейлер де Жетісудың көне тұрғындары. Жетісу жеріндегі Ұлы жүз бен керейдің негізгі бөлігі осы елдің ежелгі тұрғындары», – деп тұжырымдайды (Юдин, 1965: 52-65).

Осыған ұқсас М. Тынышбаев: Моғолстан мемлекетінің ханы Уәйіс хан (1408-1428) жоңғарлармен (ойраттар) 61 рет соғысып, бір рет қана жеңгені туралы айта кетіп, Керейлердің 1420-30 жж. жоңғарлар Лепсіні алған соң көбі жан-жаққа бытырап кеткені туралы айтады (Тынышбаев, 2007: 30). М. Тынышбаевтың

зерттеулері В.П. Юдиннің айтқандарын нақтылай түседі.

Қазақ тарихшысы Нығмет Мыңжан Абақ керей 12 атаға бөлінетінін айта келіп, олардың қатарына: «жәдік, жантекей, шеруші, қарақас, молқы, күнсадақ, ителі, шұбарайғыр, сарбас, жастабан, меркіт, шимойын» жататынын тілге тиек етеді (Мыңжан, 1994: 40). Ә. Бөкейханов қатысқан ғылыми-этнографиялық экспедицияда: «Керейлер қара Ертіс аймағын мекендейді. Олар: сарбас, жәдік, шеруші, жастабан, жантекей, ителі, қарақас, молқы, шұбарайғыр, итемген, шимойын, меркіт, құлсары, т.б. бөлінеді» деп айтылған. (Россия. Полное географическое., 1903: 200).

Қазақстандағы сарбастар туралы

1844 жылы халық қосшысы (мәслихатшы) Сухомлинов Көкпекті округінің болыстары туралы жүргізген санағында:

Семей облысы

V. Сыбан-Керей болысы.

1844 жыл:

2. Абақ бөлімі Ителі бөлімшесі – 9 түтін
Сарбас бөлімшесі – 29 түтін

1849 жылы:

Ақымбек-Сыбан-Керей болысы

Абақ бөлімі Сарбас – 29 түтін (Записки Семипалатинского., 2013: 90).

Қазірде Сарбас руының Қазақстан территориясында қалған аталары Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданының Бақты ауылында тұрып жатыр. Арғы аталарының зираттары Бұғыбай деген жерде орналасқан. Жоғарыда көрсетілген Абақ Керейдің Сарбас руының «Сыбан-Керей болысында» тұрған аталары кейін Қытаймен шекаралас Үржар ауданына көшіп келген осы кісілер болуы мүмкін. Рахымберді ағамыздың айтуынша «Дүтбай, Көтбай, Қырақбай, Терібай, Егінбай және Нәжімолла» атты аталары болғанын айтады. Аталарының айтуынша руы Керей ішінде Сарбас.

Жайлау-қыстаулары

А.И. Левшин: Орта орда төрт буынға бөлінеді:

I. Арғын, II. Найман, III. Қыпшақ, IV. Уақ-Керейден құралады, Тәуке ханның жетіруды бөлгеніне ұқсас, үш руға бөлді. Уақ-Керей тармағына: Уақ, Гирей немесе Керей, Тарақты

кірді. Уақ-керей тайпалары Обаған, Ишим (Есім), Ую, Тоғузоқу, Ертіс, Есіл, Сарысу және Шу өзендерін және Үшқоңыр құмы, Кешубай-Шалқар көлі маңы мен жоғарғы Орал және Персногорьковский қамалдарына қарсы жазықтарда мекендеді. 1740 жылы Орта орданың (Орта жүз) үлкен бөлігі және Әбілмәмет хан Ор және Хобдада қоныстанды (Левшин, 2015: 8-9, 17, 30).

1870 жылдардың ішінде Қытайға арнайы жасақталған экспедициямен барған әскери барлаушы әрі шығыстанушы Ю.А. Сосновскийдің жазбасында Қытай билігіне бағынған қазақ рулары туралы төмендегідей мәлімет беріп өтеді: «Қазақтардың екі үлкен руы Зайсанның далалық бөлігіне және Қара Ертіс маңына қоныстанды, олар: наймандар және керейлер. Олардың Шәуешек келісімі бойынша Қытайда қалған үш руы наймандардан: мысқал, қоғамбет, жарбол және керейлерден жеті ру: шұбарайғыр, жәдік, жәнтекей, қарақас, молқы, шеруші, сарбас. Бұл рулардың жайлауы мен қыстауы былай орналасты:

Жәнтекейлер – қыстаулары Ертіс бойымен Қабадан Кранға дейін, Бостал көліне жақын жерлерде және таулары: Майқапшағай, Жарылғап, Жуанқара және Көксун. Жайлаулары – Қанас көлі маңынан Қаба бойы: Жыланды қаба, Қара қаба, сонымен қатар Болбодайдың биік жерлері;

Сарбастардың шағын бөлігі жәнтекейлермен аралас тұрды.

Керейлердің ең белді рулары:

Жәнтекейлер	шамамен	1950 үй;
Жәдіктер		1820
Шерушілер		780
Шұбарайғырлар		500
Молқылар		500
Қарақастар		500
Сарбастар		330
Жалпы:		6380 үй

немесе 40 мың тұрғын.

Ресми басшылары: шұбарайғырларда Мамырқан, жәдіктерде Әбеділ, жәнтекейлерде қайтыс болған Әжі сұлтанның балалары ағайынды Әжілер; олардың үлкені Жарылғапқа келген Қасымхан барлық керейлердің басшысы болып мойындалған; қарақас Тілеулі және молқыда Мәйте екеуі Қожамжарға бағынды, шерушілерді Бастай, сарбастарды Жарылғап (Жарылғап би Сармырзаұлы – авт.) басқарды (Отчет Булун-Тохойской..., 1875: 46-47).

Ю.А. Сосновский экспедициясы мәліметтері негізінде Абақ Керейдің толық жан саны берілді деп айта алмаймыз. Себебі, экспедицияның басты мақсаты Ресей-Қытай сауда мәселесін шешу болды және экспедиция Абақ Керейлер отырған аумақты толық қамтымады. Біздің тұжырымымыз бойынша статистика мәліметтері асығыс берілді, әрі нақты санақ жүргізілмеген және ол мүмкін емес еді.

XVIII ғасырда Абақ Керей Сарбас руының жан саны 1080 түтін болған (Қазақ ру-тайпаларының тарихы., 2014: 194, 196).

Әдебиеттер

1. «Сибирский вестник», 1820 г., ч. 9, стр. 113 б.
2. Аманжолов, Сарсен. Вопросы диалектологии и истории казахского языка [Текст] / Алма-Ат. гос. пед. ин-т им. Абая. - Алма-Ата : [Казучпедгиз], 1959. - 608 б.
3. Андреев И.Г. Описание средней орды киргиз-кайсаков. Алматы: Ғылым. 1998 – 280 б.
4. Аристов Н.А. Труды по истории и этническому составу тюркских племен / Отв. ред. акад. В.М. Плюских. - Бишкек: Илим, 2003. - 460 б.
5. Бабалар сөзі: Жүз томдық. — Астана: Фолиант, 2006. Т. 32: Шежірелік дастандар. – 332 б.
6. Белослюдов А.Н. Саказание и сказки киргизов. О происхождение Кереев // Записки Семипалатинского подотдела Западно-

Сибирского отдела Императорского Русского географического общества. Вып. 10.- Семипалатинск, 1915 – 206 б.

7. Г.Ф. Миллер. История Сибири. Том 2. М.; Л.: Издательство АН СССР, 1937. – 637 б.

8. Грум-Гржимайло, Г. Е. Белокурая раса в Средней Азии // Записки Императорского русского географического общества / Император. рус. геогр. о-во, Отд-ние этнографии ; ред. А. Д. Руднев. - СПб. : [б. и.], [188] - Т. 34 : сб. в честь семидесятилетия Григория Николаевича Потанина. - 1909 (Типография В. Ф. Киршбаума) - 165 б.

9. Жеріңнің аты – Еліңнің хаты. Энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы. ЖШС «Аруна l.t. d», 2010. – 335, 380 б.

10. Записки Семипалатинского подотдела Западно-Сибирского отдела Императорского Русского географического общества. Вып. 11.- Семипалатинск, 1905/КГУ «Центр документации новейшей истории» Управ. архивов и документации ВКО, Научный центр исторических и соц.-политических исследований. Им. академика М.Козыбаева Семипалатинского гос. пед. института, КГКП «обл. ист.-краев. музей г. Семей» обл. управ. культуры ВКО.-Семей, 2013. выпуск 74, 90 б.
11. Карта Омский военно-топографический отдел. 1920. Ряд XIII. 15 б.
12. Қазақ өнерінің антологиясы. 25 томдық. Құраст. М. Жолдасбеков, А. Мәулет. Астана, «Күлтегін» баспасы. Айтыс. Т. VII. (Шет елдердегі айтыс). – 2014. – 400 б.
13. Қазақ ру-тайпаларының тарихы. – Алматы: «Алаш тарихи-зерттеу орталығы 2014. – 194, 196 бб.
14. Қапақұлы Нұрғажат//Алтайдың Алақағы Ботақара руының киелі мекені. 2019. <http://botakhara.com/index.php/en/tulgalar/tolebai/16-home/66-aitai-alahah>
15. Лашков Ф.Ф. Каймаканствы и в оных каймаканами кто состоит // Камеральное описание Крыма, 1784 года. — Симферополь: Известия Таврической ученой архивной комиссии, 1888. — Т. 6. http://www.vostlit.info/Texts/Dokumenty/Krym/XVIII/1780-1800/Kamer_opis_1784/text4.phtml?id=5744
16. Лашков Ф.Ф. Сборник документов по истории Крымско-татарского землевладения. // Известия таврической учёной комиссии / А.И. Маркевич. — Таврическая учёная архивная комиссия. — Симферополь: Типография Таврического губернского правления, 1897. — Т. 26. — 147 б.
17. Левшин А.И. Описание киргиз-казачих, или киргиз-кайсацких орд и степей, часть 3. 1882 г. — СПб.: Альфарет, 2015. — 30 б.
18. Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей [Электронный ресурс]. Т. 10. Семипалатинская область : Семипалатинский уезд : спец. часть (с нормами киргиз. землепользования) и общ. стат. табл. - СПб., 1909 (2016). - IX, 109, 455, 125, 25, 97, 17, 207 с., табл., 1 л. карт
19. Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей [Электронный ресурс]. Т. 8. Семипалатинская область: Зайсанский уезд: спец. часть (с нормами киргиз. землепользования и общие стат. табл. - СПб., 1909 (2016). - VIII, 202, 458, 25, 45, 167 с., табл., 1 л. карт
20. Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей [Электронный ресурс] / ГУЗ и 3.; Переселенческое управление. Т. 3: Акмолинская область. Акмолинский уезд. — СПб., 1909 (2016). — 153, 66-93 б.
21. Мурзаев Э. М. - Словарь народных географических терминов.- М.: Мысль, 1984.- 653 е., ил.-342 б.
22. Мусаев М.А. «Карта страны шамия на 27 мухаррама 1273 г.» Хаджи Иусуфа Сафар-заде: расшифровка и описание // Вестник института ИАЭ. 2013. № 2. 42–56 бб.
23. Мыңжасар Т. Шежірем сыр шертсе / Т. Мыңжасар — «ЛитРес: Самиздат», 2015 - 87 б.
24. Никифоров К.В. Кайнозой голодной степи центрального Казахстана. Изд., Академии Наук СССР Москва 1960. - 241 б.
25. Нығымет Мыңжан. Қазақтың көне тарихы / Дайындаған М.Қани. Алматы: Жалын, 1994. – 40 б.
26. Отчет Булун-Тохойской экспедиции капитана Сосновского. - СПб., 1875. – 46-47 б.
27. Пекарский Э.К. Словарь якутского языка. т. II. 2-е изд., М., 1959.-стлб. 641 б.
28. Потанин Г.Н. Очерки Северо-Западной Монголии. Санкт- Петербург., Издательство: Выпуски 1, 3 - Типография В. Безобразова и Комп. (СПб); Выпуски 2, 4 - Типография В. Киршбаума (СПб)., 1881-1883-1024 б.
29. Растительность Зайсанского уезда исследование 1914г. [Текст] / Сапожников В.В., - Томск, 1918. – 375 б.
30. Россия. Полное географическое описание нашего отечества: Настольная и дорожная книга для русских людей: [В 19-ти т.] / Под ред. В. П. Семенова и под общ. руководством П.П. Семенова, вице-пред. Русского геогр. о-ва и проф. В. И. Ламанского, пред. Отд-ния этнографии Русского геогр. о-ва; Предисл. Вениамин Семенов. - СПб. : А. Ф. Девриен, 1899-1914. Т. 18: Киргизский край: [Уральская, Тургайская, Акмолинская и Семипалатинская обл.] / Сост. А. Н. Седельников, Л. П. Осипова, А. Н. Букейхапов [и др.]. - 1903. - VIII, 479 с. : ил., карт.; 6 л. ил., карт. – 200 б.
31. Сейпіл Әштарұлы. Сарбастың төр шежіресі // Қоғамдық ғылым мінбесі журналы №4. 1997 - 46 б.

32. Список населенных мест Сибирского края. Выпуск VIII. Рубцовский округ. Новосибирск – 1928 – 34 б.

33. Страленберг Ф.И. Записки капитана Филиппа Иоганна Страленберга том 1. Ответственный редактор - д.и.н. М.П. Ирошников. Москва - Ленинград, 1985 - 9 б.

34. Телғожа Жанұзақ. Тарихи жер-су аттарының түптеркіні. Алматы: «Сөздік-словарь» ЖШС, 2010.- 355 б.

35. Топографическая карта. Семипалатинская область, Зайсанский уезд. Ряд I. 0 б. <http://geoportal.rgo.ru/catalog/topograficheskie-karty/tomskaya-guberniya-i-semipalatinskaya-oblast-pogranice-s-mongoliev-m?page=0%2C4&tile=1>

36. Тынышбаев М. История, этнография и археология казахского народа 2-е изд. доп. — Астана: Алтын кітап, 2007. — 30 б.

37. Фишер И.Э. Сибирская история. — СПб.: При Императорской Академии наук, 1774 – 631 б.

38. Харузин А. К вопросу о происхождение киргизского народа // Этнографическое обозрение. Кн. 26, №3. - Москва, 1895 - 71 б.

39. Юдин В.П. О родоплеменном составе могулов Могулистана и Могулии и их этнических связях с казахами и другими соседними народами // Известия АН Каз.ССР, 1965 - № 3 – 65 б.

40. Юдин В.П. Центральная Азия в XIV-XVIII веках глазами востоковеда. — Алматы: Дайк-Пресс, 2001. — 384 с.+вкл. 4 с. — (Казахстанское востоковедение исследования) - 384 б.

References

1. «Siberian Bulletin» [Siberian Bulletin], 1820, h. 9, p. 113 b.

2. Amanjолоv, Sarsen. Voprosy dialektologii i istorii kazahskogo iazyka [Issues of dialectology and history of the Kazakh language] / Alma-At. gos. ped. in-t im. Abaia. - Alma-Ata : [Kazýchpedgiz], 1959. - 608 b.

3. Andreev I.G. Opisanie sredne ordy kirgiz-kaisakov [Description of the average horde of Kirghiz-Kaisaks]. Almaty: Gylym. 1998 – 280 b.

4. Aristov N.A. Trýdy po istorii i etnicheskomý sostavý túrkskih plemen [Works on the history and ethnic composition of the Turkic tribes] / Otv. red. akad. V.M. Ploskih. - Bishkek: Ilm, 2003. -460 b.

5. Babalar sózi: Júz tomdyq [Words of ancestors: One hundred volumes]. — Astana: Foliant, 2006. T. 32: Shejirelik dastandar.-332 b.

6. Beloslúdob A.N. Sakazanie i skazki kirgizov. O prishojdenie Kereev [The sacrament and the tales of the Kirghiz. About the origin of Kereev] // Zapiski Semipalatinskogo podotdela Zapadno-Sibirskogo otdela Imperatorskogo Rýsskogo geograficheskogo obshestva. Vyp. 10.- Semipalatinsk, 1915 – 206 b.

7. Miller G.F. Istoría Sibíri. Tom 2. [Miller. History of Siberia. Volume 2] M.; L.: Izdatelstvo AN SSSR, 1937. – 637 b.

8. Grým-Grjimaio, G. E. Belokýraia rasa v Srednei Azii [White race in Central Asia] // Zapiski Imperatorskago rýsskago geograficheskago obshestva / Imperator. rýs. geogr. o-vo, Otd-nie etnografii ; red. A. D. Rýdnev. - SPb. : [b. i.], [188] - .T. 34 : sb. v chest semidesátiletia Grigoria Nikolaevicha Potanina. - 1909 (Tipografia V. F. Kirshbaýma) - 165 b.

9. Jerińniń aty – Elińniń haty [Zherinin aty - Elinin khaty]. Ensiklopedialyq anyqtamalyq. - Almaty. JShS «Aryna I.t. d», 2010. – 335, 380 b. b.

10. Zapiski Semipalatinskogo podotdela Zapadno-Sibirskogo otdela Imperatorskogo Rýsskogo geograficheskogo obshestva.[Notes of the Semipalatinsk Subdivision of the West Siberian Department of the Imperial Russian Geographical Society] Vyp. 11.- Semipalatinsk, 1905/KGÝ «Sentr dokýmentasi novéishei istorii» Ýprav.arhivov i dokýmentasi VKO, Naýchny sentr istoricheskikh i sos-politicheskikh issledov. Im.akademika M.Kozybaeva Semipalatinskogo gos.ped. institýta, KGKP «obl.ist-kraev.mýzei g.Semei» obl.ýprav. kúltýry VKO.-Semei, 2013.vypýsk 74, 90 b.

11. Karta Omski voenno-topograficheskí otdel [Map of the Omsk military-topographic department]. 1920. Rád XIII. 15 b.

12. Qazaq óneriniń antologiasy. 25 tomdyq [Anthology of Kazakh art. 25 volumes]. Qurast.M. Joldasbekov, A. Máýlet. Astana, «Kúltegin» baspasy. Aıtys. T. VII. (Shet elderdegi aıtys). – 2014. – 400 b.

13. Qazaq Rý – taipalarynyń tarihy [History of the Kazakh Ru tribes]. – Almaty: «Alash taraiı – zertteý ortalygy 2014. – 194, 196 bb.

14. Qapaquly Nurgajat//Altaidyń Alaqaýy Botaqara rýynyń keli mekeni [Alakagi of Altai is a sacred place of Botakara tribe]. 2019. <http://botakhara.com/index.php/en/tulgalar/tolebai/16-home/66-aitai-alahah>

15. Lashkov F. F. Kaimakanstvy i v onyh kaimakanamı kto sostoit [Kaymakans and who are members of the Kaymakans] // Kameralnoe

- opisanie Kryma, 1784 goda. — Simferopol: Izvestia Tavricheskoi ýchenoi arhivnoi komissii, 1888.-T.6http://www.vostlit.info/Texts/Dokumenty/Krym/XVIII/1780-1800/Kamer_opis_1784/text4.phtml?id=5744
16. Lashkov F.F. Sbornik dokýmentov po istorii Krymsko-tatarskogo zemlevladieniya. // Izvestia tavrisheskoi ýchónoi komissii [Collection of documents on the history of Crimean Tatar land tenure] / A.I. Markevich. — Tavricheskaya ýchónaya arhivnaya komissiya. — Simferopol: Tipografiya Tavricheskogo gýbernskogo pravleniya, 1897. — T. 26. — 147 b.
17. Levshin A.I. Opisanie kirgiz-kazachih, ili kirgiz-kaisasskih ord i stepei [Description of the Kyrgyz-Cossacks, or Kyrgyz-Kaysats hordes and steppes], chast 3. 1882 g. — Spb.: Álfaret, 2015. — 30 b.
18. Materialy po kirgizskomý zemlepolzovaniý, sobrannye i razrabotannye ekspeditsiei po issledovaniý stepnykh oblastei [Materials on Kyrgyz land use, collected and developed by an expedition to explore the steppe regions]. T. 10. Semipalatinskaya oblast : Semipalatinski ýez : spes. chast (s normami kirgiz. zemlepolzovaniya) i obsh. stat. tabl. — Spb., 1909 (2016). — IX, 109, 455, 125, 25, 97, 17, 207 s., tabl., 1 l. kart
19. Materialy po kirgizskomý zemlepolzovaniý, sobrannye i razrabotannye ekspeditsiei po issledovaniý stepnykh oblastei [Materials on Kyrgyz land use, collected and developed by an expedition to explore the steppe regions]. T. 8. Semipalatinskaya oblast : Zaisanski ýez : spes. chast (s normami kirgiz. zemlepolzovaniya) i obshie stat. tabl. — Spb., 1909 (2016). — VIII, 202, 458, 25, 45, 167 s., tabl., 1 l. kart
20. Materialy po kirgizskomý zemlepolzovaniý, sobrannye i razrabotannye ekspeditsiei po issledovaniý stepnykh oblastei [Materials on Kyrgyz land use, collected and developed by an expedition to explore the steppe regions] / GÝZ i Z.; Pereselencheskoe ýpravlenie. T. 3 : Akmolinskaya oblast. Akmolinski ýez. — Spb., 1909 (2016). — 153, 66-93 b.
21. Mýrzaev E.M. — Slovar narodnykh geograficheskikh terminov [Dictionary of folk geographic terms]. — M.: Mysl, 1984. — 653 e., il.-342 b.
22. Mýsaev M.A. «Karta strany shamila na 27 myharrama 1273 g.» hadji iýsyfa Safar-zade: rasshifrovka i opisanie [Map of the country of Shamil on 27 muharram 1273 « Hajji Yusuf Safar-Zadeh: transcript and description]// Vestnik institýta IAE. 2013. № 2. 42–56 bb.
23. Mynjasar T. Shejirem syr shertse [If the genealogy clicks] / T. Mynjasar — «LitRes: Samizdat», 2015 - 87 b.
24. Nikiforov K.V. Kainozoi golodnoi stepi sentralnogo Kazakhstana [Cenozoic hungry steppe of central Kazakhstan]. Izd., Akademiya Nauk SSSR Moskva 1960. — 241 b.
25. Nyýymet Myñjan. Qazaqtyñ kóne tarihy [Kazatyñ kóne tarikhy] / Dayndağan M.Qan. Almaty: Jalyn, 1994. — 40 b.
26. Ochet Býlyn-Tohoiskoi ekspeditsii kapitana Sosnovskogo [Report of the Bulun-Tokhoi Expedition by Captain Sosnovsky]. — Spb., 1875. — 46-47 b.
27. Pekarski E.K. Slovar iakýtskogo iazyka [Dictionary of the Yakut language]. t. II. 2-e izd., M., 1959.-stlb. 641 b
28. Potanin G.N. Ocherki Severo-Zapadnoi Mongolii [Essays on Northwest Mongolia]. Sankt-Peterbýrg., Izdatelstvo: Vypýski 1, 3 - Tipografiya V. Bezobrazova i Komp. (SPb); Vypýski 2, 4 - Tipografiya V. Kirshbaýma (SPb), 1881-1883-1024 b.
29. Rastitelnost Zaisanskogo ýeza issledovanie 1914g. [Vegetation of the Zaysan district study] / Sapojnikov V.V., — Tomsk, 1918. — 375 b.
30. Rossiya. Polnoe geograficheskoe opisanie nashego otechestva: Nastolnaya i dorozhnaya kniga dlá rýsskikh lúdei [Russia. Full geographical description of our fatherland: Handbook and road book for Russian people]: [V 19-ti t.] / Pod red. V. P. Semenova i pod obsh. rýkovodstvom P. P. Semenova, vise-pred. Rýsskogo geogr. o-va i prof. V. I. Lamanskogo, pred. Otd-nya etnografi Rýsskogo geogr. o-va; Predisl. Veniamin Semenov. — Spb.: A. F. Devrien, 1899-1914. T. 18 : Kirgizski krai : [Ýralskaya, Týrgayskaya, Akmolinskaya i Semipalatinskaya obl.] / Sost. A. N. Sedelnikov, L. P. Osipova, A. N. Býkeihapov [i dr.]. — 1903. — VIII, 479 s. : il., kart.; 6 l. il., kart. — 200 b.
31. Seipil Áshtaruly. Sarbastyñ tór shejiresi [The genealogy of Sarbas]// Qoǵamdyq ǵylym minbesi jýrnaly №4. 1997 - 46 b.
32. Spisok naselennykh mest Sibirskogo kraia [List of inhabited places of the Siberian region]. Vypýsk VIII. Rýbsovski okryg. Novosibirsk — 1928 — 34 b.
33. Stralenberg F.I. Zapiski kapitana Filippa Ioganna Stralenberga tom 1[Notes of Captain Philip Johann Stralenberg Volume 1]. Otvetstvennyi redaktor - d.i.n. M.P. Iroshnikov. Moskva - Leningrad, 1985 - 9 b.
34. Telǵoja Januzaq. Tarihi jer-sý attarynyñ túptórkini [Origins of historical place-names]. Almaty: «Sózdik-slovar» JShS, 2010.- 355 b.
35. Topograficheskaya karta. Semipalatinskaya oblast, Zaisanski ýez [Topographic map. Semipalatinsk region, Zaysan district]. Rád I.0b<http://geoportal.rgo.ru/catalog/topograficheskie-karty/>

tomskaya-guberniya-i-semipalatinskaya-oblast-pogranice-s-mongoliey-m?page=0%2C4&tiles=1

36. Tynyshbaev M. Istoria, etnografia i arheologia kazahskogo naroda [History, ethnography and archeology of the Kazakh people] 2-e izd. dop. — Astana: Altyn kitap, 2007. — 30 b.

37. Fisher I.E. Sibirskaa istoria. [Siberian history] — SPb.: Pri Imperatorskoi Akademii nauk, 1774 — 631 b.

38. Harýzin A.K. voprosý o proishojdenie kirgizskogo naroda [To the question about the origin of the Kyrgyz people] // Etnograficheskoe obozrenie. Kn. 26, №3. — Moskva, 1895 — 71 b.

39. Iýdin V.P. O rodoplemennom sostave mogýlov Mogýlistana i Mogýly i ih etnicheskikh svázah s kazahami i drýgimi sosednimi narodami [On the tribal composition of the Moguls of Moghulistan and Mogulia and their ethnic ties with the Kazakhs and other neighboring peoples] // Izvestia AN Kaz.SSR, 1965 — № 3 — 65 b.

40. Iýdin V.P. Sentralnaia Azia v XIV-XVIII vekah glazami vostokoveda [Central Asia in the XIV-XVIII centuries through the eyes of an orientalist]. — Almaty: Daik-Press, 2001. — 384 s.+vkl. 4 s. — (Kazahstanskoe vostokovedenie issledovaniia) — 384 b.

Толегенұлы К.

Историко-культурный музей-заповедник

«Бозок»

г. Нур-Султан, Казахстан

e-mail: tkazhymurat@mail.ru

K.Tolegenuly

Historical and Cultural

Museum Bozok,

Nur-Sultan. Kazakhstan

e-mail: tkazhymurat@mail.ru

О ПЛЕМЕНИ САРБАСОВ ИЗ АБАК КЕРЕЯ

Изучение сущности и природы происхождения казахского народа является одним из важнейших вопросов в казахской истории. В этой связи ключевую роль играет изучение родоплеменного строя казахов. Данные о происхождении, месторасположении и ареале миграции казахов особенно хорошо сохранились в экспедиционных документах, находящихся в российских архивах. В последнее время отечественные ученые расширили объем исследований, предоставив более подробную информацию по данному вопросу. Исторические и научные исследования по вопросу образования племени сарбасов из Абак Керей, что является основной нашей темой, пока не проводились. В небольшой статье мы решили дать краткий обзор имеющихся данных о племени Сарбас. Важно досконально изучить документы, хранящиеся в российских архивах, относящиеся к племени. Документы отражающие сведения о происхождении сарбасов, их межплеменные связи приводят к выводу о том, что казахи были единым народом и имели одно начало, один корень.

Ключевые слова: Абак Керей, Сарбас.

SARBAS TRIBE IN ABAK KEREY

One of the most important issues is the study of the nature and origin of the Kazakh people. In this regard, the study of the clan structure of the Kazakhs plays a key role. Their origin, location and area of migration are especially well preserved in Russian archives and expeditionary documents. Recently, studies by domestic scientists have expanded the scope of research by providing some information. The historical and scientific study of the history of the formation of the Sarbas tribe in Abak-Kera, which is the basis of our topic, has not yet begun. In a short article, we decided to give a brief overview of the available data on the Sarbas tribe. It is important to carefully study the documents stored in the Russian archives relating to the tribe. Through the documents, the origin of the tribe, intertribal ties lead to the foundation of the Kazakh people and show that he was a single people.

Keywords: Abak kerey, Sarbas.



Жәкішева З.С.

Алматы қ., Қазақстан

e-mail: zabira.zhakisheva@gmail.com

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ЭТНОМӘДЕНИЕТІНДЕГІ ДӘСТҮРЛІ МУЗЫКАЛЫҚ АСПАПТАР (тарихи-этнографиялық зерттеу)

*«...Ей, білімдар, түзу ұста жібіңді,
Кетпе ұмытып, ойлан, тек пен түбіңді»*

Жүсіп Баласағұн (XI ғ.)

Еңбекте түркі халықтарының этномәдениетіндегі дәстүрлі музыкалық аспаптардың тарихына, археологиясына және жазба деректерге шолу жасалады. Еңбектің негізгі бөлімінде аспаптардың сипаты, заты, қолданылуы, ұқсас түрлері, көне атаулары, зерттелуі, таралуы, бақсылық және халықтық ұстанымдар жайлы сөз болады.

Сонымен қатар «Түрксой» Халықаралық Ұйымының жұмысы арқылы түркілік этномәдениеттердің жаңғыруы, насихатталуы туралы айтылады.

Түйін сөздер: *түркілер тарихы, археологиясы, жазба деректер, түркілік этноаспаптар, «Түрксой» тағылымы, этномәдениеттердің жаңғыруы.*

Кіріспе

Біздің заманымыздан бұрынғы үш мыңжылдықтың басында қазақтың Ұлы Даласында, Орта Азияда, Еділ мен Алтайда, Батыс Сібір мен Шығыс Азияда және Еуразия жазықтарында ежелгі алтайлық түркі тайпалары өмір сүрді. Б.з. VI ғасырында шаңырақ көтерген Түркі империясын тамырлас түркітілдес халықтар құрды. Олар бірде бөлініп, бірде бірігіп өмір сүрді, ортақ түркі тілінде сөйлеп, Мұзды мұхиттан Қара теңізге дейінгі аралықты жайлап жатты. Шығыстанушы-ғалым С.Е. Малов: «... Түркілер – біздің заманымыздан бұрынғы V ғасырда қай жерде өмір сүріп келсе, бүгін де тура сол жерде солай өмір сүріп отыр», – деп көрсетеді (Малов, 1952: 136).

Тарихы сонау ежелгі дәуірлерден бастау алатын түркітілдес халықтардың дәстүрлі музыкалық аспаптарының терең тарихын зерттеп-тану ісі – ортағасырлық Ибрагим Ысхақ

әл-Мусали (763-849), Әбу Иақуба әл-Кинди (801-886), Әбу Насыр әл-Фараби (870-950), Әбу Райхан Бируни (973-1048), Әбу Әли ибн-Сина (980-1037), Махмұт Қашғари (XI ғ.) т.б. секілді ғұламалардың еңбектерінен бастау алады.

Түркілердің дәстүрлі музыкалық аспаптары жайлы мәліметтер өткен ғасырлар аясында Ортаазиялық түркітілдес мемлекеттер мен Қазақстан өңіріне аяғы жеткен Марко Поло (1254-1323), И.Г. Георги (1729-1802), П. Паллас (1741-1811), А. Эйхгорн (1844-1909), Н. Финдейзен (1868-1928), т.б. секілді саяхатшы-жиһанкездердің, зерттеуші-этнографтар мен саудагер-көпестердің жазбалары арқылы хатқа түсті. Олар өз мәліметтерінде түркі халықтарының этномәдениетіндегі ән-күйі, терме-мугамдары, өлең-жырлары, аңыз-дастандарымен қоса, көне музыкалық аспаптары туралы да тамсана жазды.

Кеңестік кезеңде Ф. Кароматов (Өзбекстан), Б. Сарыбаев (Қазақстан), Р.Л. Садоков, В.М. Беляев (Ресей), С. Сүбанәлиев (Қырғызстан),

Х.С. Ихтисамов (Башқұрт), Н.А. Красовская (Чувашия), Ю.Б. Стоянов (Хақасия), З.З. Винокуров (Якутия), В.Ю. Сузукей (Тыва), т.б. қатарлы ғалымдар зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Қазіргі таңда түркі мемлекеттері өздерінің ұлттық салт-дәстүрін, білім-ғылымын, өнер-мәдениетін, рухани құндылықтарын орнықтыруда. Сондықтан да, түркітілдес халықтардың этномәдениетіндегі дәстүрлі музыкалық аспаптар тарихы мен шежіресін түркі әлемінің болашағы саналатын келешек ұрпақтарға насихаттау басты міндеттердің бірі болып табылады.


Түркілердің этноаспаптық тарихы мен археологиясы

Түркітілдес халықтар өз өмірінде бірнеше рет гүлдену және құлдырау кезеңдерін бастан өткерді. Қазіргі таңда түркі әлемінде – Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркия, Түркімения қатарлы алты тәуелсіз мемлекет, оннан аса ұлт республикалары және Солтүстік Кипр Түрік республикасы бар. Міне, осы мемлекеттер мен ұлт республикаларында өмір сүріп отырған түркітілдес халықтардың терең тарихында, тілінде, тұрмыс-салтында, өнер-мәдениетінде, діни-ғұрыптық жоражосықтарында тамырластық, ұқсастық белгілер молынан сақталған. Ол белгілер, әсіресе, *түркілердің дәстүрлі музыкалық аспаптары* тарихында молынан кездеседі.

Басқа да тұрмыстық заттар мен құралдарға қарағанда көне музыкалық аспаптардың табылуы әлемдік археологияда сирек кездесетін жәйт. Солай болса да, археологиялық қазбалардан табылған түпнұсқа музыкалық аспаптар түркі халықтарының терең тарихында кездеседі. Мәселен, Әзербайжанның Гобустан жеріндегі тас ғасырына (б.з.д. III-V ғ.ғ.) жататын жартас беттеріне қырнап-қашап түсірілген «гавал-даш» соқпалы аспап, «Мингечауре» көне қоныс орны қазбасынан сүйектен жасалған 4 дыбыс ойықты үрлемелі аспап анықталды (Казиев, 1949: 20, 36). Сондай-ақ, «Доланлар» қазбасынан темір мен қоладан әртүрлі нұсқада жасалған бес дана шулы-сылдырлы *қоңырау аспаптары* анықталды (Сурет №1). (Мустафаева-Минкевич, 1949: 55, 58).


Түркімендердің ертедегі Парфиян патшалығының астанасы болған Ниса қаласының қираған көне жұрты орнынан музыкалық аспаптарда ойнап отырған ежелгі адамдардың бейнелері қашап түсірілген тас-мүсін ескерткіштердің анықталуы да бұл өңірде этноаспаптық музыка өнерінің ежелден қалыптасқанын аңғартады. Өзбек археологтары Самарқан облысының Муминабад қышлағынан қола дәуіріне жататын жалғыз түтікшесі бар үрлемелі аспапты анықтады. Сүйектен жасалған бұл аспап пен зергерлік бұйымдар әйел адамның мүрдесімен бірге көмілген (Попондопуло, 1967).

Сондай-ақ, Орталық Қазақстанның «Тасмола» көне қорған қазбасынан қола дәуіріне (б.з.д. VII-VI ғ.ғ.) жататын жануарлар мүйізінен әртүрлі



Сур. 1. Қоңырау-сылдырмақтар.
Доланлар.
Әзербайжан.

Fig. 1. Bellflower.
Dolanlar.
Azerbaijan.



Сур. 2, 3. Үрлемелі аспаптар.

Fig. 2, 3. Wind instruments.

мөлшерде дыбыс ойықтары салып жасалған үрлемелі аспаптар анықталды. (Суреттер №№2, 3). (Марғұлан., Ақышев.... 1966: Тасмола -5; қорған - 2: 419).

Сондай-ақ, 2012 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Қатон Қарағай ауданы, Қазақ Алтайы өңіріне жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары кезінде шамамен б.з. VIII-IX ғғ. жататын ішекті аспаптардың жұрнақтары табылды. Бұл аспаптар жайында қазба жұмыстардың жетекшісі белгілі археолог-ғалым З. Самашев: «...Наиболее значимым предметов, является струнный музыкальный инструмент из дерева. ...Общая длина инструмента - 0,70 м. Четко видна головка грифа с двумя колками. Корпус инструмента округлый, с чашевидным углублением. На конце чашевидного корпуса имеется небольшой выступ с отверстием, предназначенный, очевидно, для крепления струн», – деп сипаттама береді (Самашев, 2014).

Табылған аспаптардың сұлбалары мен жұрнақтары қазақтың егек, алтайдың топшур, иккили аталатын аспаптарына ұқсас болып келеді. Бұл аспаптардың ертеде Алтай мен Сібір түркілері арасында да қолданыста болғаны белгілі. Егек аспабы өрік, емен секілді қатты жынысты

ағаштан шанағы тұтас шабылып, іші шұңғылдау етіп жасалады. Мәселен, түркітанушы ғалым В.В. Радловтың еңбегінде: «...Ік-ек, ек-ек – егек – қазақтардың музыкалық аспабы», – деп анықтама берілген (Радлов, Т.І. ч.2, 1911: 1414). Мұның өзі түркілер арасында ұқсас болып келетін ішекті аспаптардың кемінде үш мыңжылдық тарихын айғақтай түсті.

Сондай-ақ, Арал маңындағы «Қой қырылған қала» көне қорған қазбасынан анықталып, жалпылама «музыкант» аталған тас мүсін-терракотқа кеңестік ғалым Р.Л. Садоков: «...Музыканттың басында шошақ төбелі тымақ. Аспаптың мойыны қысқа, басы артқа қарай иімету етіп қайырылған. Аспап барлық нұсқасымен екі ішекті қазақ домбырасын бейнелейді», – деп сипаттайды (Сурет №4), (Садоков, 1970: 82). Б.з.д. IV-III ғғ. жататын бұл тас мүсін біздің зерттеулеріміз бойынша «домбыралы сақ жырауы» деген атаумен қазақ аспаптану ғылымы айналысына енгізілді (Жәкішева, 2012: 37-39). Бұдан ежелгі түркі тайпаларының дамыған мәдениеті, оның ішінде, әлбетте, қос ішекті аспапқа негізделген әншілік, күйшілік, жыраулық, ақындық өнерінің жоғары дәрежеде болғаны нақтылана түседі.



Сур. 4. Домбыралы сақ жырауы. Оңтүстік Қазақстан (б.з.д. IV-III ғғ).

Fig. 4. Scythian zhyrau (musician) with dombyra. Southern Kazakhstan (IV-III BC).

Жазба деректер мен мәліметтер

Тамырлас түркі халықтарының ұлан-ғайыр ата-мекені, тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, материалдық мәдениеті мен өнері жайында шетжұрттық зерттеуші-жиһанкездер, этнограф-ғалымдар, әскери шолғыншылар, саудагер-көпестер мен жер аударылғандар жазба деректер мен мәліметтер қалдырды. Ол жазбалардағы түркілердің дәстүрлі музыкалық аспаптары жайындағы деректер де тиісінше маңызды орын алады.

Түркілердің рухани өмірі мен дүниетанымында ерекше орын алатын небір ғажайып дәстүрлі әуез аспаптары көптеген елдердің бірқатар музыкалық аспаптарына үлгі-нұсқа болды. «... Түркітілді халықтардың барлығына ортақ болған қылқобыз – бүгінгі скрипка мен виолончельдердің арғы атасы. Қыл ішекті ыспалы аспаптардың отаны – Орта Азия өңірі», – деп көрсетеді (Бахман, Т. XI, 1972).

Өткен XVIII-XIX ғасырлар аясында Патшалы Ресей өкіметі Орта Азия мен Қазақстан өңірлеріне бірнеше рет арнайы және жоспарлы түрде экспедициялар ұйымдастырды. Белгілі түркітанушы ғалым, академик В.В. Радлов (1837-1918) Алтай өңіріндегі қызметі кезінде түркітілді халықтардың өмір-салтынан, тұрмыс-қарекетінен мәліметтер жазып, түркілік көне музыкалық аспаптардың атауларын тізімге алды. Онда ерте кездерде қолданыста болған 11 сым ішекті «енчин» (ұйғыр, тараншы), пернесі болмайтын 6 ішекті «бозук» және 3 ішекті «ситар» (осман түркілері) аталатын аспаптардың атаулары айтылады (Радлов, Т. III. ч. I, Т. IV. ч. 2, 1911: 1684, 2229).

Қытайдың белгілі аспап зерттеушісі Ли Юань Цин: «... Орта Азия мен Индиядан Қытайға көптеген аспаптар ауысып келген мысалдар бар. Орта Азиядан ауысқан шертер аспабы қазіргі кезде Қытайда «пипа» аталып, қытай музыканттарының жетілдіруімен біршама өзгеріске ұшырады және қытайдың музыкалық аспабына айналды», – деп жазды (Ли Юань Цин, 1954: 128). Бұдан біз 618–906 ғасырлардағы мәдени және сауда-саттық алмасулар арқылы ауысқан түркілік шертер аспабының көне жұрнағын аңғарамыз. Аспап атауының «шертме», «шерту», «шертпек», «шертпе қыл» секілді ежелгі түркі сөздерінен туындағанын көреміз. Сол сияқты: «... Таң елінің патшасы Тай-Цзун 627-644 жылдарда Батыс аймақтағы қалаларды жаулап алғанда сол өңірдің бүкіл музыкалық аспаптарын олжа еткен», – деген жазбалар да түркілік көне аспаптардың жаугершілік және керуен-сауда жолдары арқылы таралуын нақтылай түседі (Руфтин, 1960: 122, 124).

Сондай-ақ, этнограф А.В. Эйхгорн өткен ғасырда Патшалы Ресей өкіметінің арнайы тапсырмасымен Орталық Азиядағы түркі халықтарының музыкалық аспаптарын жинастыру жұмыстарын жүргізді. Ол түркілік аспаптардың мол қоры мен сан түрлі үлгі-нұсқаларын жинастырған тұңғыш коллекционер болды. Бұл жайында академик Б.Г. Ерзакович: «...1872 жылы Москвада өткен политехникалық көрмеге капельмейстер-этнограф А.В. Эйхгорн жинастырған Орта Азия түркілерінің ұлттық музыкалық аспаптары да қойылды. Сол үшін жинақтаушы А.В. Эйхгорн Күміс медальмен марапатталды. 1873 жылы сол коллекция Венада өткен Бүкіл дүниежүзілік көрмеге апарылып, сонда мәңгілікке қалып қойды», – деп жазады (Ерзакович, 1981). Бұдан түркілік аспаптардың

Еуропаға таралу жолдары нақтылана түседі. Ол жинастырған коллекциялардың бірқатары 1912 жылы Москва консерваториясы жанынан ұйымдастырылған М.И. Глинка атындағы музыка мәдениеті музейінің «Орта Азия және Қазақстан халықтарының музыкалық аспаптары» аталатын көрме-экспозициясының негізін қалады.

Осылайша, түркі халықтарының дәстүрлі музыкалық аспаптары жөніндегі алғашқы деректер патшалық Россияның қоғамдық-әлеуметтік дамуына қарай бейімделген түрлі көзқарастағы өкілдер мен саяхатшы-этнографтардың жазбалары арқылы хатқа түсті.

Түркілердің бақсылық дәстүрі

Тамырлас түркі халықтарының дәстүрлі музыкалық аспаптары тарихында бақсылық дәстүр ерекше орын алады. Түркі бақсыларының діни жора-жосықтары мен түрлі ғұрыптық ойындары міндетті түрде соқпалы, шулы-сылдырлы және ыспалы аспаптардың көмегімен атқарылады. Бұл аспаптар зұлым күштерді үркітіп, киелі рухтар мен әруақтарды шақыру құралы ретінде пайдаланылатын болған. Бақсылар өмірі мен бақсылық дәстүрді зерттеуші Т.М. Михайлов: «...Бақсылар өз әдет-ғұрыптарын орындау кезінде белгілі бір дәрежеде актер болып та кетеді. Олардың өз жоралары кезіндегі ойнауы, билеуі, жын-ойнағы, киімдеріне тағып алатын сылдырмақ-қоңырауларын қағып, бақсы даңғырасын соғуы – сахналық әрекеттер қызметін атқарады...», – деп жазады (Михайлов, 1967: 25), (Сурет №5).

Түркітілді нганасан халқының салт-дәстүрінде: «...Ер бақсылар – жылқымен, қаруымен, ал әйел бақсылар – культтік-магиялық әсері бар деп танылған шулы-сылдырлы аспаптармен, әшекей бұйымдармен бірге жерленетін болған» (Народы Сибири. Нганасан: 1956: 655). Түркітілді ненцы бақсылары елік терісімен қапталған соқпалы дүңгүр, шулы-сылдырлы вывко аталатын аспаптардың, ал эвенкі бақсылары унгтувун, нимнганги аталатын соқпалы аспаптардың көмегімен әруақтарын шақырып жәрдем алатын болған.

Бақсылық дәстүр түркітілді тұңғыс тайпалары мен якуттар арасында да кең тараған және бұл дәстүр күні бүгінге дейін берік сақталған. Зерттеуші В.Н. Басилов: «...Бақсылық қасиет дарыған (қонған) адам одан ешқашан бас тарта алмайды. Бақсылық – оның өзі және бүкіл өмірі», – деп жазады (Басилов, 1984: 136). Өткен ғасырда Ресейдің Том қаласында өткен түркітілді



Сур. 5. Бақсы даңғыра аспабымен (ненцы)

Fig. 5. Shaman with dangra (national instrument of Nenetses) (Nenetses)

халықтардың өнер кешіне қатысқан академик Қаныш Сәтбаев: «...1926 жылдың 10 сәуірінде Том қаласында Сібір халықтарының ән, күй, салт-дәстүріне арналған сауық кеш өтті. Мұнда қазақ, якут, бурят, ойрат, хақас, башқұрт халықтарының ән-күйлері ойналды. Ойрат бақсысының емшілік әрекеттері көрсетілді», – деп жазады (Сәтбаев, 1926).

Түркітілді шорлардың наным-сенімі бойынша орман иесі ертегі мен комус аспабының сарынын тыңдауды ұнататын көрінеді. Мәселен: «...Шорлар аң аулауға орманға барып комус сүйемелімен ертегі айтқанда орман иесі адам кейпінде, көбінесе, қыз кейпінде келіп тыңдайды... Комуспен ертегі айтуды бақсылар атқаратын болғандықтан, аңшылар аңға шығарда міндетті түрде бақсыларды ертіп жүретін болған», – деген деректер сақталған (Дүйсенов, 1988: 26).

Осылайша, бақсылық дәстүрмен байланысты болып келетін тұрмыстық қам-қарекеттердің қай-қайсысы болсын түркітілдес халықтардың дәстүрлі музыкалық аспаптарының тарихын байытып, шежіресін қалыптастырды.

Негізгі бөлім

Түркітілдес халықтардың дәстүрлі көне музыкалық аспаптарының үлгі-нұсқалары көп және ол аспаптардың заты, қолданылуы, жасалу әдіс-тәсілдері ортақ әрі ұқсас болып

келеді. Осындай ұқсастықты ғалым Т.С. Вызго: «...Музыкалық аспаптар саласында, шынында да қырғыздар мен қазақтар және түркітілдес Сібірдің Тыва, Хақас, Якут, Алтай халықтары аралығында тамыры тереңде жатқан ортақтылық бар», – деп көрсетеді (Вызго, 1980). Түркілік аспаптар дыбыс шығару ерекшеліктеріне, жасалу әдіс-тәсілдері мен затына қарай: соқпалы; шулы-сылдырлы; үрлемелі; ыспалы; ішекті-шертпелі; көп ішекті аспаптар болып ғылыми жіктеуге бөлінеді.

Дәстүрлі музыкалық аспаптар тарихын зерделегенде олардың түрлеріне, сипатына, атауларының ұқсастықтарына ғана емес, затына да ерекше көңіл аударылады. Түркі халықтарының аспапшы-шеберлері табиғаттағы қамыс, қурай, ағаш, бамбук секілді жаратылыс әлеміндегі табиғи өскіндерден басқа, тұз тағыларының, теңіз балықтары мен жәндіктерінің, жабайы жануарлар мен үй малдарының сүйегі, мүйізі, тұяғы, терісі, қуығы, өңеші, ішегі, майы, қылы, тасбақа мен жылан терісі секілді заттардың барлығын кәдеге жарата алған. Ал қола, көне түркі, көне қыпшақ, орта ғасырларда жез, алтын, қола, темір, мыс, саз, әк, қыш, керамика, пластмасса секілді заттарынан жасалатын аспаптар пайда болып, қолданысқа түсті.

Ертеде түркілердің соқпалы аспаптары: діни-ғұрыптық; жаугершілік-жорық; тұрмыстық-шаруашылық секілді мақсаттарға орай қолданылған. Ол аспаптар әу баста тұрпайыдан – қарапайымға, қарапайымнан – күрделіге, күрделіден – классикалық нұсқаға қарай жасалып, дамудың бірнеше сатыларынан өтті. Олар:

Соқпалы аспаптардың діни-ғұрыптық қолданысына – ұрма, қол дабыл (қазақ), орбо (алтай), шынғырдақ (қырғыз), дунгур (тыва), донгыра (татар), былаайах, са-таяк (якут), т.б. аспаптар жатады. Олардың көпшілігі мифтік аңыз-әңгімелермен, магиялық жосын-жоралармен байланысты болып келеді. Түркілік хақас, якут бақсылары діни жора-жосықтары кезінде қол ұстасқан 9 ұл (тогус оол) мен қол ұстасқан 7 қыздың (четти кыс) суреті салып жасалатын туур, хын-оды, дунур аталатын соқпалы аспаптарды қолданады. Мұндағы 9 ұлды бейнелеуде – түркі тайпаларының тамырластығы, бірлігі, туыстығы, ұрпақ жалғастығы ер балалар жағынан болатыны көрсетіледі. Ал 7 қызды бейнелеу – қасиетті саналатын 7 санды қыздар бейнесі арқылы қастерлеу ұғымы жатыр (Сурет № 6).

Соқпалы аспаптардың **жаугершілік-жорық** қолданысы жайында көне эпикалық жыр-



Сур. 6. Хын-оды. (Хақасия).

Fig. 6. Khyn-ody. (Khakassiya).

дастандарда айтылады. Жаугершілік-жорық заманды басынан көп өткерген түркілер жауына атойлап, ұрандатып, дабылдатып қарсы шығатын сәтінде қолданылатын соқпалы аспаптардың көптеген үлгі-нұсқалары байырғы замандарда-ақ қалыптасқан. Бұл жайында: «...Ескендір Зұлқарнайын (Александр) Иран мен Тұран өлкесін жаулап алған кезде 400 ғалымды жинап алып дауысы бірнеше шақырым жерге дейін естілетін соқпалы аспап ойлап табуды бұйырады. Қос шанағы қазанға ұқсас етіп қыштан құйылған алып аспаптың беті бірнеше еліктің терісімен қапталатын болған. Оны ағаштан жасалған бірнеше ұрғымен дүңкілдете соққанда аспап дауысы мен гуілі алысқа естілетін болған...» (Крестовский, 1887: 179).

Қазақтарда – дабыл, түріктерде – дабылпаз, доорду, тывада – дуударма, дунгур, қырғызда – доолбаш, өзбек пен қарақалпақтарда – дап, әзербайжан мен түркімендерде – дэф аталатын аспаптардың шанағы дөңгелек болып келеді. Қайсыбірінің бір жақ беті, кейде екі жағы да екі айдан алты айға дейінгі жас аралығындағы бұзау мен түйе терісі қаптап жасалады. Түркілер арасында аспаптарға арналған мал терісін пайдалану күрделі әдістермен атқарылады және ол әдістер ортақ болып келеді.

Осылайша, соқпалы аспаптар жаугершілік-жорық замандарында өз үнімен батырлардың

еңсесін көтеретін, қайраты мен жігерін жанып, намысын оятатын магиялық дыбыстық әсерге бай аспап-құрал қызметін атқарды. Заманасы өте келе олар «дабылды-соқпалы музыкалық аспаптар» деп өнер руханиятына қарай қолданысқа түсті.

Соқпалы аспаптардың **тұрмыстық-шаруашылық** қолданысқа жататын үлгі-нұсқалары мол. Көшпелі өмір сүрген түркітілдес халықтар мен тайпалар құсбегілік, саятшылық, аңшылық секілді тұрмыстық-шаруашылық қам-қарекетінде дыбыстық құралдардың көмегі арқылы аң-құстарды тосынға түсіріп, қаумалап ұстап қолға үйреткен.

Ертеде түркі малшы-бақташылары қыстаудан жайлауға көшіп-қона жүріп мал айдауға үлкен даярлықпен, жауапкершілікпен қараған. Олар ас-ауқаттарымен, қамшы-құрықтарымен қоса шартылды, дарылды, оқыс дыбысты үн беретін *сақпан*, *зырылдауық* (қазақ), *зынгырооч*, *чынырткы* (қырғыз), *чыырмак* (қарақалпақ), *ханкарма* (чуваш), *чынгырак* (түркия), т.б. секілді қарапайым аспап-құралдарды қоса алып жүретін болған. Осы құралдардан шығатын дыбыстар арқылы бір-біріне белгі беріп, адасудан сақтанып, жыртқыш аңдардан қорғанатын болған. Ал кепшік, тыйбыл секілді аспаптар әу баста қыз-келіншектердің бидай ұшырып, тары мен сұлы тазартатын ыдыс-құралы қызметін атқарған. Қазіргі кезде бұл аспаптардың бірқатары ұмытылып, қолданыстан шығып, музейлік экспонаттарға айналды.

Шулы-сылдырлы аспаптар әсіресе, діни-ғұрыптық наным-сенімдерде үлкен рөл атқарған. Түркілер қолданылатын шулы-сылдырлы аспаптар тобына – *аса-мұса*, *асатаяқ*, *са-таяк*, *бунчук*, *бүрээ*, *доозаан*, *жекесан*, *ийрэр дъяга*, *орбу*, т.б. секілді көптеген аспаптар жатады. Асатаяқ, аса-мұса аспаптары жайында М. Киай: «...*Бекет ата* – кезінде *Хиуа* жерінде оқып, сол замандағы үлкен *ғұлама* *Пірдің шәкірті* болып, *тәрбие* алып, *қасиетті асатаяққа* ие болады. Ол замандарда *асатаяққа* ие болу – *әулиеліктің*, *көріпкелділіктің* белгісі, *керемет иесі саналған*», – деп жазады (Киай, 2012). Пірлер ие болатын асатаяқтар қатты жынысты кәделі ағаштардан, магиялық әсері мол жарық шашатын асыл тастармен безендіріліп, алтын жалатып, күміс қосып ерекше етіп жасалатын болған. Мұндай асатаяқтарды ертеде ел билеген хандар, абыз-сәуегейлер мен әскербасылар ұстайтын болған.

Шулы-сылдырлы аспаптардың ішіндегі *шалдырак*, *сапай*, (қырғыз), *конгулур жугаш* (якут), *чан-чан* (түркия), *чыырмак* (қарақалпақ), *конрау* (татар), *орбу* (хақас), т.б. аспаптар тұтасымен қола, мыс, жез, күміс секілді металдардан жасалады.

Қоңырау аспаптары өз үн ерекшеліктеріне қарай әр түрлі жағдайларда қолданылады. Мәселен, жиын-той, қуанышты рәсімдерде орташа үнді, дыбысы ашық, сыңғырлы қоңыраулар қолданылса, жаугершілік-жорық, жаманшылық, шапқыншылық жағдайларда дыбысы үрейлі ірі қоңыраулар қолданылады. Ал діни жоралар мен ғұрыптық салттарда қолданылатын қоңыраулардың үні магиялық әсерге толы болып келеді.

Үрлемелі аспаптар қамыс, қурай, бамбук, ағаш, тері, саз балшық, қыш, пластмасса, сүйек, мүйіз, темір, мыс, жез, мал қуығы, түйе өңеші, балық пен жылан терісі секілді заттардан жасалады. Қайсыбір аспаптардың атауларына дыбыс шығару ерекшелігі емес, жасалатын заты – анықтауыш рөл атқарады.

Ертедегі түркі халықтарының негізгі тіршілік көзі мен сән-салтанаты – аңшылық, саяткерлік, құсбегілік және мыңғыртып мал ұстау болды. Ал малшы өмірі табиғат төсінде өтетіндіктен үрлемелі аспаптар негізінен осы малшы-бақташылардың қолданысы арқылы дамыды. Алтай түркілері арасында сыбысқы аспабында ойнау ерекше дамыған және «*жылқы жануары сыбысқы үніне ғана тоқтайды*» деген сөз сақталған. Түркілер арасында төлді телу іс-әрекеті ұқсас болып келеді. Мәселен, ботасынан жеріген інгенді иіту үшін қазақтар – үрлемелі сыбызғы үнімен, тывалықтар – *көмей әуенімен*, ал халхалар – *лимбэ* аспабының көмегімен атқарады.

Тұтастай металл мен ағаштан жасалатын қолданылуы да, жасалу әдіс-тәсілдері де бірдей болып келетін *шаңқобыз* (қазақ), *хомыс* (якут), *шангауыз* (қырғыз), *шынкобыс* (долған), *комыс тамир* (телеуіт) аталатын үрлемелі-тілшелі аспаптар түркі халықтарының барлығында кездеседі және бірдей мақсатқа қолданылады.

Ыспалы аспаптардың бүгінге дейін сақталуына белгілі дәрежеде алғашқы қауымдық құрылыстан бастау алатын ең көне діндердің бірі – шаман діні маңызды рөл атқарды. Түркі халықтарының көпшілігінде ыспалы *қылқобыз* (қобыз) аспабы ерекше орын алады және жылқы түлігімен байланысты болып келеді. Бұл ретте аспапқа тағылатын жылқының құйрық қылынан жасалған ішек пен ысқының рөлі аса маңызды. Жылқы қыл-құйрығынан жасалған ішек пен ысқыдан шыққан қобыздың дауысы зарлы да, мұңды болып келеді. Аспаптан шыққан зарлы дауысты бұрын-соңды естіп көрмеген ел-жұрт оны жаманшылыққа жорыпты. Қобыздың бебеулеген зарлы дауысынан жаны түршігіп, қорыққан адамдар «*өлім шақырады*», «*қобыздың*

тілеуі жаман», «жын шақырушы», «жын-шайтанмен сыбайлас» деп санап, қобызды ел арасынан аластай бастайды.

В.В. Агеносов Ш. Айтматовтың Едігесін адамшылық мінез, сипатымен Достоевский кейіпкерлерімен туыстас (Андрей Карамазов, т.б.) деген қорытындыға келеді. Және мифтік желіні сондай адамшылық проблемаларын айту және шешу үшін шығарма мазмұнына арқау ететіндігін атап көрсетеді (Агеносов, 1989: 241). Осы пікірге сүйене отырып, О. Бөкейдің кейіпкерлерін (Нұржан, Қиялхан, Бархан, Ақбота) Ш. Айтматовтың Едігесімен ұқсас деп тапсақ, мифтің көркем туындыдағы мәні мен мақсатын ұғына түсеміз. Бархан мен құм, Қиялхан мен қарағай, Ақтан мен күллі табиғат егізделе суреттелгенде, мифтік белгілер шешуші мәнді иеленеді. Көне мифтік санаға тән анимистік сенім көркемдік ойлау жүйесінде кейіптеуге, кейіптеу тәсілімен жасалған аллегория, метафора, символға айналғанына Оралхан Бөкейдің әңгімелері мен повестерінен мысалдар келтіру мифтің көркем әдебиеттегі мәні мен мазмұнын анықтай түсуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

References

1. Мифологический словарь. Гл. ред. Е.М. Мелетинский. Москва: «Советская энциклопедия», 1990. – 672 с.
2. Тэйлор Э. Первобытная культура. Москва: «Политиздат», 1989. – 573 с.
3. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. Құрастырғандар З.Ахметов, Т.Шаңбай. Алматы: «Ана тілі», 1996. – 240 б.
4. Бөкеев О. Үркер. Алматы: «Жазушы», 1971. – 130 б.
5. Бөкеев О. Қамшыгер. Алматы: «Жазушы», 1970. – 136 б.
6. Бөкеев О. Біздің жақта қыс ұзақ. Алматы: «Жалын», 1984. – 432 б.
7. Аманшаев Е. Албасты туралы аңыз. Алматы: «Өлке», 2001. – 288 б.
8. Қасқабасов С. Жаназық. Астана: «Аударма», 2002. – 584 б.
9. Бөкеев О. Ұйқым келмейді. Алматы: «Жалын», 1990. – 560 б.
10. Бөкеев О. Үркер ауып барады. Алматы: «Жалын», 1981. – 528 б.
11. Бөкеев О. Мұзтау. Алматы: «Жазушы», 1975. – 256 б.
12. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. Алматы: «Жазушы», 1985. – 558 б.
13. Древняя культура Центрального Казахстана. Авторы: Марғұлан А.Х., Акишев К.А., Кадырбаев М.К., Оразбаев А.М. Алматы: «Наука» 1965. – 435 с.
14. Тамзарян Г.С. Литературная Армения. 1984. №2.
15. Агеносов В.В. Советский философский роман. Москва: «Прометей», 1989. – 466 с.
16. Гвердцители Г.Е. Литературная Грузия. 1980. №5.
17. Потебня А.А. Слово и миф. Москва: Изд-во «Правда», 1989. – 200 с.
18. Веселовский А.Н. Историческая поэтика. Москва: «Высшая школа», 1989. – 408 с.
19. Ыбырайымов Б. Сөзстан. 6-кітап. Алматы: «Жалын», 1985. – 192 б.
20. Бөкеев О. Ән салады шағылдар. Алматы: «Жалын», 1978. – 280 б.

1. Mifologicheski slovar. Gl. red. E.M. Meletinski. Moskva: «Sovetskaia ensiklopedia», 1990. – 672 s.
2. Teilor E. Pervobytnaia kúltýra. Moskva: «Politizdat», 1989. – 573 s.
3. Ádebiettaný terminderiniń sózdigi. Qurastyrgandar Z.Ahmetov, T.Shańbai. Almaty: «Ana tili», 1996. – 240 b.
4. Bókeev O. Úrker. Almaty: «Jazýshy», 1971. – 130 b.
5. Bókeev O. Qamshyger. Almaty: «Jazýshy», 1970. – 136 b.
6. Bókeev O. Bizdiń jaqta qys uzaq. Almaty: «Jalyn», 1984. – 432 b.
7. Amanshaev E. Albasty týraly ańyz. Almaty: «Ólke», 2001. – 288 b.
8. Qasqabasov S. Janazyq. Astana: «Aýdarma», 2002. – 584 b.
9. Bókeev O. Uıqym kelmeidi. Almaty: «Jalyn», 1990. – 560 b.
10. Bókeev O. Úrker aýyp barady. Almaty: «Jalyn», 1981. – 528 b.
11. Bókeev O. Muztaý. Almaty: «Jazýshy», 1975. – 256 b.
12. Ýalıhanov Sh. Tańdamaly. Almaty: «Jazýshy», 1985. – 558 b.
13. Drevnáá kúltýra Sentralnogo Kazahstana. Avtory: Margýlan A.H., Akishev K.A., Kadyrbaev M.K., Orazbaev A.M. Almaty: «Naýka» 1965. – 435 s.
14. Tamzarán G.S. Literatýrnaia Armenia. 1984. №2.
15. Agenosov V.V. Sovetski filosofski roman. Moskva: «Prometei», 1989. – 466 s.
16. Gverdsiteli G.E. Literatýrnaia Grýzia. 1980. №5.
17. Potebná A.A. Slovo i mif. Moskva: Izd-vo «Pravda», 1989. – 200 s.
18. Veselovski A.N. Istoricheskaja poetika. Moskva: «Vysshaya shkola», 1989. – 408 s.
19. Ybyrayimov B. Sózstan. 6-kitap. Almaty: «Jalyn», 1985. – 192 b.
20. Bókeev O. Án salady shaǵyldar. Almaty: «Jalyn», 1978. – 280 b.



Аймухамбет Ж.А.

Евразийский Национальный университет им.

Л.Н. Гумилева

e-mail: a_zhanat@mail.ru

АНИМИЗМ В МИФИЧЕСКОМ СОЗНАНИИ И ХУДОЖЕСТВЕННОЕ ВООБРАЖЕНИЕ

В статье рассматривается характерная для мифического сознания анимистическая вера как основа изобразительных приемов в системе художественного мышления. Осознав, что вся материя и явление, как и человек, наделены разумом, сознанием, архаическое познание, по мере развития человеческого сознания, перешло к поэтической деятельности. Особое место в художественном произведении занимают такие изобразительные средства, как олицетворение, метафора, символ, выросшие из анимизма. Можно привести множество примеров из литературного наследия разных эпох, которые легли в основу образа анимистской веры. Художественная литература обладает широким спектром изобразительных средств в воспроизведении авторской идеи и повышение образности литературы. В статье анализируется преемственность между мифическим познанием, анимистической верой и олицетворением на примерах художественной прозы. На этой основе делаются выводы.

Ключевые слова: анимизм, миф, мифология, природа, познание, аллегория, олицетворение.

Aimukhambet Zh.A.

L.N. Gumilyov Eurasian

National University

e-mail: a_zhanat@mail.ru

ANIMISM IN THE MYTHICAL MIND AND THE ARTISTIC IMAGINATION

The article deals with the animistic belief characteristic of the mythical consciousness as the basis of pictorial techniques in the system of artistic thinking. Realizing that all matter and phenomenon, like man, are endowed with reason and consciousness, archaic cognition turned to poetic activity as human consciousness developed. A special place in the work of art is occupied by such visual means as personification, metaphor, symbol, which grew out of animism. We can cite many examples from the literary heritage of different eras, which formed the basis of the image of the animist faith. Fiction has a wide contribution of visual means to the reproduction of the author's idea and to the improvement of the imagery of literature. The article analyzes the continuity between mythical knowledge, animistic faith and personification using examples of fiction. On this basis, conclusions are drawn.

Keywords: animism, myth, mythology, nature, cognition, allegory, personification.

Сарекенова Қ.Қ.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

e-mail: sareke.kk@gmail.com

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМ САЛАЛАРЫ

Мақалада қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлының шығармаларындағы ғылым-білімнің салалары және оның қандай нәтиже беретіндігі жайында қарастырылып, ойшыл-ақынның ғылым мен білімді жеріне жеткізіп айтқаны, өзі ғылым мен білімді өте жақсы білген және түсінгендігі айқындалған. Абай Құнанбайұлының шығармалары бойынша ғылымның салалары Аллатану, Адамтану, Дүниетану деп аталатын үш топқа бөлінген. Онда Алдымен Аллаға иман келтіру арқылы, біз рухани дәулет жинаймыз, одан кейін өзімізді тану жолында Аллаға ұқсас боламын деп, талпынып, «Толық адам» ілімін меңгеруіміз керек, соңында, өзімізді қоршаған ортаны тану арқылы Алланың жаратқан ғаламын зерттеуіміз керек екендігі зерделенген. Абай Құнанбайұлы шығармаларында келтірілген ғылым мен білімге қатысты тұжырымдардың қазіргі таңда да күн тәртібінен түспеген өзекті мәселелер екені қазіргі жағдаймен салыстырыла көрсетіледі. Сонымен, мақалада ұлт болмысы, бітімі, тұрмысы, тіршілігі, дүниетанымы, мінезі, жаны, діні, ділі, тілі, рухы көрініс тапқан Абай Құнанбайұлының еңбектерінде ғылым мен білім мәселесінің алар орны ерекше екендігі анықталған.

Түйін сөздер: қазақ, Абай Құнанбайұлы, Қара сөздер, өлең, білім, ғылым, сөз мағынасы.

Абай Құнанбайұлының шығармаларында ең негізгі тірек ойдың бірі – ғылым мен білім. Жалпы кез келген адам, кез келген ұлт дұрыс өмір сүру үшін, ең алдымен ғылым мен білім керектігін ойшыла ақын дөп басып айтқан. Хакім Абайдың қара сөздерінде де, ақын Абайдың өлеңдерінде де тірек ұғымның бірі – ғылым мен білім.

Абай Құнанбайұлының ғылым мен білімді жеріне жеткізіп айтқаны, өзі ғылым мен білімді өте жақсы білген және түсінгендігін Ахмет Байтұрсынұлының пікірімен келтірсек: «Абай көп нәрсені білген, білген нәрселерін жазғанда, «мынау халыққа түсінуге ауыр болар, мынаның сыпайшылыққа кемшілігі болар» деп, тайсақтап, тартынбаған. Хақиқатты хақиқат қалыбында, тереңді терең қалыбында жазған. Хақиқатты тануға, тереңнен сөйлеуге, бойына біткен зеректіктің үстіне, Абай әртүрлі Европа білім иелерінің кітаптарын оқыған. Тәржіма халін, жазушы Әлихан Бөкейхановтың айтуына

қарағанда, Абай Спенсер, Льюс, Дрепер деген Европаның терең пікірлі адамдарының кітаптарын оқыған (Бөкейхан Әлихан, 2012). Өлең жазушылардан орыстың Лермонтов деген терең пікірлі ақынының өлеңдерін сүйіп оқыған, сондықтан Абайдың терең пікірлі сөздерін қарапайым жұрттың көбі ұға алмай, ауырсынады. Абайдың өлеңдерін мың қайтара оқып, жаттап алып жүрген адамдардың да Абайдың кейбір өлеңдерінің мағынасын түсініп жетпей жүргендерін байқағаным бар», – дейді, кезінде «Қазақтың бас ақыны» деп мақала жазған ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы (Байтұрсынұлы, 2013:593).

Ғылым мен білімді табудың жолдарын, оны зерттеудің әдістерін көрсетіп берген Абай хакім, енді өз Қара сөздерінде ғылымның салаларын түсіндіреді. Біз бұл бөлімде тек Абай Құнанбайұлының өз сөзімен ғана түсіндіруге тырыстық.

ҒЫЛЫМСАЛАЛАРЫ. Абай Құнанбайұлының әйгілі Отыз сегізінші қара сөзінде көрсетілгендей, дана Абай, хакім Абай үшін ғылым деген Алланың жаратылысы, Алланың жаратқан ғаламы. Бұл ғылым, құдіретте ешбір *ниһоятсіз* (өлшеусіз, шексіз), ғылымында *гафләт* (ұқыпсыздық, қателік, қапы қалу), құдіретінде епсіздік және нашарлық жоқ. *Саниғын сұңғатына* (жақсылық жасаушыға) қарап білесіз. Бұл көзге көрілген, көңілге сезілген ғаламды қандай *хикметпенен* (кереметпенен) жарастырып, қандай құдіретпенен орналастырған, ешбір адам баласының ақылы жетпейді.

Қашан бір бала ғылым, білімді махаббатпенен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады.

Сонан соң ғана Алла тағаланы танымақтық, өзін танымақтық, дүниені танымақтық, өз адамдығын бұзбай ғана *жәліб мәнфағат* (кіріс кіргізу, өнім түсіру, өзіне тән мінез-құлық) *дәфғи мұзарратларны* (шығынды төлеу, залалды төлеу; залалдыдан қашу, залалдыны ұнатпау) айырмақтық секілді ғылым-білімді үйренсе, білер деп үміт қылмаққа болады.

I. АЛЛА ТАҒАЛАНЫ ТАНЫМАҚТЫҚ (МАҒРИФАТТУЛЛА): Біз Алла тағаланы өзінің білінгені қадар ғана білеміз, болмаса түгел білмекке мүмкін емес. Заты түгіл, *хикметіне* ешбір хакім (*әкім, данышпан*) ақыл ерістіре алмады. Алла тағала – өлшеусіз, біздің ақылымыз – өлшеулі. Өлшеулімен өлшеусізді білуге болмайды:

1. Әуелі дін исламның жолындағы пенделер иманның хақиқаты не сөз екенін білсін. Иман дегеніміз бір ғана инанмақтық емес, сен Алла тағаланың бірлігіне, уә құранның оның сөзі екендігіне, уә пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафа салаллаһу ғалайһи уәссәлләм оның тарапынан елші екендігіне инандың.

Біз Алла тағала «бір» дейміз, «бар» дейміз, ол «бір» демеклік те – ақылымызға ұғымның бір тиянағы үшін айтылған сөз. Болмаса ол «бір» демеклік те Алла тағалаға лайықты келмейді. Оның үшін мүмкінаттың (арабша, болуы мүмкін нәрселер, мүмкіншілік) ішінде не нәрсенің *ужуді* (арабша, болу, өмір сүру, болмыс) бар болса, ол бірліктен құтылмайды. Әрбір хадиске айтылатұғын бір *қадимге* (арабша, ескі, көне) *тағриф* болмайды. Ол «бір» деген сөз ғаламның ішінде, ғалам Алла тағаланың ішінде, құдай табарака уатағала кітаптарда сегіз *субутия* (арабша, орнықты, дәлелді, тұрақты) сипаттары

бірлән, уә тоқсан тоғыз *Әсма-и хұсналар* (арабша, көркем, жақсы есімдер) бірлән білдірген. Бұлардың һәммасы Алла тағаланың *затия* (арабша, өзіне лайық, меншікті) *субутия* уә *фиглия* (арабша, нақтылы) сипаттары дүр.

2. Ол инанмақтығың құр ғана инанмақтықпен қалса, саған пайда бермейді. Оның үшін сен өзің инанмақтығыңнан пайда ала алмадың, пайдаланамын десең, пайда береді, кәміл иман болады. Пайданы қалайша алуды білмек керек. Сіз «*Әмәнтү биллаһи кәмаһуә би әсмайһи уасифатиһи*» (мен Аллаға сол сияқты оның есімдері мен құдіретті сипаттарына сенемін) дедіңіз. Ол есім *Аллалар һәмма ол Алла тағаланың фиғылғазимләрінің* (арабша, ұлыс) аттары, олардың мағынасын біл *һәм сегіз сифат затиялары* (арабша, ерекшеленген сипат, өзіне лайықты меншікті сипат, қасиет) не деген сөз, кәміл үйрен. Өзіңді оның құлы біліп, өзіне *муслим* (арабша, берілу, сену) ат қойып, *тәслим* (арабша, берілу, сену) болғаныңа раст боласың да. Өз пиғылдарыңды соған өз халіңше ұқсатуды шарт қыл. Алла тағалаға ұқсай алам ба деп, надандықпен ол сөзден жиіркенбе, ұқсамақ – дәл бірдейлік дағуасыменен емес, соның соңында болмақ. Оның үшін Алла тағаланың сипаттары: *Хаят* (арабша, өмір, тіршілік), *Ғылым*, *Құдірет* (арабша, күш, құдірет), *Басар* (арабша, түсіну, білу, қабылдау), *Сәмиғ* (арабша, естуші, тыңдаушы), *Ирада* (арабша, тілек, мақсат, қалау), *Қалам* (арабша, сөз, тіл), *Тәкин* (арабша, тудыру, жасау, бар қылу). Бұл сегізінен Алла тағаладағыдай *кәмәлат-ғазамат* (арабша, үлкен жетістік, күрделі толығу) бірлән болмаса да, пендесінде де әрбірінен өз халінше бар қылып жаратыпты. Жә, біз өзіміздің бойымыздағы сегіз *зәһрә* (арабша, кішкентай, заттың бір бөлігі) аттас сипатымызды ол Алла тағаланың сегіз ұлығ сипатынан бас бұрғызып, өзге жолға салмақпенен біздің атымыз муслим бола ала ма?

Алла тағаланың заты, ешбір сипатқа мұқтаж емес, біздің ақылымыз мұқтаж, жоғарғы жазылмыш сипаттар *бірлән тағрифлап* (арабша, түсіндіру, анықтау) танымаққа керек.

Мен мұнда сіздерге төртеуін білдіремін. Оның екеуі – *ғылым*, *құдірет*. Сегіз сипаттан қалған алтауы – бұларға *шарх* (арабша, түсінік (түсіндіру), ашу, анықтау). Ол алтауының бірі – *хаят*, яғни тірлік.

Алланы бар дедік, бір дедік, ғылым, құдірет сипаты бірлән сипаттадық. Бұл бірлік, барлық ғылым, құдірет олула боларлық нәрселер ме? Әлбетте, ғылым құдіреті бар болады: *хаяты* –

мағлұм, бірі – *ирада*, яғни қаламақ. Ғылым бар болса, қаламақ та бар. Ол еш нәрсеге *харекет* бермейді. *Һаммага* харекет беретұғын өзі. Ол ирада ғылымының бір сипаты кәләм, яғни сөйлеуші деген, сөз қаріпсіз, дауыссыз болушы ма еді? Алланың сөзі – қаріпсіз, дауыссыз. Енді олай болса, айтқандай қылып білдіретұғын күдіреті және басар, сәмиғ, яғни көруші, есітуші деген. Алла тағаланың көрмегі, естімегі, біз секілді көзбенен, құлақпенен емес, көргендей, естігендей білетұғын ғылымның бір сипаты.

3. Құдірет ғылым ақылдан басқа болатұғын, Алла тағалада болған құдірет – ғылым һәм рахмет. Ол – рахмет сипаты, сегіз сипаттың ішінде жазылмаса да, Алла тағаланың *Рахман* (арабша, жарылқаушы, мейірімді), *Рахим* (арабша, кешіруші, мейірімді, жан ашушы), *Ғафур* (арабша, кешіруші), *Уадуд* (арабша, сүйікті, сүюші), *Хафиз* (арабша, қорғаушы, кешіруші, ара тұрушы), *Сәттар* (арабша, кешіруші, ара тұрушы), *Раззақ* (арабша, несібе беруші, ырыздық беруші), *Нафиг* (арабша, қосымша несібе беруші, пайда беруші), *Уәкил* (арабша, уәкіл, басқарушы), *Латиф* (арабша, жақсылық жасаушы, мейірбан, қайырымды) деген есімдеріне бинаән (арабша, негізделген, орнатылған) бір ұлығ сипатынан хиссаптауға жарайды. Бұл сөзіме *нақлия* (арабша, дәстүрге сүйенген ғылым, дәстүрлі сөздер) дәлелім – жоғарыдағы жазылған алла тағаланың есімдері. *Ғақлия* (арабша, ақылмен не оймен түсіну) дәлелім құдай тағала бұл ғаламды ақыл жетпейтін келісіммен жаратқан, онан басқа, бірінен бір пайда алатұғын қылып жаратыпты. Жансыз жаратқандарынан пайда алатұғын жан иесі хайуандарды жаратып, жанды хайуандардан пайдаланатұғын ақылды *инсанды* (арабша, адам, адам баласы) жаратыпты.

Ары қарай пайданы қалай алу керектігін түсіндіреді. Яғни, Аллаға илану, сену арқылы адам қалай өмір сүру керектігін түсіндіреді.

4. Не түрлі болса да, я дүниеңнен, я ақылыңнан, я малыңнан *гадаләт*, *шапағат* секілді біреулерге жақсылық тигізбек мақсатың болса, ол жол – құданың (Алланың) жолы. Ол *ниһаятсыз* жол, сол *ниһаятсыз* жолға аяғыңды берік бастың, *ниһаятсыз* құдаға *тағырып хасил* (арабша, жақын нәтиже, ұқсас, жақын қорытынды) болып *хас* (арабша, ерекше) езгу құлдарынан болмақ үміт бар, өзге жолда не үміт бар?

5. Белгілі, Құдай тағала ешбір нәрсені хикметсіз жаратпады, ешбір нәрсеге хикметсіз *тәклиф* (арабша, жұмыс арту, міндет, борыш, еңбек, дәстүр) қылмады. Бәрінің хикметі

бар, бәрінің себебі бар, біздің *ғауам* (арабша, көпшілік халық, жай халық) былай тұрсын, ғылымға махаббаты барларға себеп, парыздарды білмекке *ижтиһад* ләзім (арабша, талап ету керек, көңілмен еңбек ету керек), сіздер әрбір *ғамал* қылсаңыз ізгілік деп қыласыз, ізгілікке бола *қасд* (арабша, мақсат, ниет, ой арнау) етіп, ниет етесіз. Ниет оның парызынан хисап, пайғамбарымыз *салаллаһу ғалайһи уәссәлламнің* (арабша, Алла саған игі тілек тілеп, сәлеміңді қабыл алсын, амандассын) хадис шарифі *«иннама-л-ағмал, бин-ниет»* (арабша, шынында, еңбек, ниетке (мақсатқа) негізделеді) деген. Енді ниет еттіңіз *таһарат* (арабша, тазалық, намаз алдындағы жуыну) алмаққа, намаз оқымаққа, ораза тұтпаққа, бұл тағаттарды ниетіңіз *заһирынан* (арабша, анық, сыртқы, сырттай) қалыпсыз ғибадатқа жетпегендігі кемшілік емес пе? Сіздің *батыныңыз* (арабша, ішкі, көрінбейтін, жабық) таза болмағы әуелі иман болып, бұл *заһир ғибадатыңыз* иманды болған соң ғана, парыз болған, сіздің *заһирыңыздағы ғибадат* – *батыныңыздағы* иманның көлеңкесі, һәм сол иманның нұрланып тұрмағына көрік үшін бұйырылған. Оның үшін ғұламалар иман екеу емес, біреу, бірақ ізгі тағатпенен нұрланады, тағат жоқ болса, күнгірттенеді, бәлкі, сөнү хаупі де бар деген. Егер надандар ол *ғибадаттың* (арабша, табыну, қызмет ету, сыйлау) ішкі сырын ескермей қылса, соны қылып жүріп, иманы сөнер деген.

Ғылымның «Аллатану» деп аталатын саласы туралы айтылған Отыз сегізінші қара сөздегі ойы Абай Құнанбайұлының «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деп басталатын өлеңінде өрнектеледі. Салыстырып көрейік:

Алланың өзі де рас, сөзі де рас,
Рас сөз ешуақытта жалған болмас.
Көп кітап келді Алладан, оның төрті
Алланы танытуға сөз айырмас.
Аманту оқымаған кісі бар ма?
Уәктубиһи дегенмен ісі бар ма?
Алла өзгермес, адамзат күнде өзгерер,
Жарлық берді ол сіздерге, сөзді ұғарға.
Замана, шаруа, мінез күнде өзгерді,
Оларға кез-кезімен нәби келді.
Қағида шаригаты өзгерсе де,
Тағриф алла еш жерде өзгермеді.
Күллі махлұқ өзгерер, Алла өзгермес,
Әһлі кітап бұл сөзді бекер демес.
Адам нәпсі, өзімшіл мінезбенен
Бос сөзбенен қастаспай, түзу келмес.

*Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және хақ жолы осы деп әділетті.
Осы үш сүю болады имани гүл,
Иманның асылы үш деп сен тәхқиқ біл.
Ойлан дағы, үшеуін таратып бақ,
Басты байла жолына, малың түгіл.
Дін де осы, шын ойласаң, тағат та осы,
Екі дүние бұл тасдиқ – хақтың досы.
Осыларды бұзатын және үш іс бар:
Пайда, мақтан, әуесқой – онан шошы.
Руза, намаз, зекет, хаж – талассыз іс,
Жақсы болсаң, жақсы тұт бәрін тегіс.
Бастапқы үшін бекітпей, соңғы төртті
Қылғанменен татымды бермес жеміс.
Бас жоғары жаралған, мойын төмен,
Қарашы, дене біткен ретімен.
Істің басы – ретін танымақтық,
Иман білмес тағатты қабыл демен.
Имамдар гибадаттан сөз қозғаған,
Хуснизән мен иманды білді ойлаған.
Иманның тазалығын жақсы ұқтырмай,
Сыртын қанша жуса да, іші оңбаған.
Алла мінсіз әуелден, пайғамбар хақ,
Мумин болсаң, үйреніп, сен де ұқсап бақ.
Құран рас, Алланың сөзі дүр ол,
Тәуилін білерлік ғылымың шақ.
Алланың, пайғамбардың жолындамыз,
Ынтамызды бұзбастық иманымыз.
Пайда, мақтан, әуесқой – шайтан ісі,
Кәні біздің нәпсіні тыйғанымыз?
Мүмин болсаң, әуелі иманды бол,
Пендеге иман өзі ашады жол,
Шын илан да, таза ойла бір иманды,
Мұнафиқ намаз қылмап на, мағлұм ғой ол.
Алла ішінді айтқызбай біледі ойла,
Пендесіне қастықпен кінә қойма.
Распенен таласпа мүмин болсаң,
Ойла, айттым, адамдық атын жойма!*

Бұл жерде профессор Ж. Манкееваның пікірін келтіруді жөн санап отырмыз. «Атап айтқанда, адам баласының иманжүзділігі, өзінің ішкі жан дүниесінің тәрбиелілігі, сезімталдығы, ең бастысы, өзі киелі деп санаған тылсым әлемге сенуі (иманы) – қазақ баласының рухани кеңістігінің негізгі мазмұны. Себебі, жалпы адам мен қоғамның өмір сүру тәсілі, тіршіліктің тірегі мәдениет игіліктерін өндіруге, таратуға, тұтынуға бағытталған мақсатқа сәйкес іс-әрекеттерінің нәтижесінде адам өзінің рухани-мәдени деңгейін де көтереді. Осы әрекеттердің

қайнары, түрлі қозғаушы күші ретінде өмірдің мәні мен мағынасын іздеу, өмірдегі өз орнын табуға ұмтылу, шығармашылық талпыныс, ізгілік, т.б. мәселелер танылады (Манкеева, 2014: 282). Осымен байланысты қай ұлттың мәдениетін алсақ та, ондағы салт-дәстүр жүйесі ерекше назар аударарды. И.Г. Гердер атап көрсеткендей: «Салт-дәстүр – тіл мен мәдениет бастауларының анасы» (Гердер, 1977: 252). Бұл тұжырымға негіз болатын – салт-дәстүрге тән үш белгі: жалпыхалықтық сипат, тұрақтылық, ұрпақ сабақтастығы. Осы үш белгінің негізінде тұтасатын ұлт мәдениеті ұлттың болмысын айшықты айғақтайтыны Шығыс философиясында (Конфуций ілімінде, т.б.) ерекше аталады. Яғни, мәдениет өзінің кең мағынасында, мәдениеттанушылар анықтағандай, бір ұрпақтың келесі ұрпаққа жолдаған өмір сүру тәсілі болғандықтан, осы жалғастықты, мұрагерлікті жүзеге асыратын салт-дәстүрлер жүйесі мәдениет өзегін құрастырады да, «терең философиялық ойдың ғасырлар бойы жинақталған тәжірибенің сұрыпталған тұжырымы, негізгі нәрі, қысқа да көркем бейнесі» (Ақпанбет, 1993: 36).

Яғни, қазіргі кезде біздің елімізде де, жалпы ғылымда да өзекті болып отырған рухани мәдениеттің бастауы – Абай атамыз XIX ғасырда айтқан имандылық екен. Бұл сөзіміздің дәлелі ретінде Абай Құнанбайұлының «Иманы жоқтың ұяты жоқ» деген сөзі. Адам өміріндегі ізгілікке, адамгершілікке, жалпы гуманизмге қатысты іс-әрекетінің барлығы ұятқа келіп тіреледі.

II. ӨЗІН ТАНЫМАҚТЫҚ (АДАМТАНУ)

Абай атамыз адамның адамдығы осы ғылым, білімге деген махаббатпенен (Махаббат, ең алдымен, Абай атамыздың айтуынша, АЛЛАНЫҢ адамға деген махаббаты).

Енді біліңіздер, ей, перзенттер! Құдай тағаланың жолы деген жол Алла тағаланың өзіндей ниһаятсыз болады. Оның ниһаятына ешкім жетпейді. Бірақ сол жолға жүруді өзіне шарт қылып кім қадам басты, ол таза мұсылман, толық адам делінеді.

1. Адамның ғылымы, білімі хақиқатқа, растыққа құмар болып, әрнәрсенің түбін, хикметін білмекке ынтықтықпенен табылады. Ол – алланың ғылымы емес, һәмманы білетұғын ғылымға ынтықтық, өзі де адамға өзіндік ғылым береді. Оның үшін ол алланың өзіне ғашықтық. Ғылым – алланың бір сипаты, ол – хақиқат, оған ғашықтық өзі де хақдық һәм адамдық дүр.

2. Алла табарака уатағаланың пенделеріне салған жолы қайсы? Оны көбі білмейді. «Тәфаккару фиғла иллаһи» (арабша, тәңір туралы ойлану) деген хадис шарифтің (арабша, хадис, әңгіме) «инналаһу йухиббул муқситин» (арабша, Шынында да, Құдай әділ адамдарды сүйеді) деген аяттарға ешкімнің ықыласы, көңілі менен ғылымы жетіп құптағанын көргенім жоқ. «Әтәмурун әннәсә билбирри уәәхсәну инналаһу йухиббул муқсин» (арабша, адамдар жақсылық пен иманшылыққа табынады, соңынан ереді, өйткені Алла да жақсыны сүйеді), «уәлләзинә әмәну уәәмилиу салихати улайна асхабул жәннәти һәм фиһа халидун» (арабша, адал жүрушілердің және жақсылық жасаушылардың орны ұжмақта (жәннатта) және олар мәңгілік) деген аяттар құранның іші толған ғамалус-салих (арабша, жақсылық іс, игі іс) не екенін білмейміз.

3. Шәкірліктен (арабша, ризалық білдіруші, шүкіршілік айтушы) ғибадаттың бәрі туады. Енді зинһар (арабша, жақтаушы, қорғаушы) гадаләт, шапағаттан босанбаңдар. Егер босансаң, иман да, адамдық та һаммасы босанады. Алаяр софының бір фәрдадән жүз фәрда бижай (арабша, бір адамнан жүз адам қолайсыз жағдайда) дегені басыңа келеді.

4. Бірақ бұл жол (құдай жолы) – бек шетін, бек нәзік жол. Бұл жолда риясыз, жеңілдіксіз бір қарар тұрып іздеген ғана кісі істің кәмәлатына жетпек. Бұл заманда надир, бұған ғылымның да зоры, сиддиқ, қайраттың да зоры, махаббаттың халлақна да, уа халық ғаламға да бек зоры табылмақ керек. Бұлардың жиылмағы – қиынның қиыны, бәлки, фитнә болар.

5. Дүниеде ғылым заһири бар, олар айтылмыштарды жазылмыштар, оны нақлия деп те айтады. Бұл нақлияға жүйріктер ғалым атанады. Құдай тәбәрака уа тағала ешбір нәрсені себепсіз жаратпаған, мұны ізерлеп тәффақкару фи әла-иллаһи деген хадиске бинаән бұл сүнғати құдадан ізерлеп, құмар болып ғибратланушыларға тыю жоқ, бәлки, сүнғатынан себебін білмекке құмарлықтан саниғ ғашықтық шығады. Құдай тәбәраканың затына пендесінің ақылы жетпесе, дәл сондай ғашықпын демек те орынсыз. Ғашық-мағшұғлыққа халик бірлән махлұқ ортасы мунәсибәтсіз, алла тағаланың пендесін махаббат уа мархамат бірлән жаратқанын біліп, махаббатына махаббатпенен ғана елжіремекті құдаға ғашық болды дейміз. Олай болғанда хикмет құдаға пенде ат қойды. Бұлар хақ бірлән батылды айырмаққа, себептерін білмекке тырысқандарыменен һаммасы адам

баласының пайдасы үшін, ойын-күлкі түгіл, дүниедегі бүкіл ләззат бұларға екінші мәртабада қалып, бір ғана хақты таппақ, әрбір нәрсенің себебін таппақпенен ләззаттанады.

6. Құдай тағала дүниені кәмәлатты шеберлікпен жаратқан һәм адам баласын өссін-өссін деп жаратқан. Сол өсіп-өну жолындағы адамның талап қылып ізденер қарызды ісінің алды–әуелі дос көбейтпек. Ол досын көбейтпектің табылмағы өзінің өзгелерге қолыңнан келгенінше достық мақамында болмақ. Кімге достығың болса, достық шақырады. Ең аяғы ешкімге қас сағынбастық һәм өзіне өзгешелік беремін деп, өзін тілмен я қылықпен артық көрсетпек мақсатынан аулақ болмақ.

7. Бұлардың (өзін өзге адамнан артық санау, мақтаншақтық, надандық, еріншектік, залымдық) емі, халлақына махаббат, халық ғаламға шапқат, қайратты, тұрлаулы, гадаләт ісінің алды-артын байқарлық білімі, ғылымы болсын... Ол білім, ғылымы құдаға мұқтәди болсын. Ғылым әуелі ғалами ғылымға мұқтәди болсын. Яғни құдай тағала бұл ғаламды жаратты, ерінбеді, келісімменен, хикметпенен кәмәлатты бір жолға салып жасады, сіздердің ісіңіз де бір жақсылық бина қылып, арқа сүйерлік шеберлікпенен болсын. Және құдай тағала әрне жаратты, бір түрлі пайдалы хикметі бар. Сенің де ісіңнен бір зарар шығып кеткендей болмай, көпке пайда боларлық бір үміті бар іс болсын. Бұларсыз іс іс емес. Бәлки, бұларсыз тағат тағат та емес.

Белгілі, құдай тағала ешбір нәрсені хикметсіз жаратпады, ешбір нәрсеге хикметсіз тәклиф қылмады. Бәрінің хикметі бар, бәрінің себебі бар, біздің ғауам былай тұрсын, ғылымға махаббаты барларға себеп, парыздарды білмекке ижтиһад ләзім, сіздер әрбір ғамал қылсаңыз ізгілік деп қыласыз, ізгілікке бола қасд етіп, ниет етесіз.

Аллатану мен адамтанудың түйінін ақын Абай Құнанбайұлының мына өлеңінен көруге болады:

Адам – бір боқ көтерген боқтың қабы,
Боқтан сасық боласың өлсең тағы.
Мені мен сен тең бе деп мақтанасың,
Білімсіздік белгісі – ол баяғы.
Кеше бала ең, келдің гой талай жасқа,
Көз жетті бір қалыпта тұра алмасқа.
Адамды сүй, алланың хикметін сез,
Не қызық бар өмірде онан басқа?!

XX ғасырдың соңынан бері қарай өнер мен гуманитарлық ғылым саласы антропоцентристік бағытта дамып келеді. Бұл жерде, адамтану деп, Абай Құнанбайұлы, негізінен, әркімнің өзін-өзі

тануы керек, өзін жақсылыққа тәрбиелеу керек, яғни жүректі таза ұстау керектігін XIX ғасырдың соңында-ақ бұл мәселені көтеріп, шешімін айтып берген екен.

*Сенбе жұртқа тұрса да қанша мақтап,
Әуре етеді ішіне қулық сақтап.
Өзіңе сен, өзіңді алып шығар*

Еңбегің мен ақылың екі жақтап, – дейді данышпан Абай атамыз. Яғни бұл сөз, өзіңе сенім арту керек екендігін түсінікті айтып отыр.

XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдан бастап, гуманитарлық ғылым саласында адамтануға көп көңіл бөлінуде. Негізгі адамтану – философиялық категория. Жаңа айтқанымыздай, гуманитарлық ғылым саласы, оның ішінде, әдебиеттану, тіл білімі, тарих, т.б. ғылымдар ғылыми тұжырымдарын бұрынғыдай ғылымның құрылымдық парадигмасынан гөрі, антропоцентристік парадигмада қарастыра бастады. Ал Хакім Абай Құнанбайұлы Алланы танумен қатар, адамтануды да сол XIX ғасырдың соңында айтып қойған. Ал енді Абай Құнанбайұлы мен философ-ғалымдардың көзқарасын келтірсек: «Философияның басты нысаны – адам. Нағыз философия адам танумен, адам жұмбағын шешумен айналысады. «Адам деген – құпия сыр, – деп жазады көрнекті орыс ойшыл-жазушысы Ф.М. Достоевский, – бұл құпияны ашу керек... Мен бұл құпияның сырын ашуға тырысамын...». Неміс философы Канттың пікірінше, философияның негізгі міндеті – адамға адам болып өмір сүруді үйрету, адамның дүниедегі орнын көрсету. И. Канттың адам туралы ілімінің – антропологиясының бір сұрағы – «Мен неге үміт арта аламын?». Оған ол: «Бәріне де, тіпті Құдайға да үміт артуға болады. Бірақ түбінде бәрі адамның өзіне келіп тіреледі», – деп жауап береді. Яғни, бұл тақырып Абай ілімінің әлемдік философиямен ұштасып жатқандығының бір көрінісі: Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап, Әуре етеді ішіне қулық сақтап. Өзіңе сен, өзіңді алып шығар, Еңбегің мен ақылың екі жақтап. Абай даналыққа, даналықты жеткізетін сөзге, іске, мінез-құлыққа ерекше мән береді. Абай даналықты танып, бағалайды. Абай іліміндегі даналық – теориялық топшылау емес, адам болып өмір сүру тәсілі. Даналықтың түйіні, нақты көрінісі – түсінік. Адамға қатысты нәрселердің бәрін Абай терең түсінеді. Абай ілімінде адам туралы, «адамның кейбір кездері» туралы, дүние, өмір, ар-ұят, жақсы-жаман қылықтар, махаббат, достық, білім-ғылым туралы

таңғажайып түсінік бар. ... Философияның көздейтіні – адам. Ал адамды танып қою аз, түсіну керек. Абай сөздеріндегі түсінік өмірден, тарихтан, адамдардың сөзін, ісін, мінез-құлқын, қарым-қатынасын көріп-біліп, пайымдап, ой елегінен өткізуден туған. Абайда толық адам туралы жан-жақты ойластырылған ілім бар, – дейді» (Рысқалиев, 2020).

Яғни, Абай Құнанбайұлы адамтану ғылымы бойынша белгілі бір ілімнің негізін салған. Ол ілім – «толық адам» ілімі.

III. ДҮНИЕНІ ТАНЫМАҚТЫҚ

Дүниенің ғылымын білмей қалмақтық – бір үлкен зарарлы надандық, ол құранда сөгілген;

Пайғамбарымыз салаллаһуғалайһиуәссәлләм «ақыр заманда бір жылдық бір күн болар» дегенде сахаба-и кәрәмлар (арабша, Мұхаммед пайғамбардың қадірлі әріптестері – Мұхаммед Пайғамбарды қолдаушы сахабалары, қадірлі, сүйікті, рухани әріптестері) «бұл бір жылдық бір күнде намаз нешеу болар» деп сұрағанда: оның патуасын сол заманның ғалымдары білер деген сөзінен ғибратланып қарасаң, замана өзгеруімен қағидалар өзгерілмегін білдіргені мағлұм болады.

Яғни, бұл дүниенің ғалымдарына да ерекше назар аударылған.

1. Пенделіктің *камалаты* әулиелікпен болатұғын болса, күллі адам тәркі дүние болып һу деп *тариқатқа* (арабша, діни ағым, дін жолы) кірсе, дүние ойран болса керек. Бұлай болғанда малды кім бағады, дұшпанды кім тоқтатады, киімді кім тоқиды, астықты кім егеді, дүниедегі алланың пенделері үшін жаратқан қазыналарын кім іздейді? *Хәрами* (арабша, арам нәрсе), *макруһи* (арабша, жиренішті, жаман. Діни ұғым бойынша жасауға болмайтын іс, әбүйірсіз іс) былай тұрсын, Құдай тағаланың қуатыменен, *ижтиһад* ақылыменен тауып, рахатын көрмегіне бола жаратқан, берген *нигметтеріне* (арабша, жақсы өмір, байлық, (Алланың) берген бақыты, рақметі), онан көрмек *хұзурға* (арабша, көркею, даму, мәдениеттілік, рахатшылық) суық көзбен қарап, ескерусіз тастап кетпек ақылға, әдепке, ынсапқа дұрыс па?

Сахиб нигметке (арабша, байлық, дәулет иесі. Бұл жерде «Құдайдың бергені» деген мағынада) шүкіршілігің жоқ болса, әдепсіздікпенен күнәкәр болмайсың ба?

2. Бұл хакімдер ұйқы, тыныштық, әуесқызықтың бәрін қойып, адам баласына пайдалы іс шығармақлығына, яғни электрияны тауып,

аспаннан жайды бұрып алып, дүниенің бір шетінен қазір жауап алып тұрып, от пен суға қайласын тауып, мың адам қыла алмастай қызметтер істегіп қойып тұрғандығы, уахсусан (арабша, әсіресе, ерекше) адам баласының ақыл-пікірін ұстартып, хақ пенен батылдықты айырмқты үйреткендігі – баршасы нафиғлық (арабша, пайдалы, өнегелі іс) болған соң, біздің оларға міндеткерлігімізге дау жоқ.

3. Біз ғылымды сатып, мал іздемек емеспіз. Мал бірлән ғылым кәсіп қылмақпыз.

Осы ретпен Абай Құнанбайұлы ғылым мен білімнің үш саласын (Аллатану, адамтану, дүниетану) көрсетіп, анықтап береді.

Осы «Абай туралы философиялық трактат» атты еңбегінде академик Ғ. Есім мынадай тұжырым жасайды: «...Адамды жақсы кісі атандыратын үш мәселеге қысқаша тоқталайық, – дейді де, ары қарай – Алла тағаланы танымақтық туралы. Алланы тану оның кереметтерін тану, оны Жаратушы деп түсіну, мойындау. Жаратушыны танып-білуде тура жол жоқ, оны біз тек қана өз құдіретімен жаратқандары арқылы білмекпіз. Жаратушы не жаратты? Бар болмыстың бәрі Жаратушының қызметтері, яғни Жаратушыны тану деген сөз бүкіл жаратылысты тануға талпыныс. Біз ғылымдар типологиясын жасағанда жаратылыстану ғылымдары деп – физика, биология, химия, т.б. айта бастаймыз. Бұл ғылымдардың бәрі жаратылыс құбылыстарын, заңдылықтарын зерттейді. Сондықтан жаратушы идеясын мойындаған адамның жаратылысты тану арқылы Алланы танымақтығы айқын болады. Бұл Алла тағаланы танымаққа бастайтын жол, ғылым жолы.

Адамның «өзін танымақ» дегенге келсек, бұл проблема төңірегінде психология, философия ғылымдарында көптеген теория, концепциялар бар. Адам өзін қалай танымақ, әрине өзгелер арқылы, демек бұл адамтану ілімінің өзекті саласы. Орыс тілінде өзін танымақты «самопознание» дейді. Бұл арнайы білім саласы.

«Дүниені танымақ» – деген мәселе дүниетаным деген ұғымды білдіреді. Философияның басты қызметінің бірі осы дүниетаным. Абай оны өлеңдерінде «дүние көркі» деп те атайды. Дүниенің көркін сезіну, білу, тану адамның өзіне нұр, көрік беретін қуат. Абай айтқан адамның асыл қасиеттерінің бірі – нұрлы ақыл да осыдан шықпақ. Ақылдың нұрлы болуы мақсатында атқарылатын іс – дүниені танымақтық» (Есім, 2004: 48-50). Яғни, Аллатану дегеніміз – жаратылыстану ғылымдары, Адамтану дегеніміз

– Өзін-өзі тану (самопознание), ал Дүниетану дегеніміз – философия ғылымы депті. Әрине бұл да бір көзқарас, пікір.

Біздің ойымызша, Аллатану дегеніміз – рухани дүние, яғни иманды болу, иман бар жерде ұят бар деген қағиданы ұстану. Имани гүлді жан-жақты түсіну. Ал адамтану дегеніміз – өнер мен гуманитарлық және медицина ғылымдары, адамның адамгершілік, ізгілік жолын анықтауы, сонымен қатар адамның жаны мен тәнін тану. Дүниетану дегеніміз – қоршаған ортаны, яғни ғаламды тану. Бұл жаратылыстану ғылымдары айналысатын мәселе. Әрине, бұл шартты бөлініс. Субъективті пікір. Абай Құнанбайұлының ғылымды түсіндіруі, біз үшін, осы үш негізде қарастырып, өз өмірімізде Толық адам болуға ұмтылуымыз керек. Ол үшін, ең алдымен, иманымыз кәміл болып, жүрегіміз таза болу. Қайратымыз бен ақылымызды таза жүрегімізге бағындыру. Ол үшін ғылым төреші екенін есте ұстау керек екендігі анық.

Жалпы алғанда, құран мен ғылымның арақатынасы өте тығыз екені белгілі. Кез келген ғылыми жаңалықты алып қарасақ, оның құранда бар екенін ғалымдар дәлелдеп көрсетуде.

Бұл тараптан алғанда, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының бұрынғы бас муфтиі, профессор Әбсаттар қажы Дербісәлі өзінің «Ғылым және дін» атты ғылыми еңбегінде ғылым мен құран туралы өз ойын былай сабақтайды: «Кейінгі ғасырларда ашылып жатқан көптеген ғылыми жетістіктердің Құран Кәрімде осыдан он төрт ғасыр бұрын яғни микроскоптан, телескоптан мақұрым ғасырда қорытынды түрде дөп басып айтылуы бұл күнде батыс, шығыс ғалымдарын таң қалдырып, бас идірген. Бұл Құранды с.ғ.у пайғамбар жазбағанын, Алла тарапынан жіберілген иллаһи кітап екендігін айқын білдіреді», ал «Абайтанудың алғашқы дәрістері» атты еңбектің авторы Н. Махан «Ал Құран мұны он төрт ғасыр бұрын былай деп көрсеткен: «Жерден өсіп-өнетін барлық өсімдіктерді, өздеріңді және сендердің білмейтін нәрселеріңді жұп-жұп қып жаратқан Алла қандай пәк» («Ясин» сүресі, 36-аят) немесе зерттеушілердің теңіздің ерекше қасиетіне байланысты соңғы ғасырда ашқан жаңалықтарының бірі Құранның «Рахман» сүресінде былайша баяндалады: «Алла тағала екі теңіз ағызды, олар бір-бірімен қабысады, бірақ араларында перде болғандықтан бір-бірімен араласпайды» («Рахман» сүресі, 19-20-аяттар)» (Махан, 2015: 215-216).



Сонымен Абай Құнанбайұлының шығармалары бойынша ғылымның салалары Аллатану, Адамтану, Дүниетану деп аталатын үш топқа бөлінген. Онда алдымен Аллаға иман келтіру арқылы, біз рухани дәулет жинаймыз, одан кейін өзімізді тану жолында Аллаға ұқсас боламын деп, талпынып, «Толық адам» ілімін меңгеруіміз керек, соңында, өзімізді қоршаған ортаны тану арқылы Алланың жаратқан ғаламын зерттеуіміз керек екен.

Енді орыс тілін жетік меңгеріп, орыс әдебиетімен жақсы таныс Абай Құнанбайұлы орыстардың европоцентристік бағытта екендігін жан-жақты зерделеп, сол кездегі қазақ қоғамы үшін ғылым мен білімді орыстар арқылы үйрену керек екендігіне еш шүбә келтірмейді. Яғни, орыс тілі, орыс ғылымы арқылы қазақтарға әлемнің есігі ашылатынын айтады. Бұл туралы Абай Құнанбайұлы жиырма бесінші қара сөзінде айтады:

«Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста тұр. Зарарынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек. Оның себебі олар дүниенің тілін білді, мұндай болды. Сен оның тілін білсең, көкірек көзің ашылады. Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі оныменен бірдейлік дағуасына кіреді, аса арсыздана жалынбайды. Орыстың ғылымы, өнері – дүниенің кілті, оны білгенге дүние арзанырақ түседі». Бұл пікірден көріп отырғанымыздай, тек орыстың ғана емес, әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі онымен бірдей болатынын айтады. Алаш көсемі Әлихан Бөкейханның Абай Құнанбайұлына арнаған мақаласында Абай атамыздың жеті тіл білгенін айтады.

Ғылым мен білімнің нәтижесі. Ғылым мен білімнің нәтижелері туралы Абай Құнанбайұлының қырық үшінші қара сөзінде келтіріледі: «Ақыл, ғылым – бұлар кәсиби. Көзбенен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстап, тілмен татып, мұрынмен иіскеп, тыстағы дүниеден хабар алады. Ол хабарлардың ұнамдысы ұнамды қалпыменен, ұнамсызы ұнамсыз қалпыменен, әрнешік өз суретіменен көңілге түседі. Ол көңілге түсіруші бағанағы бес нәрседен өткен соң, оларды жайғастырып көңілде суреттемек. Ол – жанның жибилі қуаты дүр. Бір ұмытпастық жақсы нәрседен көңілге жақсы әсер хасил болып, жаман нәрседен көңілге жаман әсер хасил болу секілді нәрселер. Бұл қуаттар әуелде кішкене ғана болады. Ескеріп баққан адам ұлқейтіп, ұлғайтып, ол қуаттардың

қуатын зорайтады. Ескерусіз қалса, ол қуаттың қайсысы болса да жоғалады, тіпті жоғалмаса да, аз-мәз нәрсе болмаса, үлкен ешнәрсеге жарамайтын болады.

Кімде-кім сырттан естіп білу, көріп білу секілді нәрселерді көбейтіп алса, ол – көп жиғаны бар адам: сынап, орындысын, орынсызын – бәрін де бағанағы жиған нәрселерінен есеп қылып, қарап табады. Бұлай етіп бұл харекетке түсінген адамды ақылды дейміз».

Ғылым мен білімді меңгерген адам әділетке қол жеткізеді. Яғни Ғадалатқа жету дегеніміз, өз өміріңе жауапкершілікпен қарап, не нәрсені де адамгершілікпен шешу. Яғни Абай Құнанбайұлы шығармаларының негізгі концепциясы **«ТОЛЫҚ АДАМ»** болу, ол Он жетінші қара сөздегі қайрат, ақыл, жүрек үшеуінің ғылымға келіп жүгінуі, бұл жерде адамның өз өміріне, өзіне өзі қожалық етуіне келіп тіреледі екен, яғни рухани тәуелсіздікке қол жеткізеді. Енді осы Он жетінші сөзді түгел келтіргіміз келіп отыр. Бұл жерде негізгі концепция ашылып, ғылымның нағыз мақсатына жетуі туралы айтылған:

Осы Он жетінші сөзді Абай Құнанбайұлы «Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек» өлеңінде кестелі сөзбен былай өрнектеген:

*Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек,
Жылытқан тұлға бойды ыстық жүрек.
Тоқтаулылық, қалыпты, шыдамдылық,
Бұл – қайраттан шығады, білсең керек.
Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек.
Жеке-жеке біреуі жарытпайды,
Жол да жоқ жарыместі жақсы демек.
Ақыл да, ашу да жоқ, күлкі де жоқ,
Тулап, қайнап бір жүрек қылады әлек.
Біреуінің күні жоқ біреуінсіз,
Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек.*

Немесе «Малға достың мұңы жоқ малдан басқа» деп басталатын өлеңінің соңғы шумағын қарап көрейік:

*Осыны оқып, ойлай бер, болсаң зерек.
Еңбекті сат, ар сатып неге керек?
Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті:
Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек.*

Профессор Т. Рысқалиевтің пікірі бойынша: «Адам қалай толық, жетілген тұлға болады? Абайдың жауабы қысқа, қысқа болса да нұсқа: «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, сонда толық боласың елден бөлек», – дейді. Тағы бір жерде:

«Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: нұрлы ақыл, ыстық қайрат, жылы жүрек», – деп өз ойын нақтылай түседі. Адамның басқа қасиеттері осыдан шығады. «Адамзатқа не керек? Сүймек, сезбек, күйінбек, харекет қылмақ, жүтірмек. Ақылмен ойлап сөйлемек», – деп, Абай ақыл, қайрат, жүректің қалай іске асатынын көрсетеді. Батыс философиясында ақыл туралы көп айтылады. Қайратқа, практикалық ақылға, дүниені өзгертуге көп мән беріледі. Бірақ классикалық, ғылыми философияда жүрек туралы сөз болмайды. Тек бір тамаша ойшыл Блез Паскаль таным құралдарының қатарына ақыл, парасатпен бірге жүректі қосады. «Біз ақиқатты ақыл арқылы ғана емес, жүрек арқылы да тани аламыз», – деп жазады. Жүрек нені тани алады? Сыртқы дүниені ме? Жоқ. Адам өмірінің қырлары мен сырларын. Абайдың даналығын, тереңдігін адам өміріндегі жүректің ерекше рөлін ашып көрсетуінен аңғаруға болады. Бұл арада біз тағы да Абаймен бірге әлемдік философия деңгейіне шыға аламыз. Абайда даналық деген атына сай келетін нағыз философия бар екендігіне тағы да куә боламыз. Бір ғажабы – Абай ақылды, қайратты жүрекке бағындырып қояды. Бұлар «өзімбілемдікке», «әлімжеттікке» салынып, көп нәрсені бүлдіруі мүмкін. Адам өмірінде бәрі жүректің әмірімен, қалауымен болады дейді. Құдайды қалайтын – жүрек. Адамды адамға қосатын – жүрек. Махаббат та, достық та – жүректің қалауы. «Әділет, ынсап, ұят, рақым, мейірбаншылық» – бәрі де жүректен шығады (он жетінші сөз). «Достық, қастық, бар қызық – жүрек ісі. Ар-ұяттың бір ақыл күзетшісі» – деген де Абай. Абай ақылдың жайын терең түсінеді. Ақылды адам сөзге ден қояды, сөзді ұғады. Ақылсыз адам, керісінше, «сөзге ынтасыз» болып

келеді. «Қарны тоқ, қаса надан ұқпас сөзді, Сөзді ұғар, көкірегі болса көзді...» – дейді» (Рысқалиев, 2020).

«Ұлттық мәдениетті дамытуда материалдық және рухани мәдениеттің сабақтастығын ұлттың мәңгі негіздері мен көздері ретінде дамыту, батысқа көзсіз еліктеуге байланысты туындаған мәселелер, т.б. қазіргі қазақ қоғамындағы ұлт мәдениетін қалыптастыруға қатысты дінге де назар аударудың қажеттілігін көрсетіп отыр. Әрине, толық өркениетті елдің бірден-бір критеріі дін бола алмайды (Манкеева, 2014: 282). Дегенмен, «Батыс адамы дүниемен, табиғатпен, өзі сияқты басқалармен күресуде. Шығыс адамындағы күрес пафосы – керісінше; ол өзімен-өзі, өзіндегі толымсызбен күреседі» (Хамидов, 1993), – деген сияқты тұжырымдар негізсіз емес.

Сонымен, нәтижеге де келіп жеттік. Яғни, ғылым мен білімді меңгерген адам «Толық адам» болады екен.

Сонымен, мақаламызды қорытындылай келе айтарымыз, ғұлама, ойшыл, ақын, ағартушы, ұлттық әдеби тілдің негізін қалаушы, аудармашы, композитор ретінде ел тарихында өшпес із қалдырған және өлеңдері мен қара сөздерінде ұлт болмысы, бітімі, тұрмысы, тіршілігі, дүниетанымы, мінезі, жаны, діні, ділі, тілі, рухы көрініс тапқан Абай Құнанбайұлының еңбектерінде ғылым мен білімнің алар орны ерекше. Біз мақаламызды Абай Құнанбайұлының еңбектері бойынша ғылымның салалары және ғылым мен білім нәтижесі деген мәселелерге тоқтап, олардың ерекшеліктерін Абай Құнанбайұлының Қара сөздері мен өлеңдерінде жинақталып, тұжырымдалған ой-пікірлер бойынша түсіндіруге тырыстық.

Әдебиеттер

1. Бөкейхан Әлихан. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. 2012 // <https://abai.kz/post/12396>
2. Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзал-Ай, 2013. – 640 б.
3. Манкеева Ж. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзал-Ай, 2014. – 640 б.
4. Гердер И.Г. Идеи к философии истории человечества. – М., 1977.
5. Ақпанбет Ғ. Қазақтың дүниетанымы. – Алматы, 1993.
6. Рысқалиев Т. Абай жолымен жүрген ел озады. 2020 // https://www.inform.kz/kz/abay-zholymen-zhurgen-el-ozady-tilekzhan-ryskaliev_a3606402
7. Есім Ғ. Абай туралы философиялық трактат. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 83 б.
8. Махан Н. Абайтанудың алғашқы дәрістері. – Алматы: «Азият», 2015. – 224 б.
9. Хамидов А. Шығыс және Батыс: дүниелік қатынас және дүниетаным // Шаһар. – 1993. – №1.



References

1. Bókeihan Álihan. Abai (Ibrahim) Qunanbauly // <https://abai.kz/post/12396>
2. Baitursynuly A. Qazaq til biliminiń máseleleri. – Almaty: Abzal-Aı, 2013. – 640 b.
3. Mankeeva J. Qazaq til biliminiń máseleleri. – Almaty: Abzal-Aı, 2014. – 640 b.
4. Gerder I.G. Idei k filosofıı istorıı chelovechestva. – M., 1977.
5. Aqpanbet Ğ. Qazaqtıń dúnietanymy. – Almaty, 1993.
6. Rysqaliev T. Abai joly men júrgen el ozady. – https://www.inform.kz/kz/abay-zholymen-zhurgen-el-ozady-tilekzhan-ryskaliev_a3606402
7. Esim Ğ. Abai týraly filosofıalyq traktat. – Almaty: Qazaq ıńiversiteti, 2004. – 83 b.
8. Mahan N. Abaitanıdyń alǵashqy dáristeri. – Almaty: «Azıat», 2015. – 224 b.
9. Hamıdov A. Shygys jáne Batys: dúnielik qatynas jáne dúnietanym // Shahar. – 1993. – №1.

Сарекенова К.К.

Евразийский национальный университет
им. Л.Н. Гумилева
г. Нур-Султан, Казахстан
e-mail: sareke.kk@gmail.com

АБАЙ КУНАНБАЕВ О ЗНАЧЕНИИ НАУКИ

В статье рассматриваются направления науки и вопросы образования в творчестве великого казахского поэта Абая Кунанбаева и его результаты. В статье рассматривается отношение великого казахского поэта Абая Кунанбаева к различным направлениям науки и образования и результатам их применения. Согласно трудам Абая Кунанбаева, отрасли науки делятся на три группы: «Аллатану, Адамтану, Дүниетану». Абай учит, что мы должны сначала обрести духовное богатство, веруя в Бога, затем стремиться быть подобными Богу в нашем самопознании, овладеть доктриной «Совершенного человека» и, наконец, узнав себя, исследовать Вселенную, созданную Богом. В статье отмечается актуальность выводов о науке и образовании, сделанные великим Абаем, и на современном этапе развития общества. Вопросы науки и образования занимают особое место в творчестве Абая Кунанбаева, отражая бытие, жизнь, мировоззрение, характер, душу, религию, менталитет, язык, дух народа.

Ключевые слова: казах, Абай Кунанбаев, Слова наизидания, поэзия, образование, наука, значение слова.

Sarekenova K.K.

L.N. Gumilyov Eurasian
National University
Nur-Sultan, Kazakhstan
e-mail: sareke.kk@gmail.com

BRANCHES OF SCIENCE IN THE WORKS OF ABAY KUNANBAYULY

